

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2013 АҚПАН

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында	
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ.	«Мұңлық-Зарлық» – балаларға арналған ертегі-қисса.....3
Гәкку АБЫЛҚАСЫМОВА.	Символизмнің ағымдық, танымдық сипаттары.....13
Көкейкесті көзқарас	
Нұрша ОРАЗАХЫНОВА.	Функциональдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары.....18
Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ.	Дарынды оқушыны дамыту – ұстаз парызы.....24
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Құрмангүл БАЯХМЕТОВА.	Шешенге қойылатын талаптар.....28
Салтанат АЛДАБЕКОВА.	Жақты сөйлем.....35
Әскербек ДҮЙСЕНБАЕВ.	Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....39
Айжан ДУЛАТОВА.	Антонимдер.....44

Жанна АЙРАНБАЙ.	«Әнші» әңгімесі.....	48
Аякөз МҰХАНОВА.	«Қобыланды батыр» жырын блок-модуль жүйесімен оқыту.....	57
Нұрлыбек МҰҚАНҒАЛИЕВ.	Мұхтар Шаханов. «Отырар».....	61
Бибігүл БАТЫРОВА.	«Шокпардай кекілі бар қамыс құлақ».....	67
Мейрамкүл БАЙЖІГІТОВА.	Бердібек Сокпақбаев.	
	«Менің атым – Қожа».....	72
Гүлназ НҰРМАНОВА.	«Қамар сұлу» романы.....	77
Жұлдыз ЕҢСЕБАЕВА.	Ыбырайдың «Өзен» өлені.....	80
Авторлық бағдарлама		
Роза ҚҰЛБАЕВА.	«Бердібектану» курсы.....	85
Оқулыққа қосымша		
Рахат САЙЛАУБЕКҚЫЗЫ.	Жанәк ақын шығармаларындағы сатира.....	87
Гүлдарига КЕНЖЕБАЕВА.	«Сатылай кешенді талдау» технологиясының негізі – ұлт ағартушылары еңбектерінде.....	91
Рахия ЖАНЗАҚОВА.	6-сыныпқа арналған жұмыс дәптері.....	97
Миршат ЕЛУБАЕВА.	Тәрбие тағылымы – Шал ақын мұраларында.....	102
Өнеге сағаты		
Ақжарқын ӨМІРБАЕВА.	Қазақ прозасының Қызыл жебесі.....	104
Ғасыр ақыны		
Ардақ ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ.	Мұқағалидың бағы мен соры.....	108
Анар ТӨЛЕУОВА.	«Әркімнің де өлеңге бар таласы».....	110
Самал ӘБІЖАНОВА.	Мұқағали жырларындағы фразеологизмдер.....	114
Анаркүл БҰХАРОВА.	«Бүгін менің туған күнім...».....	116
Рашида САЛАМАТОВА.	«Барлығы да сендердікі», «Мен таулықпын».....	121
Жас маманға жәрдем		
Гүлбану ҚОРАБАЕВА.	Пікірталас мәдениеті. Күнікей бейнесіне талдау.....	125
Күләш МҰРСӘЛІМОВА.	Сұлтанмахмұт пен «Мен – қазақ».....	129
Меруерт ӘУБӘКІРҚЫЗЫ.	Шылау сөздер.....	133
Тұрсын ШҮКІРБЕК.	«Көксерек» әңгімесінің әлемі.....	135
Гүлмира НҰРАХМЕТОВА.	Сөз тіркесінен өткенді қайталау.....	138
Махаббат БАЗАРБАЕВА.	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры.....	141

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің профессоры.

«МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ» – БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРТЕГІ-ҚИССА

Көне эпос туралы «Эпикалық жырлар – фольклор жанрының мол саласы. Сан ғасырдың сыр-сипатын сіңірген эстетикалық көркемдігі келісті шығармалар – халқымыздың рухани өмірінде ерекше орын алатын асыл мұра. Ұзақ даму жолдарынан өткен эпостық жырлар ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен байланыста дамыды.

Фольклортану ғылымында эпикалық жырларды жанрлық-стадиалық белгілеріне қарай көне эпос, батырлық эпос, ғашықтық эпос деп топқа бөліп қарастыру тұрақтанған. Эпикалық аңыздаулардың ең ежелгі арнасы – көне эпос. Бұған жатқызылып жүрген шығармаларға «Құламерген», «Жоямерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Ақ Көбек», «Шолпан мерген», «Мұңлық-Зарлық», т.б. жырлар енеді...» деп жоғары оқу орындарының білімгерлеріне арналған оқу құралын құрастырушылар жазды (*Көне эпос (оқу құралы). Құрастырған, алғы сөзі және түсініктемелерін жазғандар: З.Сейітжанұлы, П.Бисенбаев, Ә.Құдияров. А., «Қазақ университеті» баспасы, 2003 жыл, 3-бет*).

«Мұңлық-Зарлық» эпостық жырының балалардың қызығып оқитын жырына айналғаны – шындық. Эпостық жыр балаларға арналған ертегі желісімен шығарылған. Мұңлық пен Зарлықтың басынан кешкен оқиғалары өзге

елдердің эпостық шығармаларына қарағанда өте қызықты оқылады. «Мұңлық-Зарлық» жырында да барлық жамандық мыстан кемпір арқылы іске асады. Бұл арада айта кететін бір жай: таудағы екі баланы (Мұңлық пен Зарлықты) киік «асырайды». Сонымен бірге әке мен баланы кездестіруге кәміл пірлер киік кейпіне түсіп себепкер болады. Мұның түп-төркіні көне түсінік – тотемдік ұғымдарға қарай тамыр тартады...» деп жазылған «Көне эпос» деп аталатын аталмыш кітапта (5-бет).

«Мұңлық-Зарлық» эпостық жырында Қызыр Ілияс, Ғайып ерен қырық шілтен «Егіз туылған ұлға Зарлық, қызға Мұңлық деп ат қой» деп кеңес береді. «Мұңлық-Зарлықта» кәміл пірлер мен Қызыр пайғамбар, Ғайып ерен қырық шілтеннің жырда айтылуына қарағанда бұл көне эпос заманның өзгеруімен айтушылар, жыршы-жыраулар, ертекшілер мен қиссашылар тарапынан өзгерістерге ұшырағанға ұқсайды. Ислам дәуіріне дейінгі балалар әдебиетінде жалғыз көзді дәу, дию, жеті басты аждаһар, жезтырнақ, т.б. кейіпкерлер ғана болған. Ал Пайғамбарлар, Ғайып ерен қырық шілтен, басқа да исламдық діни ұғымға байланысты пайда болған кейіпкерлер Ислам дәуіріндегі балалар әдебиетінде ғана көрініс беретіні – шындық. «Мұңлық-Зарлық» эпостық жырында кейіпкерлер кейде Тәңірге, кейде Аллаға сыйынады. Бұл – Ислам дәуірінде жасаған айтушылардан қалған мұра. Жыр – исламдық идеология орнамаған кезде пайда болған ауыз әдебиеті үлгілерінің біріне жататын көне заман эпостарының бірі. Ал исламдық құндылықтардың ендірілуі қиссаны айтушылар мен жазып алып баспаға дайындағандардың тарапынан болған. Жырда Зарлық құландарды атып, Мұңлыққа алып келеді. Егіз бала тапқан Қаншайымды дұшпандары жолбарыс, бөрі, қабыланы көп жеті қабат аралға апарып тастайды. Ит адаммен дос болады,

Қаншайымды иттің екі күшігі асырайды.

Белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев «Мұңлық-Зарлық» эпостық жыры туралы былай деп жазады: «Қазақтың бұл классикалық аңызын да сол Жүсіпбек қожа жырлаған. Ол революциядан (1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісін айтады. М.Ә.) бұрын Қазанда, 1967 жылы бізде қайта басылды. Мұны қазақтың ертегілік эпосының әрі көркем, әрі кенжесінің бірі дейміз. Аңыз Х ғасырда Сыр бойында, оғыз-қыпшақ ұлысы кезінде туған. Мұндағы Шаншар хан 956 жылы Жент қаласында Ислам дінін қабылдайтын Санжар болуға тиіс. Жырда Ислам жайы әңгіме болмайды. Ұғымдар, оқиғалар ескі замандарға кетеді. Құралай-Қарадәу оқиғасы аналық қоғам салтын сынаудан туған. Мыстанның зорлығына ұшырап, тауда киік сүтін еміп өсетін екі жетім Мұңлық пен Зарлық аңызы, тіпті, ерте заманды мегзейді. Алтай түркілерінің атасы делінетін Бөрте-Шинді қасқыр асырайды. Қазақ батыры Зарлық киік сүтін еміп жетіледі. Бұл аңыз жер жүзі мифологиясынан қалыспайды. Аңыз Сырда туған. Аңыздың Сыр бойында туғанын ондағы жер-су, адам аттары дәлелдейді. Хазар аралында (Арал теңізі) балық аулап күн көретін Жаудыр осы күнгі түркімен тайпаларының бірі делінеді. Түркімендердің ертеде Сырда тұруы бар. Жырдың негізгі мәні балықшы шалдың Қаншайым сияқты ақылды қыз, одан Зарлық, Мұңлық сияқты жетімдер туғызып, солардың әділ ісін жақтауда ғана емес, сонымен бірге Шаншар, Дотан сияқты адамдардың саяси бірлік жасаудағы әрекетінің көп қиыншылықпен байланысты болғанын айту болса керек. Тұқымсыздық бір ғана отбасының драмасы емес, заман проблемасын да білдірмек. Сол үшін жыр Шаншар хан, оның балалары тағдырын ғажап драматизмге құрған» (*Қазақ эпосы және түркология. А., «Ғылым», 1987, 125, 126-беттер*).

«Мұңлық-Зарлық» қиссасының идеясы – адамгершілікті қорғау. Анасының бауырынан алысқа апарып тасталған егіз ұл мен қыз туралы баяндалатын қиссаның

«Ақыретте сауап жоқ,

Айтатұғын жауап жоқ

Жетім-жесір заріпті

Кемсініп біреу қорласа...» деп басталуы қиссаның үлкен мәселені қамтитынын сездіріп тұр. Ұл балаға зар болып жүрген Шаншар ханның Қаншайымға үйленуі, оның егіз ұл мен қыз табуы, Шаншар ханның алпыс әйелінің ұл мен қызды қызғанып, Қаншайымды «екі күшік туды» деп аң аулап жүрген Шаншар ханға жамандауы, ұл мен қызды мыстан кемпірдің алысқа апарып тастауы, Зарлықтың Күлмес ханға жолығуы, Қара дәумен шайқасы, Зарлықтың патша болуы өте қызғылықты баяндалады.

Ежелгі дәуірлерде пайда болған қиссада мыстан кемпір адамның қас жауы ретінде сипатталады. Мыстан кемпірде баланы аяушылық сезімі жоқ, ол – қатыгез, зұлым.

Қиссаның

«Ақсұңқар құс шырмалар,

Саятшы алдын торласа.

Ақбөкен келіп жығылар,

Алдын қазып орласа...» деп басталуында адамгершілік идеясы бой көрсетеді.

Қиссаның басталуында жыршы адамгершілік, имандылық, исламдық дәстүрлер аясында біраз пікірлер өрбітеді. Сонан соң

«Бұрынғы өткен заманда,

Дін мұсылман аманда,

Он сан Ноғай елінде...» деп жырлайды.

Мұнан «Мұңлық-Зарлық» қиссасы исламдық түркі дәуірінде болған оқиғаларды қамтиды деп топшылауға

болмайды. Мысалы, көне ғұн дәуіріне жататын «Алпамыс батыр» («Алып Бамсы батыр») жырының академик-жазушы Сәбит Мұқанов 1939 жылы құрастырған «Батырлар жыры» кітабында

«Бұрынғы өткен заманда,

Дін мұсылман аманда...»

Немесе:

«Байбөрі хаққа налыды...

Алмады Алла жанымды...

...Қадыр Алла жаратқан...» деп жырланады (А., «Жазушы», 1986, 7-бет). Ал Алпамыстың (Алып Бамсының) ежелгі ғұн дәуірінде өмір сүргенін ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп жүр: «...Тарих беттеріне үңілетін болсақ, Алпамыс деген батыр тарихта болған адам екендігін байқаймыз. Ол шамамен б.з.б. 110-50 жылдары өмір сүрген қолбасшы, батыр болған. Алпамыс батыр – шүршіттермен соғыста ерекше ерлік көрсеткен қолбасы. Тайчу (Тайшық хан) Ғұн мемлекетін біржола жою мақсатында көшпелілер еліне бірнеше дүркін әскер аттандырады. Осы әскерге қарсы бағытталып бірнеше аптаға созылған жойқын шайқаста Алпамыс шүршіт әскерлерін ойсырата жеңеді. Кейіннен тағы бір жойқын соғыстардың бірінде Алпамыс батырдың жау қолына түсуі жыр-дастанға айналып, біздің дәуірімізге жеткен...» (Қ.Әбдезұлы, Г.Рыскелдиева, С.Тұрсынғалиева. «Қазақ әдебиеті», Астана, «Арман-ПВ», 2010, 26-бет).

«Мұңлық-Зарлық» қиссасында Аллаға сыйыну дәстүрі де белең береді:

«Жаратқан Алла құдайым...,

Бір Аллаға ашық боп...» (Сонда, 8-бет).

Сондай-ақ жырда

«...Он сан Ноғай елінде

Бір сәуегей бар ма екен... (9-бет);

...Он сан Ноғай ішінде

Ақша салып алғандай

Екі ен дорба жоқ па екен?..» (13-бет)

делініп оқиғалардың Ноғайлы дәуірінде болғанын баян қылады.

Молдалар Құралай мен Зарлықтың некесін қияды.

Исламдық түркі дәуірі түркілер идеологиясына әдеуір өзгеріс әкелгені рас. Сондықтан исламдық түркі дәуіріне дейінгі ауыз әдебиеті жанрлары (қисса, ертегі, мысал әңгімелер, мифтік аңыздар, өлең-жырлар, т.б.) айтушылар арқылы исламдық идеология тарапынан көп өзгерістерге ұшырады.

Қиссаны жырлаушы Жүсіпбек Шайхысламов («Жүсіпбек жожа сөйлейді...») «Мұңлық-Зарлық» қиссасындағы оқиғаны Ноғайлы елінде болды деп жырлайды:

...Он сан Ноғай елінде

Шаншар хан атты ханы бар,

Ғадалатшы хан екен,

Қайыры тиген жаһанға.

Бір перзентке зар болып,

Алпыс қатын алыпты...

Мұндай «Бір перзентке зар екен...» деп басталатын желілер «Алпамыс батыр» жырында да бар. Байбөрі де бір ұлға зар болады.

Алпыс қатыннан ұл көрмеген Шаншар хан ұлды болуды армандайды. Түсінде ақ шалмалы қария аян беріп, ол Шаншар ханға «Бір сұлу қыз аласың, сонан бір ұл, бір қыз көресің...» дейді. Жас қызды әйелдікке алады. Онан да перзент көрмейді. Ақыры Жаудыр дегеннің Қаншайым атты қызын әйелдікке алады...

Қиссада Ноғайлы елі қайталанып отырады.

Он сан жатқан Ноғайға

Үй басына он сомнан

Үш қайтара салады...

...Он сан жатқан Ноғайды

Жалғыз қалта жалмайды... (14-бет).

Бала Зарлық қалмақтарға кезігеді.

...Қалмақ деген зәнталақ,

Екі беті қанталап,

Зарлықжанды көрген соң

Жиылды бәрі анталап...

...Өзі батыр ер еді,

Қалмақпенен ісі жоқ.

...Онда қалмақ келеді,

Ұрыс қыла береді... (35-бет).

Зарлықтың дәуді іздеп, оны тауып алуы, шайқасып оны өлтіруі ежелгі дәуірлердегі ертегілерде болатын дию, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ, т.б. жамандық негізін салатын кейіпкерлерді еске түсіреді.

Зарлықтың мініп жүрген Гүлсары аты ақылды болып суреттеледі. Қобыландының Тайбурылы да ақылды. Ол Қобыландыға қауіп төнгенде ескертіп отырады. «Алаңқай батыр» жырында Шабыскер де ақылды. Ол үнемі Алаңқайға көмектеседі. «Құламерген-Жоямерген» қиссасында Жоямергеннің аты Ділдаш су астындағы алтын қазанды сыртқа алып шығып, Жоямергенге көмектеседі.

Ежелгі дәуірлердегі қисса-дастандарда, ертегілерде, мифтік аңыз әңгімелерде адамға көмекке келетін – жан-жануарлар мен құстар. «Мұңлық-Зарлық» қиссасында киік адамның досы ретінде сипатталады.

«Мұңлық-Зарлық» қиссасы ежелгі дәуірлерде пайда

болған ең көне эпостық жырларға жататынын айттық. Қиссада адам мен мыстан кемпірдің, дәудің арасындағы күрес баяндалады. Қиссада Зарлық Қара дәумен айқасып, күші басым дәуді жеңе алмасын сезген соң Аллаға мінәжат қылып, көмек сұрайды.

«Әлқисса, Зарлық бала бұлай деп медет сұраған соң әулиелер медет береді, жүз ердің күшін пайда қылады:

Пірлері медет бергесін

Бала судай тасады,

Қайтадан қаһар шашады.

Қара дәуді Зарлықтың

Аруағы да басады.

Әр нәрсе қылса Зарлық хан

Пешенеден көреді.

Ғайып ерен қырық шілтен

Зарлықтың кәміл пірі еді.

Пірлері медет берген соң

Бала енді асады.

Көтеріп алып Зарлық хан

Дәуді астына басады.

Басып жатып Зарлық хан

Дәудің басын кеседі.

Әлқисса, Зарлық батыр дәуді өлтіріп, Құралай сұлуға келеді...» (Көне эпос. 51-52-беттер).

Аллаға жалбарынып, онан көмек сұрап қарсыласын жеңу желісі «Қисса Шаһизинда» да кездеседі. Қиссада Әли балуан (батыр) Дариға балуанмен (батырмен) он бес күн айқасып, күші басым Дариғаны жыға алмайды. Әли Дариғадан намаз оқуға рұқсат сұрайды. Дариға рұқсат береді. Әли он бес күндік қаза болған намазын оқып болып, Аллаға мінәжат етеді. Сонда Әлиге тілеулес болған періштелер Алладан

«Әлиге көмектесе гөр...» деп өтініш етеді.

(«Қисса Шаһизинда». Кітапта: «Бабалар сөзі», жүз томдық, 10-том, Астана, «Фолиант», 2004, 370-бет).

Мұндай Аллаға сыйыну, жалбарыну желілері діни қисса-дастандарда жырлануы кейін әдеби дәстүрге айналып кеткен.

Қиссада Қызыр баба, Ғайып ерен қырық шілтен сияқты ұғымдар кездеседі. Белгілі ғалым С. Қосан осындай ұғымдар туралы былай деп жазады: «...Қызыр Ілияс, Ғайып ерен қырық шілтен секілді ұғымдар – өзара мәндес атаулар. Қазақтағы «қаймана» деген сөздің негізі «ғайып анада» жатқаны даусыз. Бұл сөз сырттай қамқорлық ету, жоқ жерден жолығып, қол ұшын беруші, жасырын, сырт көз, т.б. мәндерге ие. Қызыр (Қыдыр) – көптеген шығыс халықтарының, әсіресе, мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде жиі ұшырайтын ертегілік, тіпті, жартылай мифтік тұлғаның есімі. Әдетте оның аты Ілияс пайғамбармен бірге қосылып атала береді.

Мұсылмандардың аңызы бойынша, Қызыр әулие жасыл киім киіп жүрген (қызыр – арабша жасыл деген сөз). Бұл әулиенің бейнесін, шығу тегін әр халық өз тарихына жақындатып әңгімелейді. Бір деректерде оның зираты Мысырда, бір деректерде Орта Азияда орналасқаны айтылады. Мәселен, Самарқанда Хазірет Қызыр атындағы мешіт бар екені белгілі.

Қызыр атаға байланысты аңыздардың көбінде «мәңгілік су» жайында әңгімеленеді.

...Қызыр Ілиястың жанында, әдетте, «шілтендері» болады. Қазақтардағы Ғайып ерен қырық шілтен, Шашты Әзиз, Қызыр әулие секілді тіркестердің бәрі де осы кейіпкерге байланысты туған...» («Ғылыми қосымшалар». Кітапта: «Бабалар сөзі». Астана, «Фолиант», 2005, 293, 294-беттер).

Қызыр баба, Ғайып ерен қырық шілтен туралы В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс пікірлер жазып қалдырды. В.В.Бартольд Қызыр бабаны жолаушылар мен саяхатшыларға ақсақал кейпінде жолығып, оларды сынақтан өткізетінін, дұрыс жолға бағыттайтынын айтса (2-том. Мәскеу, 1918, 59-бет), Е.Э.Бертельс Қызырды «мәңгі тірі пайғамбар, ол бәрін білетін жұмбақ жәрдемші» деген ой өрбітеді (Низами. Искандер-наме. Мәскеу, 1949, 60-бет).

«Қызыр баба (Қыдыр баба) – көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ. Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар тек Ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қазақ фольклорында Қызыр баба (Қыдыр) – ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы» (Бабалар сөзі. Жүз томдық, 13 том, Астана, «Фолиант», 2003, 310-311-беттер).

Қазіргі еуропалықтардың Аяз ата деп жүргені – сол Қызыр баба (Қыдыр ата). Қыдыр атаның адамзатқа арналған тілегі – қайырымды тілек. Ол бейбіт өмірді аңсайды. Жамандық атаулыға қарсы.

«Мұңлық-Зарлық» қиссасы шытырман оқиғаларға бай, тәрбиелік маңызы да терең, жасөспірімдерді діни ағартушылық бағытта тәрбиелеуге де септігін тигізе алатын, адамгершілік пен имандылық тұрғыда әлем әдебиеттеріне тең келе алатын, балаларға арналған шығарма.

СИМВОЛИЗМНІҢ АҒЫМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ СИПАТТАРЫ

Символизм әдеби ағым ретінде ерекшеленбестен бұрын рәміздік мәні, философиялық астарымен дараланған. Әуелгіде символ ұғымы құпиялы, шартты мағынаға ие кез-келген заттық белгіні білдірген. Қазіргі уақытта символ ұғымы философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифпоэтика, фольклористика, мәдениеттану, лингвистика, т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Символдар осы уақытқа дейін аталған ғылым салалары тұрғысынан жан-жақты зерттеліп келеді.

Зерттеушілер символды мәдениетке тән тұрақты құбылыс деп таниды: «Символ ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелді кешіп өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, символ — мәдениеттің тұрақты элементі [Ю.М.Лотман. Структура художественного текста. М., «Искусство», 1975, 45-б.]».

Әдебиеттану ғылымында символ троптың бір түрі ретінде танылып, оған мынадай анықтама беріледі: «Бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу» [З.Қабдолов. Сөз өнері. II томдық таңдамалы шығ. жин., 2-том. А., 1983, 244-б.]».

Әдебиеттанудың терминдер сөздігінде «Символ

әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің не ұғымының жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Мысалы, гүл – жастықтың символы, ал көгершін бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ тұспалдауға (аллегорияға) өте жақын келеді» [З.Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1993, 29-б.] деген тұжырым берілген.

Қазақ поэзиясына шығыс әдебиетінен енген символизм элементтерінің барын Кеңес дәуірінде жоққа шығарып келдік. Бұл атеистік ұғыммен байланысты еді. Шығыстық бұл дәстүрдің сарыны көптеген қазақ шығармаларында кездеседі. Бұл сарынның негізін салушы – Әбдірахман Жәми, Руми, Науаи сияқты көрнекті шығыс классиктері.

*Ай сәулесі қажет емес өзің маған қарасаң,
Қайтем өзге жарықты мен күн нұрым боп жарасаң.
Жанымды жеп жәудіретіп, есімді алдың еріксіз,
Өзіңді ойлап өлер болдым, мен – бір байғұс балапан.
Ал сүй енді, қожам болып, өзім келдім қолыңа,
Құлақкесті құл деп сана, өмір бақи қаласаң.
Сенің ернің бейне шарап ыдыстағы алқызыл,
Ішіп салды Жәми оны қан боп бойға тарасаң.*

Сезімге берілу, сол сезімнен мас болғандай күй кешу, еріктен айырылып махаббат үшін ес жоғалту – ақынға ғана тән қасиет. Сүйгенін ай сәулесіне, күннің нұрына балап, оған мәңгілік құл болуға даяр болу Жәми ақынның салған соқпағымен шектен тыс ғашықтықтың рәмізі болып барлық шығыс, батыс, қазақ әдебиетінде де қалыптасты.

Қазақ символизмінің кульминациялық апогейі (шарықтау

шегі) Мағжанның отты жырлары болып табылады. Мағжан тызетпе сезімнің емес, бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны. Көңіл-күйдің ғана жыршысы емес, жоғарыда аңдатқанымыздай, эстетика-философиялық концепциясы (тұжырымдамасы) қалыптасқан ақын. Бұл тұрғыдан Мағжанның әлгі тәрізді өлеңдері де сол жүйенің кірпіші болып қаланады. Мағжан лирикасының жұлын-жотасына айналады. Сондықтан ол ұлт апатын елден ерек бұрын сезіп, өз бояуында бейнелеп беруге мүмкіндік алды. Ақиқатты ол өз уысына шеңгелдеп қан ұстап тұрып айтудан тайсалмайды. Сөйтіп, ақын уақыттың үніне, өзіне айналды. Сондықтан Абайдың “ұлы сия, долы қолы” Мағжанда мүлде басқа рең алады. Ақынның жан-тән күйзелісі лирика шеңберін үзіп, ұлы трагедияға ұласқандай. Енді Мағжанның жан түкпіріндегі жүрек сөзі боямасыз ақтық сөзі болып ақтарылады. Өлең түрінен гөрі трагедиялық хал алдыңғы лекке шығып, бар назарды өзіне аударады.

Қиналдың-ау, шыбын жан,

Тоқталсайшы, ыстық қан!

Зарлайсың зой жетім боп,

Бесікте қалған балапан. [М.Жұмабаев. Шығармалары (өлеңдер, поэмалар, қара сөздер). А., «Жазушы», 1989, 56-б.]

Бұл – Мағжанның ақтық сөзі, бірақ өсиет емес. Халықтық нұсқаға қаншалық жақындаса, соншалық өнер аруағына орана түскендей. Бұл – ана көкіректің зар-зары. Сүйек-сүйегі сөгіліп айтатын жоқтау. Әрине, оны Мағжандай ақын айтса, оның барлық құпиясы ашыла түспес пе! Неге ол жүректен жүрекке жетіп, өлең сөздің тұрақты бір тіреуі болып халық поэзиясымен бірге жасап келеді? Оның сырына да Мағжан стиліне ауысқан шақта қаныққан боламыз.

Батыста айырықша өнер аруағы дарыған ақын-

композиторлар реквием түрінде дәл осындай “болжам-ақиқат” айтатын дәстүр бар. Мағжанның да “Жаралы жан” өлеңін реквием деуге әбден сияды. Өзге тілге аударсақ, дәл солай атауға тура келеді. Бірақ, оның бағасын біз “реквием” деп емес, ұлттық феномен ретінде талдап-танып, өз бағасын беру әлдеқайда әділірек болар еді. Өз уақытының көркемдік көгіне көтеріліп, негізінен авангардтық (алғы шептік) өлең үлгісінде көп ізденген Мағжан кейін кенет шегініп, дәстүршіл өлең мен алғы шептік өлеңін жарыстыра қолданудан қаймықпайды. Жоғарыда байқағанымыздай, дәстүрлі әдебиетіне жетік ол жан сөзін бұлбұлша жеткізеді. Жиырма екі шумақтан тұратын “Жаралы жан” өлеңі 11 буынды қара өлең мен 7-8 буынды жыр үлгісін қатар өріп отырады. Алғы шептік үлгіден бастап, қара өлеңмен аяқтайды. Ұзақ, сюжетсіз лириканың бітім-болмысы осындай.

*Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар,
Айдын шалқар көлім-ай!*

Мағжан сезімінің шарықтау шегі бұл ұзақ өлеңнің (таза зар түрінде) орта тұсына орналасқан. Аңыраған аруананы ғана көзге елестеді. Әрине, көркемдігі шындықпен өлшеніп, өз апогеясына жетіп тұр, яғни, Мағжан эстетикасының танымы сан қырлы. Сондықтан ол тек түршіл емес. Сондықтан ол – ХХ ғасырдың көркемсөз ренессансы, яғни, қайта өркендеуі. Пушкинмен, Абаймен қатарласатын жері де – осы.

«Азамат! Анау қазақ қаным десең» деген жолдан Абай лебі еседі. Мағжанның сол кездегі бас көтерген қазақ зиялысына қарата айтқан бұл сөзі көсемсөз болмай-ақ

көсемдік позицияға шығады. Мағжанның көркем тәсілі көзге ұрады. Трагедия алдыңғы жолдардай талданып жатпай, шегіне жеткенше жұмырланып жинақталады. Мұндай сәтте ол сонау көне қойнауында жатқан символдық тәсілдің бақ-жұлдызын барынша жандырады.

Қазақ әдебиетіне орыс поэзиясы арқылы енген символизм ағымының бастауы шығыс әдебиетінің үлкен бір арнасы – суфизмде жатыр. Шығыстық бұл сарын осы дүниенің құпиясын тек басқа дүние есігін ашқанда ғана түсіну, өз жанына рахат, тыныштық таба алмау, жан-тәнімен Алланы сүю XX ғасыр басында біраз өзгеріске түсіп, батыс, соның ішінде, орыс әдебиеті арқылы бізге аққан бұлақтай құйылды. Символистер ұстанған идея: қоршаған орта жалған, ал нағыз өмірдің шындығы құпия, ал ақынның міндеті – адам санасына басқа өмір жөнінде түсінік енгізіп, көздерін ашу.

Символизм ұғымын орыс әдебиетінен (А.Блок, В.Бальмонт шығармашылығынан) сусындап, қазақ әдебиетіне енгізген романтик ақын Мағжан Жұмабаевтың алар орыны ерекше. Ол көбіне ақиқат пен шынайы өмір суреттерін жырлап, өлеңдеріне жаңа түр беріп, жүрек түбінен шыққан жан сырын, жан азабы мен жан тебіренісін суреттеген. Сондай-ақ Мағжан поэзиясы әйелді сүйеге, өз отанының тарихымен мақтануға үйретеді. Мағжанды ақын еткен қасиетті шындық пен жанды-жансызға деген айырықша махаббатты сездіретін жүрек еді. Расында, Мағжан – бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны, эстетика-философиялық тұжырымдамасы қалыптасқан ақын, қара өлең құдіретін биік деңгейге көтерген ақын. Абайдың шексіз шеберлігінің кілтін іздеуден жалықпаған ақын.

Нұрша ОРАЗАХЫНОВА,
Абай атындағы
ҚазҰПУ-дың профессоры, п.ғ.д.

ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында («Ана тілі», № 5, 2-8-ақпан, 2012) жүктелген міндетке сәйкес елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бесжылдық ұлттық жоспар қабылданғаны баршаға аян. Ұлттық жоспардың басты мақсаты – Қазақстанда білім сапасын жетілдіру үшін негізгі бағдар ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылар шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

«Функциональдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында негізі қаланып, бүгінгі таңда әлемдік білім беру аясында кеңінен қолдау тауып отыр.

Функциональдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай

алуға қабілеттілік, т.б.

Функциональдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары елімізде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осыған орай Ұлттық жоспарда функциональдық сауаттылықтың төрт негізгі механизмін бөліп көрсетеді. Оның алғашқысы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту, яғни, мектеп оқушыларының функциональдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау); коммуникативтік (қазақ, орыс, ағылшын тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамндығына

қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде оқулық мәселесіне ерекше тоқталған болатын.

Жалпы оқулық жазу мәселесі күн тәртібінен түспеген, өзекті мәселелердің бастысы екендігі алаш арыстарының ой-пікірлерінен анық аңғарылады. Атап айтар болсақ, Жүсіпбек Аймауытов «...Тегінде оқу кітаптары кеңседе отырып, одан-бұдан құрастырылып, ойдан шығарылып, долбармен жазу керек емес, мектептердің программасына жанастырылып, сондағы оқыту тәсілдеріне сүйеніп жазылу керек. Бұлай болмағандықтан кітаптардың көбі мектептерде қолдануға жарамсыз болып қалады. Кітап жазушылар ауылдағы мұғалімдер арасынан шықпай немесе кітап жазам деген кісі сол бастауыш мектепте бала оқытып көрмей тұрып, мектептердің мүддесіне, мақсатына тап ете түскендей кітап шығуы қиын. ...Мектептердің пән сөздерін кеңседе жасау дұрыс емес. Пән сөзін пән маманы, кітап жазушы шығару керек. Ешбір ғалым пән сөздерін кеңседе шешкізіп жасамайды. Кітап жазушы өзі табады. Бір ғалымның шығарған кітабында кейбір сөздер қолайсыз болса, екінші жазушы оларды өзгертіп, жаңа сөз кіргізеді. Сөзді пән иесі ғана шығармаса, бөгде кісілердің шығаруы мүмкін емес. Өйткені әр пәнге жетік адамдар білім кеңесінде болмайды. Пән иесі көп ойланып, көп еңбекпен тапса, кеңес сөзге көп ойланып отыра алмайды. Білім кеңестерінің жиналысында болғанымыз бар, онда сөздер жете тексерілмей, үстірт қаралатындығы, көп отырса жалығып, қолайсыз сөздерді де ала салатындығы байқалады» деп оқулық жазудың үстірт

қарайтын, жеңіл дүние еместігіне баса назар аударады (Бес томдық шығ. жин. IV том. А., «Ғылым», 1998, 437-бет.).

Оқулықтың мақсаты, міндеті, мазмұны, құрылымы функциональдық сауаттылықтың құзыреттіліктеріне сай жазылуы тиіс. Оқулықты жаңа мазмұнда жазу барысында оның негізін салған авторлар ұмыт қалмауға тиіс.

Жалпыға білім беретін орта мектеп стандарты негізінде жазылатын мектептердегі оқулық жоғарыдағы айтылған құзыреттіліктерді басшылыққа ала отырып дайындалуы тиіс.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функциональдық сауаттылықтың екінші механизмі – оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Бағалау жүйесі функциональдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау және мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Ал сырттай бағалау – әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.), сондай-ақ халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Нақтырақ айтар болсақ, сыртқы бағалау белгілі бір мамандық иелеріне қатысты болса, іштей бағалау көбіне білім алушыларға қатысты. Сонымен қатар білім алушылардың өзін-өзі бағалауы, ұйымдастыруы, жетілдіруі және жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Осы аталған білім алушының бағалау жүйесі ұлттық төл технологиямыз – «Сатылай кешенді талдауда» қолданылып келеді. Бұл жоғарыдағы аталған басқарушылық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық, пәндік құзыреттіліктерді білім алушы бойына дарытады. Оның дәлелі – «Сатылай кешенді талдау» технологиясымен білім алып отырған оқушылар мен оларға білім беруші мектеп

мұғалімдерінің жыл сайынғы жетіп отырған жетістіктері, яғни, мектеп бітіруші түлектердің ұлттық бірыңғай тестіде жоғары пайыздық көрсеткішке жетуі және Қазақстан Республикасы Кіші ғылым академиясының республикалық ауызша командалық олимпиадасына республикамыздың әр өңірінен бастауыш сыныптан бастап орта, жоғары буын сыныптарынан оқушылардың қатысып, жүлделі орындарға ие болуы. Бұл туралы әр өңірдегі баспасөз құралдарында жарияланып отырады.

Функциональдық сауаттылықтың үшінші механизмі — ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ана бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулуға борышты. Ата-ананың бала тәрбиелеуде функциональдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен олардың тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады, яғни, ата-ананың баласының ерекше қасиетін тануы, оны түрлі жағдаятта түсініп қол ұшын беруі, олардың қабілетін дамытуға, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беретін функциональдық сауаттылық ата-ана бойында да болуға тиіс. Бұл жағынан біз қытай халқының бала тәрбиесіндегі өнегесін алуымыз керек. Олар баланың біліміне, тәрбиесіне, мектепті емес, ата-ананың өзін жауапты етеді. Егер баласы үй тапсырмасын мезгілінде және дұрыс орындамаса, оған тікелей ата-ана жауапты. Осы мәселе шектен шығатын болса, мектеп басшысы баланы ол мектепке қабылдамауға толық құқылы. Сондай-ақ ата-ана өзі қызмет ететін орында бала тәрбиесіне тікелей жауап беруге мәжбүр болады.

Функциональдық сауаттылықтың төртінші механизміне қосымша білім және мектептен тыс сабақтармен қамту жатқызылады. Шынтуайтына келгенде, бұл мәселе бізде

толыққанды жүзеге асып отырмағандығы белгілі. Әлі күнге дейін стандарт пен оқулықтарға айтылған сын түзелмей отырған кезеңде мұндай қосымша білім, функциональдық сауаттылық өз деңгейінде жүзеге асып отыр дегенді айта алмаймыз. Бұл тұрғыда да біз Жүсіпбек Аймауытовтың мына бір қағидасын басшылыққа алсақ, функциональдық сауаттылықтың төртінші механизмі жүзеге асқан болар еді. «Балаға ең қымбат, ең жылы, жақын нәрсе – туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, оларға баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады.

...Балаларға туған жердің табиғатын, туған елдің әдет-ғұрпын, мінезін үйреніп, әкімшілік, әлеумет мекемелерімен, олардың қызметтерімен, сауда кәсібімен, қатынасу жолдарымен таныстырып, жергілікті тарихи ескерткіштердің қатынасын түсіндіріп, балаларды бұрын білмейтін жат нәрсемен, яғни, әлеумет ғылымымен таныс қыламыз» (Бес томдық шығ. жин. V том, 1999, 301-бет.). Мұнда бүгінгі заманауи білім беру талабына сай функциональдық сауаттылық мәселесіне, дәл осы терминмен айтпаса да, терең талдау жасап, нанымды тұжырым айтқан. Егер біз қосымша білім беру және мектептен тыс сабақтарда осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, бағдарламалар түзіп, қосымша әдебиеттер ұсынатын болсақ, онда функциональдық сауаттылықтың төртінші механизмі өз дәрежесінде жүзеге асады.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫНЫ ДАМУ – ҰСТАЗ ПАРЫЗЫ

Қазіргі білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға даярлау, сондықтан алға қойған мақсаттарды орындау үшін еліміздегі оқушы жастарымыздың шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге ден қою қажеттілігі туындайды.

Дарынды баланы анықтау, оқыту, тәрбиелеу, дамыту – қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі қолға алынып отырған өзекті мәселе. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар дайындауда тиімді болса, екінші жағынан, ерекше дарынды баланың тек өзін, зияткерлік дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Дарынды, ерекше талантты жасты ғылымға жетелеу, қабілетін шыңдау, өз жолын табуға көмектесуді ұстаз ретіндегі парызым деп санап, заманның озық өнегесін дарынды шәкірттеріміздің санасына сіңіріп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамытуды басты мақсат еттім. Дарынды баланы дамытуда мынадай ұстанымдарды басшылыққа алдым:

1. Баланың жеке ерекшелігі мен қабілетін зерттеп зерделеу, түрлі ақпарат көздері арқылы мағлұматтар беру;
2. Шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін бақылауға алу, баланың дамуын назарда ұстау;
3. Баланың қызығушылығы мен бейімділігі бағытында түрлі пәндік-танымдық сабақтарға, зияткерлік

олимпиадаларға, сыныптан тыс іс-шараларға қатыстыру;

4. Әр түрлі психологиялық «кедергілерді» жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану арқылы оқушыны жігерлендіру;

5. Әңгімелесу, талдау, бақылау, сараптау, жүйелеу арқылы баланың нақты іс-әрекетін дамыту.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Дарындылықты дамытуда оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын тиімді пайдаланудың маңызы зор. Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екендігі ғылымда дәлелденген. Осы мәселені ғалымдар (Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, т.б) түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін анықтаған. Оқытуды өзектендірудің әдістемелік тәсілдерін назарда ұстап, танымдық тапсырмалар арқылы білім берсек, дарынды балалар қабілеті шындалады. Оқытуды өзектендірудің әдістемелік тәсілдері: *білім алушыны тақырып бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын табуды ұсыну; жағдаяттарды әр түрлі тұрғыдан қарастыруды ұсыну; нақты сұрақтар қойып, нақты тапсырмалар ұсыну.*

Өз іс-тәжірибемде ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндігін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық дарындылығын қалыптастыру үшін сабағымда төмендегідей іс-шараларды іске асырудың маңызы зор екенін байқадым: *оқытудың жаңа әдістері мен формаларын сабақта жиі қолдану; зерттеу жұмысын жүргізу тәсілдеріне баулу; оқу үрдісінің материалдық-техникалық базасын нығайту.*

Қазіргі талантты балаларды дәстүрлі сабақтар жалықтырары сөзсіз. Дарынды оқушылармен сабақ жүргізу әрекетінде мұғалімге үлкен міндеттер жүктеледі. Мұғалім тапсырманы алған білімді жаңғыртатын, эвристикалық

ізденіс тәсілдерін қажет ететін, зерттеу элементтерін пайдаланатындай етіп құруы керек. Тапсырманы түрлендіретін отырып, дарынды бала бойындағы қабілетті басты назарда ұстау қажет. Тапсырмалар ойлануға, талдап жинақтауға, абстрактілеуге құрылады. Түпкі нәтижеде оқушы өздігінен ізденеді, зерттеу жүргізеді, теорияны тәжірибе арқылы талдауға талпынады. Сын тұрғысынан ойлау мен дамыта оқыту технологияларына негізделген сабақтар оқушының қабілетін жан-жақты ашуға, оқушы көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Мұндай шығармашылық сипаттағы сабақтар арқылы оқушылар дербес ізденіп, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу әрекетін ұйымдастырады, өзара ой алмасады. Олар сын тұрғысынан қарап сөйлеуге үйренеді. Сабақ үдерісіндегі шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары, оқылған көркем шығармаға рецензия жазу, тақырып бойынша мәтін құрастыру, ойтолғау жазу, ұсынылған тақырыпқа сценарий жазу, мектеп пен ауыл өмірі, игі бастамалар, үлгілі істер туралы мақала жазу, әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат жазу, баяндамалар жазу, рефераттар қорғау, тақырыптық кештерде өзіндік көзқарасын білдіріп ұсыныс, пікірлер айту сияқты ойлау мен жазу әрекеті арқылы оқушы шығармашылық жұмысқа төселеді. Осындай өзіндік ойлау мен ізденушілік әрекеттің нәтижесі оқушыны ғылыми-зерттеушілік жұмысқа бағыттайды.

Дарынды оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік қабілеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Кейбір зерттеушілер (А.Матюшкин, О.Нильсон, Б.Айтмәмбетов, т.б) сыныптан тыс жұмыстар оқу жоспарына сай оқушылардың білім дәрежесін толықтырушы және белгілі дәрежеде оқыту үрдісін оңтайлы ұйымдастырушы, оқушылардың дербестік қасиеттерін дамытушы құрал ретінде қарастырады. Оқушылардың пәнге қызығуын оқу

бағдарламасы шеңберінде қанағаттандыру мүмкін емес, сондықтан да сыныптан тыс әр түрлі жұмыстар жүргізіледі. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекшелігі — оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіру. Дарынды балалардың қабілетін дамытуда ізденімпаздық шаралардың маңызы зор. Атап айтқанда:

1. Ғылыми-практикалық конференция (ғылыми баяндама жасау, рефераттар қорғау, жоба қорғау);
2. Пәндік үйірмелер;
3. Пәндік олимпиадалар;
4. Абай, Шәкәрім, Мұқағали оқулары;
5. Зияткерлік ойындар, дебат;
6. Ақындар айтысы, шешендер сайысы.

Осындай бағыттағы жұмыстар арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Мұндай әрекет шығармашылыққа баулып, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытуға, қиялын ұштауға және өз бетінше ізденуіне мол әсерін тигізеді. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу арқылы оқушылардың қоғамдық, шығармашылық белсенділігі артады. Сонымен бірге оқушылардың іс-әрекетке, нәтижеге жетуге сенімділігі қалыптасады, шығармашылық ой-өрісі кеңейеді, дербес жұмыс істеу дағдысы жетіледі.

Жас таланттың бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу — жауапты іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу — ұстаз парызы. Егер өз заманының озық өнегесін санасына сіңіріп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыта алсақ, қоғам алдындағы ұстаздық парызды ақтаған болар едік. Ендеше, бүгінгі таңда ұлттық рухы жоғары, білімді, дарынды ұрпақ тәрбиелеп шығару әр педагогтің алдында тұрған ең маңызды міндет болып табылады.

Құрмангүл БАЯХМЕТОВА,
Безродных атындағы
орта мектебі мектеп жасына дейінгі
шағын орталығы бар мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Алакөл ауданы,
«Үшбұлақ» ауылы.

ШЕШЕНГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

(11-сынып)

Сабақ мақсаты: а) шешенге қойылатын талаптарды білу, шешен сөйлеудің әдістерін меңгерту; ә) шешендердің сөйлеу өнерінен үлгі ала отырып бос сөзден аулақтатып, тауып сөйлеуге төселдіру, тіл тазалығын сақтауға дағдыландыру; б) тіл тазалығын сақтай отырып әдеби тілде сөйлеуге баулу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, талдау, ой жүйелеу, баяндау, шығармашылық жұмыс, интерактивті тақтамен жұмыс, кітаппен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, химия, математика.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру.

– Құрметті 11-сынып оқушылары, алдарыңызда үлкен мақсат тұр.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Шешенге қойылатын талаптар». Бұл сабақтан шешен болу үшін қандай талаптар қойылады және шешендердің шешендік сөздерін оқи отырып тіл тазалығын сақтап, әдеби тілде сөйлеуге үйренеміз.


Жаңа тақырыпты бастамас бұрын өткен тақырыпты есімізге түсіріп қайталап өтейік.

Үй жұмысы:

1. Шешендік өнер грекше қалай аталады?
2. Шешендік өнердің теориясын жасаған кім?
3. Қазақ шешендік өнерін зерттеген кім?
4. Ұлттық шешендік өнердің өкілдері кімдер?
5. Шешендік түрлерін ата.

№	Шешендік сөз тектері	Шешендік сөз түрлері	Стильдері
1.	Әлеуметтік-саяси шешендік.	Баяндама, үгіт-насихат.	Публицистикалық, ресми, ғылыми.
2.	Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік.	Мерейтойдағы тілек, көңіл айту, естірту, т.б.	Көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу.
3.	Академиялық шешендік.	Ғылыми баяндама, дәріс.	Публицистикалық, ресми, ғылыми.
4.	Сот ісінде қолданылатын шешендік.	Айыптаушы мен қорғаушының сөзі.	Публицистикалық, ресми.
5.	Діни шешендік.	Уағыздар мен иман сөздер.	Көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу.

6. Шешендік сөздің сапаларын кім атап береді?



7. Шешен кім? (ел билеу ісінің тұтқасы, отағасы, ру басы, би ағасы, ауыл ақсақалы, билік шешуші, психолог, т.б)

Байланыс. Не себепті біз суырылып шешен сөйлей алмаймыз? Себебі шешенге, шешендік сөзге қойылатын талаптарды біле бермейміз.

Жаңа сабақ.

Шешенге қойылатын талаптар үш түрлі бөліктен тұрады:

1. Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық;
2. Білімін көтеру;
3. Сөйлеу мәдениетін көтеру.

Кез келген адам ортаға шығып сөйлерде қатты толқиды, өзіне-өзі сенімсіздік білдіреді. Тіптен, білімдар, қоғам қайраткерлері, мекеме басшылары, беделді билік иелерінің өзі де кей жағдайда көпшілік алдында қысылып, үзіп-жұлып, жүйесіз сөйлеп жатады. Ондай жағдайды болдырмас үшін:

- қатты ойланбау керек;
- өзіне-өзі сену керек;
- психологиялық дайындық керек;
- көңіл-күйі мен сезімін билей алу керек.

Сөйлеуге жақсы дайындалсаң, өзіңе сенімді боласың. Сөйлеуге дайындық – жауапты іс. Материалды қаншалықты жақсы білсең, соншалықты аз толқисың. Дұрыс, айқын, дәл, түсінікті, таза және образды, эмоционалды сөйлеу керек. Сабақ кезінде, достарыңның, туыстарыңның арасында жиі сөйлеу қажет. Ол сені дамытып, сөйлеу мәдениетін көтереді.

Білімін көтеру. Шешен адам тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып дәл **сөйлеу** керек, тауып сөйлеу керек. Ол үшін **ойың айқын** болу керек. **Білімің терең** болса, ойың айқын болады. Білімің терең болу үшін **көп оқу** керек. Көп оқу үшін **іздену** керек. Іздену үшін **рух мықты** болу керек. Рух мықты болса ғана жолда кездескен кедергілерді жеңе аласың.

Сөйлеу мәдениетін көтеру. Ең бірінші кезекте тіл тазалығын сақтауымыз керек. Керегі жоқ жерде жөн-жосықсыз орыс сөздерін кіргізбеу керек. Қыстырма сөздерді көп қолдану сөйлеушінің тілін кедейлендіріп, тыңдаушыны мезі қылады. Жаргон сөздерді, дөрекі, тұрпайы сөздерді айтудан аулақ болу керек. Адамның тәрбиесі, мәдениеті, сауаттылығы оның сөйлеу тілінен аңғарылады. Мәдениеті жоғары, білімді, тәрбиелі оқушы ауызекі сөйлегенде де әдеби тілдің нормаларын сақтап, дөрекі, жаман сөздерді араластырмай, ойын мәдениетті түрде жеткізеді. Сөйлеу мәдениетің жоғары болса, жақсы өмір сүресің және шешендікке қол жеткізесің. Сол себепті шешендік тіл мәдениетінің жоғарғы формасы болып табылады.

Бекіту. Шешенге қойылатын талаптарды ескере отырып берілген тақырыптың біреуін таңдап, көпшілік алдында тосылмай шешен сөйлеп көрейік. Тақырыптар:

1. Компьютер заманында шешендік өнер қажет пе?
2. «Соңғы қоңырау» жиынында сөйленетін сөзің;
3. Асылым, ардағым – ана тілім!
4. Агенттің пайдасы мен зияны;
5. Еркін тақырып.

Бұл тапсырманы тілге, өнерге бейімі бар балалар орындайды, ал техникалық мамандыққа бейімді оқушылар «Тіл + химия» тапсырмасын орындайды. Формуланы сөзге айналдырып жазу керек.

Бұл H_2O , туған жердікі болған соң ба, өзгеше дәмді көрінді. Мұғалім қолындағы ақ $CaCO_3$ маған аппақ көбелектей көрініп, ұстағым келіп қызығып кеттім. Құрамында $NaCl$ жоқ болғандықтан не ішіп, не қойғанымызды сезіне алмадық. Си тиындар – тарихтың қоржынынан түскен таңғажайыптар. Hg бағаны жылылық деңгейін көрсетуде.

Сөйлеу тілді көркем ететін нәрселерді айт:

1. Тұрақты сөз тіркестері;

2. Мақал-мәтелдер;

3. Эпитет;

4. Теңеу;

5. Метафора;

6. Метонимия;

7. Омоним, синоним, антоним.

Көп нүктенің орынына тұрақты сөз тіркестерін қойып оқу:

1. Талайға дейін естерін жиып, жаба алмады.

2. Екі жүйенің кеңінен етек

3. Ұзақ уақыт бойына орталықтан қалған аймақтарды ұстаудың үш түрлі тәсілін пайдаланды.

4. Алайда ондай адамдар өзі сенетін мұраттарды көздің қылуға тырысқандарымен, қорғап қала алмады.

5. Ондай даңғойлар әбден уланып біткен Семей жерін көрмейді. Қарадай қыршынынан жатқан жазықсыз жандардың тауқыметін түсінбейді.

6. Анық стратегия мен айқын мақсаттар керек. Басты мақсат тайға айқын көрініп тұруы кажет.

7. Алайда тарих дариясының жағасында алыстан көз ..., күр бақылап отырғаннан да ештеңе бітпейді.

8. Ол мәселені шешуге бастапқы кезде Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінің барлық органдары

9. Бір ғасыр бойы халықты ашса ұстаған өктемдік үрдістің алдындағы қорқыныш алғаш рет еңсерілді.

Электронды оқулықпен жұмыс.

Мақалдың тиісті сөзін қой.

1. Ердің сыншысы – /кім?/ 2. Оқу – /немен?/ құдық қағандай. 3. Көп сөз – көмір, аз сөз – /не?/ 4. Өлімнен /не?/ күшті. 5. Атаңның баласы болма, /кімнің?/ баласы бол. 6. Ер жігіттің екі сөйлегені – /не істегені?/ 7. Жеті рет өлшеп, /неше?/ рет кес 8. Досы көпті жау /не істейді?/ 9. /Қандай?/ үй – базар, /қандай?/ үй – мазар. 10. /Не?/ отбасынан басталады.

Шығармашылық жұмыс. Ойды өзіңше аяқта.

Тату болса, ағайын жақын. Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын. Инабатты болса, келінің жақын.

.....
Арадан шыққан жау қиын, Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын. Жазылмаса дерт қиын.

.....
Ойтолғау. Шешендерше жауап беру.

Дау мұраты не?.. Саудагер мұраты не?.. Қыз мұраты не?..
Жол мұраты не?.. Қол бастау қиын ба?.. Жол бастау қиын
ба?.. Сөз бастау қиын ба?.. Жерден ауыр не?.. Судан терең
не?.. Оттан ыстық не?.. Көктен биік не?..

Мәнерлеп оқып, есте сақтап, сұраққа жауап беру.

Электронды оқулықтан жоғары деңгейлі №3 тапсырманы
орындау. Бір оқушы мәнерлеп оқиды. Шартын есте сақтап
алу керек. Соңынан мәтінді жауып сұрақтарға жауап беру.

Баяғыда дана үш бидің халықтың бірлігін нығайту
жолында жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүрген кездері
болса керек. Бірде Төле би «Он түрлі санау жұмбағым бар,
соны шешіндер» депті. Әйтеке би «Айтыңыз» депті.

- Айтсам жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты,
жеті, сегіз, тоғыз, он.

Сонда Қаз дауысты Қазыбек би...

Сұрақтар:

1. Қандай ел жаман? 2. Төле би кімдерге сұрақ қояды?
3. Сұрақтарға кім жауап береді? 4. Үшке бөлінген ағайын
қандай? 5. Қандай дерт жаман? 6. Тоғыз дегеніміз не? 7. Неге
кәрілікке дауа болмайды?

Шешенге қойылатын талаптардың бірі – сөз әуезділігі
(мақам, кідіріс, тыныс алу, орфоэпиялық нормамен сөйлеу,
ой екпіні, дауыс ырғағы, үн әуезділігі). Осы талаптарды
ескере отырып, **мәтінді көрініспен мәнерлеп көрсету.**

Жігіттер: - Ассалаумағалейкүм,би аға!

Шешен: - Уалейкүмүшсалам! Жол болсын, жігіттер!

Жігіттер: - Би аға, сізге сәлем беруге, өзімізді сынатуға келдік.

Шешен: - Олай болса менің мына сұрақтарыма жауап беріңдер.

Тәттіде не тәтті?

Қаттыда не қатты?

Жұмсақта не жұмсақ?

1-жігіт: - Тәттіде бал тәтті.

Қатты да тас қатты.

Жұмсақта мамық жұмсақ

Шешен: - Ай, балам-ай, таппадың? Ал енді сен жауап берші.

2-жігіт: - Тәттіде ананың сүті тәтті.

Қаттыда атаның жүрегі қатты.

Жұмсақта ананың алақаны жұмсақ.

Шешен: - Өзің бір болайын деп тұрған бала екенсің! Жарайсың, балам. Мұратыңа жет, қатарыңның алды бол.

Сергіту сәті (мақалмен жауап).

Әзіл сұрақтар

1. Қар жана ма? 2. Түкіріктен көл құрала ма? 3. Тауық түс көре ме? 4. Адамда арқау бола ма? 5. Қайтсең тегін ішесің? 6. Қандай бас аяққа тыным бермейді? 7. Тойды бүлдіретін кім? Бар болса, ол қандай адам? 8. Бес ешкісі бар кісінің өзге қызметі бола ма?

Оқулықпен жұмыс. Кітапта берілген 58, 59, 60-жаттықтарды үш қатарға бөліп беру. Оқып мазмұнын айту.

Сөйлем талдау. Интерактивті тақтада жазылған сөйлемдерді талдау /фонетикалық, морфологиялық синтаксистік талдау/.

Бір дауысты, бір дауыссызға ауызша сатылай кешенді талдау.

1. Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл. 2.

Тура сөз темірді тесер, Жұмсақ сөз қылышты кесер. 3. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. 4. Тіл түйгенді тіс шеше алмайды. 5. Көрінбей келген қазадан сақта, арамза туған баладан сақта. 6. Жақсы шешен болғың келсе, алдымен жақсы адам бол. 7. Көп сөйлеген дәмсіз сөйлейді. 8. Билік айту оңай, біліп айту қиын.

Қорыту.

Шешенге қойылатын талаптарды саралап шықсақ...

Жүрегіңде мейірім болса, айналаңа ізгілік нұрын шашсаң, жүрегің сезімге бай болса ғана сені шешен ретінде халық қабылдайды, адам ретінде адамның жүрегінің төрінен орын аласың.

Үйге тапсырма. «Дипломмен – жұмысқа» деген тақырыпта шешенге қойылатын талаптарды ескере отырып, көпшілік алдында сөйлеуге дайындалу.



Салтанат АЛДАБЕКОВА,

**№213 «Қыркенсе» орта
мектебінің мұғалімі.**

Қызылорда облысы,

Жаңақорған ауданы,

Әбдіғаппар ауылы.

ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – жақты сөйлем туралы мағлұмат беру, ерекшелігіне тоқталып меңгерту, жаттығулар арқылы жақты сөйлемді таба білу; **тәрбиелік** – сабақ барысында мәдениетті сөйлеуін қалыптастыру, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – ойлау, сөйлеу,

ойда сақтау дағдылары мен іскерлік белсенділіктерін дамыту.

Түрі: қалыпты, білімді дағдыға айналдыру. **Әдісі:** интерактивті әдіс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика. **Көрнекілігі:** слайдтар, плакат.


Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеп, сыныптың сабаққа дайындығына назар аудару.

II. Өткен сабақты пысықтау.

Сөйлем деген не? 2. Айтылу мақсатына қарай сөйлем нешеге бөлінеді? 3. Бастауыш дегеніміз не? 4. Баяндауыш дегеніміз не? 5. Оқшау сөздер дегеніміз не? 6. Жай сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді? 7. Пысықтауыш дегеніміз не? 8. Толықтауыш дегеніміз не?

III. Жаңа сабақ.



1. Абай ұзақ телеграмманы баяу оқып шықты.
2. Осы уақытта алыстан бір машина көрінді.
3. Күткен қонағын қуанып қарсы алды.

Осы үш сөйлемді үш оқушыға талдатамын.

- Балалар, қай сөйлемде бастауыш бар?

- Қай сөйлемде бастауыш жасырынып тұр?

- Үшінші сөйлемге *ол* деген бастауышты баяндауыш арқылы қоюға болады екен.

Жақты сөйлем

Құрамында бастауыш қатысқан жай сөйлемнің түрі.

Бастауышы кейде айтылмайды, бірақ оны баяндауышқа сұрақ қою арқылы табуға болатын жай сөйлемнің түрі.

Мен ауылға
бардым.

(Ол) Дос жүрегіне
сенеді.

Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.

1-деңгейлік тапсырма. 70-жаттығу.

1-қатар 1, 2, 3-сөйлем. 2-қатар 4, 5, 6-сөйлем. 3-қатар 7, 8, 9-сөйлем.

2-деңгейлік тапсырма. 71-жаттығу.

3-деңгейлік тапсырма. Берілген сөздерді бастауыш етіп төмендегі кесте бойынша жақты сөйлем құрастырындар. *Ақылды, әркім, бұл, өзім, аспан, Нұрәлі, келгендер, емен.*

Бастауыш ... - баяндауыш
етістік


сын есім
зат есім
сан есім

Мысалы: *Ақылды ісіне сенеді.*

4-деңгейлік тапсырма. Суретпен жұмыс.

(Мектеп оқушылары қатысқан түрлі іс-шарадағы үш сурет).

IV. Сабақты бекіту. 1) Графикалық диктант



2) Тест.

1. Жақты сөйлем дегеніміз не?

- а) Бастауышы жоқ сөйлем; ә) **Бастауышы бар сөйлем;**
б) Баяндауыш негіз болатын сөйлем.

2. Жай сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді?

- а) 7; ә) 4; б) 2.

3. Жақты сөйлемді көрсет.

- а) Абайдың да күлкісі келді; ә) Менің айтқаным келеді;
б) **Балалар ойынға кірісті.**

4. Бастауышы жасырын тұрған сөйлем қалай аталады? а) Жақты; ә) Атаулы; б) Жақсы.

5. Жақты сөйлемді көрсет.

- а) Қандай ғажап! ә) **Қалың қар жауды.** б) Ақ шағала.

V. Оқушылардың білімін бағалау.

VI. Үйге тапсырма беру. 72- жаттығу.

Әскербек ДҮЙСЕНБАЕВ,
«Ақсу қаласының дарынды
балаларға арналған
мамандандырылған
гимназиясы» мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.
Павлодар облысы.

ШАРТТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – салалас құрмалас сөйлемнен алған теориялық білімдерін еске түсіру, практикада қолдана білуге үйрету, шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолын көрсету, ажырату, синтаксистік талдау дағдыларын жетілдіру; **дамытушылық** – өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау, СТО элементтері. **Көрнекілігі:** тест сұрақтары, кесте, семантикалық карта, интербелсенді тақта.

Сабақтың өтілу барысы.

I. Ұйымдастыру: сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын даярлау, жаңа сабаққа назарларын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.


Синтаксистік талдау (сатылай кешенді талдау, 2 сөйлем)

Біресе басымен үйді нұсқады, біресе сақалымен шанада жатқан әйелді нұсқады.

1. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай: хабарлы. 2. Құрылысына қарай: кезектес салалас құрмалас сөйлем. 3. Сөйлем мүшесіне талдау. 4. Сөз тіркестері: *үйді нұсқады, әйелді нұсқады* – еркін, етістікті. *жатқан әйел* – еркін, есімді. 5. Сөздердің байланысу түрі мен тәсілі: *үйді нұсқады* – меңгеру, жалғау арқылы; *әйелді нұсқады* – меңгеру, жалғау арқылы; *жатқан әйелді* – қабысу, орын тәртібі.

ВЕНН ДИАГРАММАСЫ (слайд)

**айырмашылығы ортақ айырмашылығы
белгі**



Баяндауышы тиянақты; жалаң, жайылма; бір-біріне бағына байланысады; өзара тең дәредеде байланысады. Баяндауышы тиянақсыз; бірнеше жай сөйлемнен құралады; мағыналық түрлері бар.

III. Жаңа сабақ.

Мысалдар: Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Қонаққа ертең не мен барамын, не сен барасың. Күн бұлттанып еді, бірақ жаңбыр жаумады. (Артық сөйлемді анықтатқызып, дәлелдеткізіп, жаңа тақырыпқа шығу).

Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.

Оқушылар сабақтың мақсатын өздері шығарады (4 сөйлем беру, соның ішінен шартты бағыныңқыны анықтап, жасалуын түсіндіреді, кестені толтырады).

Біреу зәбір етсе, сен сабыр ет.

Араларына түсетін арашасы болмай, екеуі де шаршады.

Бүкіл сынып жалынып сұрамағанда, би кеші болмас еді (Кестені толтыру).

Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары қандай болады? (Слайд).

Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сұрауы	Сөйлемдердің сызбасы
1. Шартты рай			
2. Көсемше			
3. Есімше			

Оқушылар кестені толтырғаннан кейін ережені өздері шығарады.

Шартты бағыныңқы сабақтас дегеніміз – құрамындағы жай сөйлемдердің біріншісі екіншісіндегі істің жүзеге асуына шарттық жағдай аспау шартын білдіретін құрмаластың түрі.

IV. Бекіту кезеңі.

Тапсырма. Берілген сөйлемдердің баяндауыштарына қосымшаларды дұрыс жалғап, сұрағын анықтаңыз.

Үлгі: Сөз жүйесін тап..., мал иесін табар. (-са- шартты рай, қайтсе?)

Жасында жаттықтырма..., өскенде бастықтыра алмайсың.
Көптің мақұлдығы бол..., қаражатты ешкім жұмсай алмайды.
Жақсы ұстаздық ет..., болашақтан тірек табарсың. Су тасқының тоқтатпа..., мал шығыны көп болар еді. Ортақ тіл тап..., жеңіске жету мүмкін емес.

Тапсырма. Сыңарын тап (слайд).

Қаражат бөлінбесе,...	жазда шөп сұйық болады.
Үйдің кілтін алмай,...	соңы жаман болушы еді.
Қар жаумаса,..	үйге кіре алмас еді.
Құтқарушы тез келмегенде,...	сол ел бақытты.
Елін қорғайтын азамат болса,...	жағдай нашарлар еді.

Жүппен жұмыс. Мұғалім бас компьютерден бақылай отырып, оқушы жұмысын басқа оқушыларға интербелсенді тақтадан көрсетеді. (Мультимедиалық кабинет)

1-жүпқа тапсырма. Берілген сөйлемдерді аяқтаңыз.

Жаз келсе,... . Еңбек етсең ерінбей, Су мол болмай,

Көп таяз болғанда, Нағашысымен күрессе,

2-жұпқа тапсырма. Сөздерді орналастырып сөйлем құраңыз.

Бетің, болса, өкпелеме, қисық, айнаға. Қар, тапса, жанады, қалауын. Табылмайды, еңбексіз, ауырса, емі. Күйін, тартқанда, «Боз інген», қояды, шырылдауын, бозторғай. Үйге, кірмей, достары, қайтпады, ол, үйіне.

3-жұпқа тапсырма. Салалас құрмалас сөйлемдерді шартты сабақтас құрмалас сөйлемге айналдыр.

1. Айыпқа бұйырмаңыз, орыныңызға отыра беріңіз.
2. Демалу уақыты аяқталды, жұмысшылар жұмысқа кірісті.
3. Сөз мағынасын түсінді, мазмұнын жүйелеп айтты.
4. Көмектесетін адам көп болатын, жұмысты ерте аяқтайтын.
5. Алдына қарамады, шұңқырға түсті.

Семантикалық карта (слайд).

Мысалдар	Шартты рай	Есімше	Көсемше
Жаманшылықты сезбегенде, арты жаман болар еді.			
Шығыс болмай, кіріс болмас.			
Қонақ келсе, есігіңді аш.			
Қазақ елі қонақжайлылығын көрсетсе, одан басқа халықтар үлгі алар.			
Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады.			

Тест жұмысы.

1. Құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:

А) Құстар жылы жаққа ұшып кетті;

Ә) Көктемде қар ериді;

Б) Жаз келіп, жасыл шықты;

Д) Күзде күн қысқарады, салқындайды.

2. Біресе жалғаулық шылауы қай құрмаласқа тән

екенін көрсет:

- А) себеп-салдар салалас; Ә) кезектес салалас;
 Б) қарсылықты салалас; В) ыңғайлас салалас.

3. Қарсылықты салаласты табыңыз:

А) Оның жүзінде әжімнен сау жер жоқ, әйтсе де беті ойнақы еді.

Ә) Өз жігіттеріме көзім түсіп еді, барлығының жүзінен әзірлікті көрдім.

Б) Мұхит пен Кенбай айғайласа сөйлеседі, себебі шамалы дауысты Көкдолы бұрқағы есіттірер емес.

В) Ол қызына екі түрлі нәрсені үйретуге тырысты: бірі – тұрақтылық, бірі – махаббат.

4. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаласты табыңыз:

А) Қына тасқа бітсе,білім басқа бітеді.

Ә) Күн бұлттанып еді,– жаңбыр жаумады.

Б) Құнанбай Ұлжанның қасына отырды, Мәкіш пен Абайдың жүзіне қарады.

В) Ол ерте келгенімен, ешкім көрмеді.

5. Түсіндірмелі салаласты көрсетіңіз:

А) Дүниеде айнымайтын қорғаушың – ақыл.

Ә) Өтірікші өзін алдайды.

Б) Мал етінің асылдануы сондай – майы ауызыңа салдырмайды.

В) Жігіттің дені сау болса, сол – дәулет.

Тест орындағаннан кейін, тақтадан дұрыс жауабын көрсету.

V. Үй тапсырмасын беру. «Көктем» туралы шағын шығарма (ш.б.с с. қатыстыру).

VI. Бағалау. VII. Рефлексия.

INCERT әдісі

Не білем?	Не білдім?	Не білгім келеді?

АНТОНИМДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – өтілген материалдарды еске түсіріп қайта жаңғырту, жаңа тақырыпты жүйелі түрде жете түсіндіре отырып, жаңа тақырыпқа сай мысалды оқушының өзіне талдату жолымен ережені өздеріне қорыттыру, тақырыпты саналы түрде меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың бұрыннан бар білімін жаңа біліммен байланыстыра алу қабілетін, ойлауы мен зейінін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – өз ұлтының тілін, рухани байлығын құрметтеу, тапқырлыққа баулу, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.

Түрі: сайыс сабақ. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет. **Көрнекілігі:** Абай өлеңі жазылған плакат, тест сұрақтары, «Антонимдердің жасалу жолдары» атты сызба, перфокарта, бағалау парағы.

Сабақтың өтілу барысы.

I. Ұйымдастыру.

Психологиялық дайындық.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

5 топқа 5 түрлі тест сұрақтарын ұсындым:

1. Етістіктерден болған синонимдерді көрсет:

а) амандасу, сәлемдесу, есендесу;

ә) ажар, көрік, әлпет, кескін;

б) пішін, жылдам, есендесу.

2. Берілген тіркестер құрамындағы «терең» сөзінің тура мағынада тұрғанын көрсет:

а) терең білім; ә) терең сезім; б) терең құдық.

3. «Білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады»

деген мақалда ауыспалы мағынадағы сөзді көрсетіңіздер:

а) тауып; ә) қауып; б) білген.

4. *Ол егінін арықтан суарады екен.* Сөйлемнен туынды

омонимді тап:

а) арықтан; ә) екен; б) ол.

5. «Күннің көзі» дегендегі көз қандай мағынада

қолданылып тұр?

а) тұспал мағынада; ә) ауыспалы мағынада;

б) тура мағынада.

– Балалар, өткен аптада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің


бірлестігі «Тіл – халықтың алтын көпірі» атты тақырыпта

семинар өткізгенін білесіңдер.

Тіл дегеніміз не?

Мемлекеттік тілге анықтама бер.

III. Тірек-сызба.



Қазір бір өлеңді дәптерлеріңе жазамыз. Бүгінгі күнді

жазып бастайық.

IV. Жаңа сабақ.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,

Алдамаған кім қалды тірі жанда?

Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,

Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Жазып болған соң өлеңді дауыстатып бір оқушыға оқытамын.

- Балалар, бұл кімнің өлеңі?...

- Абай туралы не білеміз?...

- Біздің сыныбымызда Еркебұлан мен Байжан «Абай-Шәкәрім оқуына» дайындықты бастап кетті. Абайдың қандай өлеңдерін білесіңдер? (Оқушы Абай өлеңін жатқара оқиды).

Осы сұрақтарға жауап алған соң өлеңнен мағынасы бір-біріне қарама-қарсы болып тұрған сөздерді тапқызамын. (*Дос – дұшпан, алыс – жақын*)

- Тағы қандай мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді білесіңдер?..

«Сыңарын тап» ойыны доппен ойналады (Оқушылар мұғалім айтқан сөздердің сыңарларын табады).

Ыстық – суық, шашу – жинау, жақсы – жаман, оң – теріс, ой – қыр, биік – аласа.

- Бүгінгі сабағымыз «Антонимдер» туралы екен.

Берілген сөздерді оқытып, ережені оқушыларға қорыттыру.

V. Дәптермен жұмыс. Бес антоним сөз жаздырту.

- Балалар қазақ тілінде неше сөз табы бар?.. Антоним тоғыз сөз табының ішінде сын есім, зат есім, үстеу, етістік, есімдіктен жасалады екен.

Көп нүктенің орнына антонимдерін ауызша тапқызу.

Сын есім	Етістік	Зат есім	Үстеу
ауыр – ..., ыстық – ..., жас – ..., артық – ..., аш – ..., арық – ..., онай –	озу – ..., кету – ..., қону – ..., шашу – ..., ашу – ..., кіру –	өтірік – ..., обал – ..., алғыс – ..., қарғыс – ..., рахат – ..., бақ –	ерте – ..., ақырын – ..., жоғары – ..., алыс – ..., әрі –

VI. Оқулықпен жұмыс. 87-жаттығу. Әсем – сүйкімсіз (ұсқынсыз), тез – баяу (жай), шебер – олақ, зор – әлсіз.

VII. Шығармашылық жұмыс. Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойып, антонимдерді тап. 1. Өлі арыстаннан тышқан артық. 2. Еріншек егіншіден масақшы озады. 3. Палуанға оң бірдей. 4. Ит үрер жақсыға да, да.

VIII. Сергіту сәті. Жұмбақтың шешуін тауып, антонимдерді сызу.

Күндіз ізетті, түнде күзетте. (Есіктің ілгегі)

Асты тігілген, үсті сөгілген. (Қап)

IX. Кім жылдам? 89-жаттығу.

Берілген сөздердің антоним, омоним, синонимдерін тапқызу.

X. Тақырыпты перфокарта бойынша жұмыспен бекіту.

Антонимдер	Сын есім	Етістік	Зат есім	Есімдік	Үстеу
күлу – жылау					
жаз – қыс					
әне – міне					
жоғарғы – төмен					
күн – түн					
терең – саяз					
ерте – кеш					
өмір – өлім					
қону – ұшу					
көп – аз					

XI. Үйге тапсырма. 88-жаттығу.

XII. Оқушыларды бағалау парағы арқылы бағаладым.

Реті	Аты-жөні	Ой ашу. Тест сұрақтары	Тірек-сызба	Ойын: «Сынарын тап»	Тірек кестемен жұмыс	Жатқа жазу	Оқулықпен жұмыс	Шығармашылық жұмыс	Перфокартамен жұмыс	Қорытынды



Жанна АЙРАНБАЙ,
Абай атындағы көпсалалы
мектеп-гимназияның мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
«Қалбатау» ауылы.

«ӘНШІ» ӘҢГІМЕСІ

(7-сынып, әдеби-теориялық талдау)

Сабақ мақсаты: білімділік – әңгіменің тақырыбын, жазушының идеясын мәтінге сүйене отырып ашу, композициялық құрылысына, көркемдік ерекшелігіне талдау жасау, ән құдіреті мен Әмірқанның бейнесін ашу; **дамытушылық** – өнер тақырыбының өміршеңдігі туралы ұғымды дамыту, жұптық және топтық жұмыста шапшаңдыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды өнер құдіретін құрметтеуге баулу, ұлттық құндылығымыз бен намысымызды қорғай білуге үйрету, ұлтжандылыққа, ұйымшылдыққа, белсенділікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** алдын ала тапсырма беру, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, әңгімелеу, сахналық қойылым, Қанипа Бітібаеваның «Жаңа білімді игерту модулі». **Типі:** дәстүрлі емес. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, география, музыка. **Көрнекілігі:** презентация, тапсырма парақтары, электронды оқулық, жинақтау плакаты, көрме, «Аңыз адам» журналының макеті.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Оқушыларды және кабинетті ОТП-ке дайындау. Балаларды түгелдеу, журнал толтыру.

Сабағымыздың тақырыбы – Жүсіпбек Аймауытұлының «Әнші» әңгімесі (әдеби-теориялық талдау). Мақсатымыз: ән күдіреті мен әнші Әмірқанның бейнесін тану, әңгімеге әдеби-теориялық талдау жасау.

Бүгінгі сабақта топтық жұмыс түрлері жүргізілетін болғандықтан топтарының аты Жүсіпбек Аймауытұлының «Әнші» әңгімесінің мазмұнына сәйкес «**Жастар**» және «**Өнер**» тобы деп аталады.

«Әнші» әңгімесінің кейіпкері Әмірқанның прототипі – Әміре Қашаубаевтың өнегелі өмірі жайлы әңгімені талдай отыра, «Аңыз адам» журналының кезекті санына мәліметтер жинақтаймыз,ғибратты ғұмыры мен таланты жайлы деректерді мақала ретінде жинаймыз.

II. «Сегіз қырлы, бір сырлы» автор (Үй тапсырмасын сұрау, тест).

1. Жүсіпбек Аймауытұлы әдебиетпен әуестенуді қай жылдан бастаған?

- А) 1910 жыл; Ә) 1909 жыл; Б) 1912 жыл;
- В) 1908 жыл; Г) 1907 жыл.

2. Жүсіпбек Аймауытұлы Семейде оқыған кезінде:

- А) күреспен шұғылданған; Ә) ән, күй шығарған;
- Б) сатира жазумен шұғылданған;
- В) зерттеу жұмыстарымен айналысқан;
- Г) домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойып, өзі басты рөлдерде ойнаған.

3. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларының ішінен романдарын көрсет:

- А) «Нұр күйі», «Шернияз»; Ә) «Ақбілек», «Қартқожа»;

Б) «Қанапия мен Шәрбану», «Ел қорғаны»;

В) «Мансапқорлар», «Ел қорғаны»;

Г) «Рабиға», «Ақбілек».

4. «Әнші» әңгімесіндегі «шүленгір» сөзінің мағынасы:

А) шұңқыр; Ә) үлкен; Б) мырза;

В) кәрі; Г) жас.

5. Сұлтанмахмұт рухына арналған драмалық

шығармасы:

А) «Мансапқорлар»; Ә) «Қанапия-Шәрбану»;

Б) «Шернияз»; В) «Әнші»; Г) «Ақбілек».

6. Жүсіпбек Аймауытұлының поэзиялық

шығармаларын көрсет:

А) «Ұран», «Әскер марсельезасы»;

Ә) «Ақбілек», «Қартқожа»;

Б) «Шернияз», «Қанапия»;

В) «Ел қорғаны»;

Г) «Рабиға», «Мансапқорлар».

7. Жүсіпбек Аймауытұлы ғылымның қай саласында

зерттеу еңбектер жазды?

А) педагогика, психология;

Ә) медицина, математика; Б) музыка;

В) философия; Г) жаратылыстану.

8. Жүсіпбек Аймауытұлы:

А) үш бәйтеректің бірі; Ә) үш дана тұлғаның бірі;

Б) жеті өнерлінің бірі; В) бес арыстың бірі;

Г) үш ағартушының бірі.

9. Жүсіпбек Аймауытұлы У.Шекспир, В.Гюго,

Г.Мопассан, А.С.Пушкин шығармаларын:

А) сынады; Ә) аударды; Б) зерттеді;

В) талдады; Г) жинақтады.

10. Жүсіпбек Аймауытұлының қазасына не себеп

болды?

А) оба ауруы; Ә) шешек ауруы;

Б) құрт ауруы; В) оқыс оқиға; Г) жалған айып.

(«Аңыз адам» журналына «Сегіз қырлы, бір сырлы автор» туралы мәліметті салып қоямын).

III. «Әнші» әңгімесіне әдеби-теориялық талдау.

Әңгімені мазмұндауда бірізділік, жүйелілік болуы шарт. Ең алдымен шығарманың мазмұнын толық меңгердік пе? Соған қол жеткізу керек. Ендеше, әңгіме желісіне «Жастар» тобы сюжеттік жоспарды ретімен орналастырады, ал «Өнер» тобы әңгіменің композициялық құрылысын жүйесімен жайғастырады.

«Жастар» тобы:

1. Жетішатыр қаласы;
2. Шәкет үйі;
3. Әншімен алғаш таныстық;
4. Наурыздағы ойын-сауық;
5. Ойын-сауық бағдарламасы;
6. Аруақты әнші;
7. Әмірқанның тұрмысы;
8. Ән құдіреті немесе қос ғашық.

«Өнер» тобы:

1. Оқиғаның басталуы: Жетішатыр қаласында әншімен алғаш таныстық;
2. Оқиғаның байланысы: Ән құдіреті;
3. Оқиғаның дамуы: Наурыздағы ойын-сауық;
4. Оқиғаның шиеленісуі: Ақтамақ хикаясы;
5. Оқиғаның шарықтау шегі: Өлімді жеңген өнер құдіреті;
6. Оқиғаның шешімі: Ғашықтардың айырылуы немесе әнші де жылайды екен.

(Дұрыс құрылғанын тексеру).

«Әнші» әңгімесі мәліметін «Аңыз адам» журналының макетіне салу).

Енді өздері сюжеттік жоспарда көрсеткендей, осы әңгімеде суреттелген Жетішатыр туралы қосымша мәліметтерін тапсырады.

Жұмыстары бағаланады.

(Жетішатыр қаласының суреттерімен таныстыру, Әміре Қашаубаев туралы айту).

Гибратты ғұмыр

1888 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абыралы ауданындағы Дегелең тауында дүниеге келген.

Дегелең тауы, Абыралы өңірі 1949 жылдан бастап ядролық сынақ жүргізу аймағына айналған. 1980 жылдардың аяғында Олжас Сүлейменов ядролық сынаққа қарсы «Невада-Семей» қозғалысын бастап, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Әміре сынды алыптардың туған жерінде атом бомбасының жарылмауы үшін күрескен. Бұл бастаманы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қолдап, ядролық қарудан бас тартып, «Ядролық қарусыз әлем» идеясымен бүкіл әлемге танылды. Қазір ел бейбіт өмір сүруде.

1925 жылы Мәскеудің Үлкен театрында, Париждің концерт залында бүкіл Еуропаны таңғалдырған өзінің атақты 11 концертін берді.

1925 жылы Қызылордада алғаш ашылған ұлт театрының тұңғыш әртісі болып қабылданды.

1927 жылы Германияға шақырылып, кеңестік этнографиялық ансамбльдің құрамында Майндағы Франкфруттың Үлкен театрында 9 концертті табысты өтті.

1934 жылы 6 қарашада жұмбақ жағдайда қайтыс болды. 1925 жылы Парижге Кеңес Одағынан келген делегация құрамында қазақ барын естіген Мұстафа Шоқай Әміре аялдаған қонақүйге барып жолығады. Концерттен бос уақытта Мұстафа Әміреге қаланы аралатып, серуендеп бірге суретке түседі. Екеуі кездескенде Мұстафа Әміреден елдің

жайын, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың халін сұрап, оларға сәлем жолдаған деген деректердің бәрі — ақиқат. Әміре елге келген соң ОГПУ-дың тыңшылары тергеп, «Мұстафа Шоқайдың кеңестегі тыңшысы» деп қыспаққа алады. ОГПУ-дың толассыз тергеуі, қудалауы, үйін тінтуі әншінің түбіне жеткен. 1934 жылы Әміре дүниеден өтер алдында Мәскеуден дыбыс жазу мамандары келіп, әндерін күйтабаққа жазуды жоспарлаған, алайда күйтабаққа жазатын сәтте Әміреге рұқсат етілмеген. Дәл осы жылдың 7 қарашасында Қазан төңкерісінің 17 жылдығына арнап Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсының премьерасы сахнада қойылатын болған. Әміре осы операда негізгі рөлдердің бірінде ойнауы тиіс еді. Бірақ 6 қарашаға қараған түнде Әміре жұмбақ жағдайда қаза тапты. Денесі Алматы көшелерінің бірінен, театр маңынан табылған. Есіл ер, әлемге әйгілі қарапайым қазақ әншісі 46 жасында белгісіз жағдайда бақилық болды. («Фибратты ғұмыр» дерегін «Аңыз адам» журналының макетіне салу.)

Күдіретті әнші – Әміре

Сюжеттік жоспар бойынша оқушылардан әңгіме мазмұнын сұрау:

1. Жетішатыр қаласы;
2. Шәкет үйі;

Қымыз туралы. Сол кездегі жастар, ата-бабаларымыз салауатты өмір салтын жақтаған, жаман әдет – ішімдікке баспаған. Ендеше, қазіргі жас ұрпақ та ағзамызға шипалы ұлттық сусынымыздың қадірін, қасиетін бағалай білуге тиіс.

3. Әншімен алғаш таныстық;
4. Наурыздағы ойын-сауық;
5. Ойын-сауық бағдарламасы;

Сол кездегі жастардың ұйымшылдығын, белсенділіктерін үлгі еткен жөн.

6. Аруақты әнші;

Аудандық мәдениет үйінің қызметкері, Жарма ауданының әншісі «Дудар-ай» әнін орындайды.

Электронды оқулықпен жұмыс. Әмірқанның әнге деген сүйіспеншілігін сипаттаған жері.

7. Әмірқанның тұрмысы;

8. Ән күдіреті немесе қос ғашық;

Адам боп оңай туғанмен,

Адам боп қалу – көп қиын.

Әмірқанның мінездемелік сипаты

1) Қарапайымдылығы: Әмірқан қол ұстасып, сыпайы амандасып отырды. ... бұйығы, момақан жігіт.

2) Әншінің орындаушылық шеберлігі: Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар ауызын ашып аңырды. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

3) Өнерге сүйіспеншілігі: Ән салса ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. ... рахаттанып гүл-гүл жайнайды.

4) Адамға жақындығы: Әмірқан кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт.

5) Азамзаттық тұлғасы: Кісіні алдауды, арын сатуды білмейді.

6) Махаббатқа адалдығы, сезімталдығы: «...сөйткен Ақтамақпен бір-ақ жұмадай дәурен сүрдім. Ой, дүние-ай! – деп ауыр күрсінді де, дыбыссыз қалды. Бетіне қарасам, көзінің жасы парлап тұр екен. – Ақтамақтың қылығы бетер еді,- деп солқылдап тұрып жылады (Ер адам жыламайды, бірақ Әмірқан – өнер адамы. Ал өнер адамы өте сезімтал келеді).

7) Әмірқанның қонақжайлылығы, көпшілдігі: ... қайта-қайта шақырып, үйіне қонаққа апарды. ... қымыз, ет

алып, тыраштанып, шабылып қалыпты.

8) Ақкөңілділігі, жомарттығы: ол барды баламайды, жоқты санамайды. Өзінің бірдемесін сұрасаң бере салады.

9) Әмірқанға берген халық бағасы: «Онсыз топтың ажары кірмейді». «Жігіт екенсің!». «Аштан өлуге бейіл, өлең айтып ақша сұрағанын көргеніміз жоқ». «Әмірқанды жұрт мақтайтын».

«Адам боп келіп өмірге, адам боп өту – көп қиын» демекші, Әмірқан керемет таланттың иесі бола тұра адами қасиеттерін жоғалтпаған.

- Балалар, өздерің байқағандай, әңгіме барысында ұлттық салт-дәстүрге мән берілген. Қандай салт-дәстүрге назар аударылған? (Айт, үлкенді сыйлау, күрес, ойын, құдалық, Наурыз тойындағы ән құдіретіне, өнер құдіретіне ерекше мән берілген.)

- Иә, балалар, өнер – мәңгілік!

Осыдан бір ғасырға жуық бұрын Әміре репертуарында Ақан серінің әні «Балқадидиша» болған. Қазір «Жігіттер» квартетінің орындауымен түсірілген «Балқадидиша» әнінің бейнебаянынан үзінді тамашалайық.

Өнердің мәңгілігі жайлы сөз ету.

Әміренің репертуарында «Балқадидиша», «Қанапия», «Жалғыз арша», «Шіркін-ай», «Келіншек», «Ақ қайың», «Екі жирен», «Үш дос», «Бес қарагер», «Дудар-ай» сияқты әндер болған.

Жазушы «Әнші» әңгімесінде жалпыұлттық мәдени көріністерге мән бере отыра, біздерді тарихи шынайы деректермен де хабардар еткен. Мәселен, Жарылғапберді деген сол замандағы атақты әнші болған. Ұрылардың қолына түскенде Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Мәди, Исақ-Ермек сынды атақты әншілердің шығармаларын арқау ете білген.

Бекіту тапсырмалары мен сұрақтары.

Сонымен қатар әңгімеде жер-су, тау аттары кездеседі.

Жер-су аттары:

Ормамбет, Жетішатыр, Керуенкөл. Тау аттары: Орда,

Итжатпас (толық тапқанша жетекші сұрақтар қою).

- Жер-су атауларының жасалу жолдары қандай?

- Зат есімнің қандай түрі? (Үшеуі де бірігу арқылы жасалған күрделі сөз, жалқы зат есімдер).

Көркемдегіш тәсілдерді табу.

Эпитет: ми дала, меңіреу шөл, күміс көлдер.

Теңеу: үйректей, қаздай қалқып, тұлпардай, шеріктей, ұшатын құстай, т.б.

Метафора: бұлбұлмын, тұлпармын.

1. – Балалар, Әміре сынды талантымен басқа елдерге танымал жергілікті қандай әншілерді білесіңдер?

2. – Қазіргі заманғы әншілер мен Әміренің заманындағы әншілердің ұқсастығы неде?

3. – Айырмашылықтары неде?

– Бүгінгі сабақта біз «Аңыз адам» журналының макетіне Әміре жайлы біршама мәліметтер жинадық. Кабинетіміз бір журналмен толықты.

«Адам боп келіп өмірге, адам боп өту – көп қиын» екендігін біз білеміз, керемет дарын иесі болған Әміре Қашаубаев өмірде адами қасиеттерін жоғалтпаған. «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» деп өнерге ғана бас иіп өткен біртуар дарын иесінің бойындағы жақсы мінез-құлықты өз бойларыңа үлгі етіп ала біліңдер! Өнерді бағалай білейік!

IV. Үйге тапсырма: 1) Әміре Қашаубаевқа хат; 2) «Ақтамақ хикаясын» аяқтау; 3) Сәкен Сейфуллин өмірі туралы қосымша дерек.

Бағалау (сараптама жасау).

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН БЛОК-МОДУЛЬ ЖҮЙЕСІМЕН ОҚЫТУ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – жырдың мазмұнын түсіндіру, жырды оқыту арқылы сөз құдіреттілігін білуге үйрету; **дамытушылық** – тұспал сөз туралы түсінік, оның мәнін ашу, жаманнан жиреніп, жақсыны үйреніп, оны өмірде пайдалана білуге ұмтылдыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке, тапқырлыққа, шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ, білік-дағдыны қалыптастыру, қызығушылықты ояту, деңгейлік тапсырмалар. **Әдісі:** рөлмен нақыштап оқу, ойды топтастыру. **Көрнекілігі:** оқулық, тақта, бор, жоспар, суреттер, жыр бойынша салынған бүктеме, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, биология, география, этнография, сурет.

Бірінші блок-модуль – «Бәйге» ойын стратегиясы.
Мақсатын ашу: тақырыпты шағын сұрақтар арқылы сұрау, тез жауап беруге үйрету, детальдап оқыту.

«Б
Ә
Й
Г
Е»

1. Қобыландының атасының аты кім?
2. Қыстауы мен жайлауы, қай жерлерді мекендеген?
3. Қобыландының қарындасының есімін атаңыз.
4. Тоқтарбайдың жылқыда жүрген тоқсан құлының бастығы кім еді?

5. Көктім Аймақ ханы кім?
6. Батырдың сүйген жары, ақылшысы кім?
7. Батырдың досының есімін ата.
8. Құртқаның елінің аты қалай аталады?
9. Көп Қыпшақтың қуанышы не?
10. Қызыл ер Қобыландының кімі?
11. Қазан мен Алшағыр Қобыландының кімі?
12. Көбікті Қобыландыға кім болып келеді?
13. Ердің тұлпарын білесің бе?
14. Қарлыға Қобыландыға кім болып келеді?
15. Жырдағы халық арманы қалай көрінеді?
16. Қандай кейіпкерге көңілің толмайды?
17. Батырлар жырының тәрбиелік мәні неде?
18. Қараманның Көбіктіге соқтығуын қалай түсіндіресің?
19. Өздеріңе ұнаған бейнелі сөздерді теріп оқы.

Екінші блок-модуль. Жоспар құру

Мақсатын ашу: оқушыларды қатыстыра отырып жоспар құру, оған сай мақал-мәтелдерді табу, адамгершілікке тәрбиелеу.



Үшінші блок-модуль.

Мақсатын ашу: оқушыларды деңгейлеп оқыту арқылы нақыштап рөлмен оқуға, кейіпкер тілінің ерекшелігін білуге, оқылған мәтінге жауап бере білуге дағдыландыру, топтық жұмыс.

Деңгейлік тапсырма.

1-деңгей:

14, 15-беттер;
16, 17-беттер.

2-деңгей:

18, 19-беттер;
20, 21, 22-беттер.

Топтық әдіс.

Мақсатын ашу: оқушылардың өз пікірін жеткізе білуі, зерттеу жүргізуге үйрету, белсенділік, ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін шыңдау, өзіне деген сенімін арттыру.

«Қобыланды мен
Естеміс»
1,2-диалог

«Құртқа мен
Қобыланды»
3,4-диалог

Төртінші блок-модуль.

3-деңгей.

Сурет сыры

Мақсатын ашу: оқушылардың өздері салған суретін қорғауы, сурет бойынша сұрақтарға жауап беру, үшінші деңгей оқушыларын сабаққа тарту.

Қобыланды-
ның суреті

1-сурет.

Пысықтау сұрақтар:

1. Суретте кім бейнеленген?
2. Оның батыр екенін қайдан білдіңдер?

2-сурет.

Пысықтау сұрақтар:

1. Суретте кім бейнеленген?
2. Оның Қызыл ер екенін қайдан білдіңдер?

Қызыл ер

3. Қызыл ер Қобыландыға не деді?

Бесінші блок-модуль

1-деңгей.


Шығармашылықпен іздену тобы.

Мақсатын ашу: оқушыларды өз бетімен сөздік, энциклопедия, баспасөз нұсқаларымен жұмыс істеуге, өз ойларын ауызша, жазбаша баяндай білуге дағдыландыру.

Деңгейлік тапсырмалар.
Оқулықпен жұмыс

Шығармашылық
жұмыстар

Топтастыру стратегиясы бойынша жырдың тәрбиелік мәнін ашу.



Жеткен нәтижем:

1. Бағасын көтеретін болғандықтан, детальға көңіл бөлінетіндіктен оқушылар мәтінді толық оқыды әрі әдеби шығармаға қызығушылығы артты;
2. 6-сынып оқушылары рөлмен оқуда үлкен белсенділік көрсетті;
3. Жырдағы сөз сырына үңілді;
4. Қазақ тілі, биология, география (этимология, этнография) пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асты;
5. Сынып оқушылары түгел сұралды, бағаланды;

6. 3- деңгейдің 4 оқушысы 2- деңгейге көтерілді;
 7. Ауызша, жазбаша тілі дамытылды;
 8. Тақырыпты блок-модульге бөлу арқылы негізгі мәселелерге көңіл бөлінді, оқушылардың бәрі сабаққа тартылды;
 9. Өз білімдерінің нәтижесін бағалау көрсеткішінен көріп көз жеткізді;
 10. Сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығы, белсенділігі артты.

«Қобыланды батыр» жыры бойынша бағалау көрсеткіші.

№	Оқушылардың аты-жөні	Деңгейі	Ұпайлар										
			Бөйге сұрақ	Жоспар құру	Рөлмен оқу	Пысықтау сұрақтары	Мақалды еске түсіру	Ғылыми ізденіс	Ойтолғау	Жалпы ұпай	Бағалау		



Нұрлыбек МҰҚАНҒАЛИЕВ,
Мұхтар Мирманов атындағы
жалпы білім беретін
орта мектептің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жаңақала ауданы,
 «Бірлік» ауылы.

МҰХТАР ШАХАНОВ. «ОТЫРАР»

(5-сынып)

Сабақ мақсаты: **білімділік** – өлеңді оқып, кейіпкерлеріне талдау жасау, терең түсіне білуге, қызыға оқуға жетелеу; **дамытушылық** – салыстыру, ой қозғау, проблемалық сұрақтар арқылы өз пікірін ашық айта білуге дағдыландыру, көркем сөйлеуге үйрету; **тәрбиелік** – Қайыр ханның өжеттігі,

ерлігі, батырлығы арқылы оқушыларды адамгершілікке, достыққа қайырымды, кішіпейіл болуға, елін, жерін сүйеге тәрбиелеу.

Түрі: талдау сабағы. **Әдісі:** «Кубизм» әдісі, «Өзім үшін жазу» стратегиясы, Венн диаграммасы, проблемалық сұрақтар, тест. **Көрнекілігі:** Мұхтар Шаханов портреті, оқулық, өлең жолдары жазылған плакаттар, көрме, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: сәлемдесу; оқушылардың сабаққа қатысын, дайындығын тексеру.

Үй тапсырмасын тексеру:

- 1. Мұхтар Шаханов туралы айту.**
- 2. «Отырар» өлеңін баяндау, мазмұнын айту.**
- 3. Отырар туралы мәлімет.**

«Отырар» өлеңі үйден оқып келуге берілгендіктен бірден сабақты талдауға кірісеміз.

- Оқушылар, Қарашоқының әкесі Шеткі елші қақпадан бір баланы шығарып жіберді. Соны біздер құтқаруымыз керек. Алдымен топты екіге бөлемін: «Құлагер» және «Қозыкүрең» тобы. Екеуінің аты бізге өте таныс. Екеуі де жүйрік. Сұрақтарға дұрыс, нақты жауап беріп, жүйріктік танытқан оқушылардың тұлпарлары 5 түрлі кедергіден өтіп, межеге бұрын жетіп жеңіске жетеді.

1-кедергі. Қозғалыс. Кейіпкерлерді талдау (ой қозғау).

1. Топшама арқылы жұмыс.

Шыңғыс хан – ақылды, айлакер, қатігез, қанішер. Отырардың бүкіл халқын қыруға бұйрық берді. Баласына осал тұсты іздеуіне бағыт берді.

Шағатай – Шыңғыстың баласы. Тәжірбиесі аз, сондықтан Отырарды ала алмады.

Қайыр хан – Отырардың ханы. Білімді. Әбу Насыр әл-Фараби мен Ахмет Иассаuidiң жырларын жатқа біледі. Ел

басқару мәнері өзгеше. Қайсар, өжет, өлімге де бас имеген. Ақылды. Қарашоқының тағдырын шешуді өзінің әкесіне береді.

Қарашоқы – қара мұртты, сатқын. Отырардың есігін ашып жіберді. Қорқақ. Ханға бас ұрып аяғына жығылды.

Қарашоқының әкесі – батыр, ұяты бар. Баласының сатқындығы үшін өзінің де өмірін қияды. Болашақты ойлайтын адам.

2-кедергі. Асу.

«Өзім үшін жазу» стратегиясы

Өлеңнің басты тақырыбы	Мазмұны, айтар ойы	Сені толқытқан өлең шумағын жазу	Басты кейіпкерлері
Ерлік, батырлық, елі үшін жанын қиған қазақ ханы туралы.	Жауға қарсы күрескен Қайыр ханның ерлігін мадақтау, сол арқылы Отанына опасыздық еткен адам қашанда өз сыбағасын алатынын көрсету		Шыңғыс хан. Қайыр хан. Қарашоқы.

3-кедергі. Белес.

«Кубизм» әдісі. Кубикті домалатып, 6 жағындағы 6 сұраққа жауап беру.

1. Қолданыңыз. Бір шумақ өлеңді буынға бөл де, буын түрлерін анықта.

Жы-лан ту-са жы-лан-нан,

Құ-лан ту-са құ-лан-нан

Таң-да-на-тын түк-те жоқ,

Бі-рақ жы-лан қа-лай ту-ды қы-ран-нан?

2. Талдаңыз. Өлең құрылысына талдау.

Ұ-лы ха-ным //ә-діл-дік пе// мұ-ны-ңыз, 11 а

Ө-лөл-ген-ше //боп ө-те-йін //құ-лы-ңыз. 11 а

О-ты-рар-ды //мен қол ұ-шын //бер-ме-сем, 11 ә

О-най жау-лап //а-лар ме-ді //ұ-лы-ңыз 11 а
1 шумақты, 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды, қара өлең
ұйқасы.

3. Атаңыз. Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер айту.

Ерлік – білекте емес, жүректе. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді. Көз – қорқақ, қол – батыр. Ер елімен жақсы. Нартәуекел – ер ісі.

4. Ой қосыңыз. Қайыр хандай ерлік көрсетіп, елін жаудан қорғаған қандай хан, батырларды білесің? Абылай, Әбілхайыр, Тәуке, Қабанбай, Бөгенбай, Баян батыр, Исатай, Махамбет, Сырым, Қарасай, Райымбек, Кенесары, Наурызбай, т.б.

5. Сараптаңыз. Өлеңдегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді атаңыз.

6. Анықтаңыз. Мұхтар Шахановтың тағы қандай шығармаларын білесің? Баллада дегеніміз не?

4-кедергі. Қырат.

Екі топқа 10 сұрақтан тұратын тест беріледі. Бәрі отырып жауабын анықтайды.

Тест сұрақтары:

«Қозыкүрең» тобына.

1. Шағатай қанша әскермен Отырарға келгенін көрсет:

А) 50 мың; Ә) 200 мың; Б) 1 миллион; В) 500 мың.

2. Шағатайдың Шыңғыс ханға қандай туыстығы бар?

А) ханның досы; Ә) ханның інісі;
Б) ханның баласы; В) ханның қайнағасы.

3. Отырар халқы неше ай қорғанды?

А) 6 ай; Ә) 6 күн; Б) 60 күн; В) 10 ай.

4. Шыңғыс хан әскерлерінің ең сорақысы

А) жүкті әйелдерді өлтіруі; Ә) еркектерді өлтіруі;
Б) қорғанды қиратуы; В) қаланы өртеуі.

5. Қалада қанша халық бар?

А) 150; Ә) 500; Б) 150 мың; В) 1500.

6. Отырардың сол кездегі ханын көрсет:

А) Хақназар; Ә) Ақсақ Темір; Б) Абылай; В) Қайыр.

7. Отырардың қақпасын ашып берген кім?

А) Жантық; Ә) Қаражан; Б) Қарашоқы; В) Бауыршық.

8. Қайсысы Қайыр ханның бойына лайық емес?

А) ізгі, мейірімді; Ә) ержүрек, батыр, мерген;

Б) ақындардың жырын айтар білімді;

В) қорқақ, жымысқы.

9. Қолға, тұтқынға түскен Қайыр ханның бейнесін көрсет:

А) үрейі ұшып сасқалақтаған, денесі қанға малшынған;

Ә) көзінде жас, еңсесі түсіп қорланған, мұңайып әбден жасыған;

Б) денесі қанға малшынған, езуінде мысқыл күлкі бар, еңсесі биік;

В) жалынып, басының азат болуын тілеп, тағдырына мойын ұсынған.

10. Шыңғыс хан жасауылдарына кімді әкелуді бұйырды?

А) Қайыр ханның әкесін; Ә) куәгерлерді;

Б) Қарашоқының әкесін; В) шағымданушыны.

«Құлагер» тобына.

1. Шыңғыс хан Қайыр ханның қандай қасиетіне сүйсінді?

А) өрлігіне; Ә) тентектігіне;

Б) мергендігіне; В) білімділігіне.

2. Қайыр ханға сүйсінген Шыңғыс оған қандай сый ұсынды?

А) тамақ; Ә) алтын;

Б) сатқынды жазалау билігін; В) басына еркіндік.

3. Сатқын Шыңғыс ханға өзін өлтірмеуін сұрап, өзінің

қандай еңбегін бағалауын сұрады?

- А) соғысқа қатыспағанын, қару көтермегенін;
- Ә) соғыспай берілу туралы үгіт жүргізгенін;
- Б) Отырардың қақпасын ашып бергенін;
- В) енді оған адал қызмет ететінін.

4. Шыңғыс хан «Сенен асқан бар ма бірақ тірі өлік?»

деп кімге айтты?

- А) Қайыр ханға; Ә) Қарашоқыға;
- Б) Шағатайға; В) Қайырдың әкесіне.

5. Қарашоқының әкесі бір баланы қалай құтқарып

жіберді?

- А) жер асты жолымен; Ә) шеткі елші қақпасымен;
- Б) үлкен қақпамен; В) кіші қақпа арқылы.

6. Отырар қаласының ежелгі атауы:

- А) Баласағұн; Ә) Баршынкент; Б) Сайрам; В) Фараб.

7. Шыңғыс хан Отырар туралы қандай бұйрық

берді: А) тек еркектерді қырып тастауға;

Ә) ешкімді қалдырмай қыруға;

Б) тек әйелдерді қыруға;

В) тек қарттарды қалдыруға.

8. Отырардың қирауына не себеп болды?

А) жаудың көптігі; Ә) қарудың аздығы;

Б) сатқындық; В) қоршауда қалды.

9. Отырар шайқасы қай жылы болды?

А) 1837 ж.; Ә) 1219 ж.; Б) 1396 ж.; В) 1404 ж.

10. Қайсысы Отырарда туған?

А) Абай; Ә) Аристотель;

Б) Әбу Насыр әл Фараби; В) Асан қайғы.

5-кедергі. Көз ұшында. Венн диаграммасы.

Оқушылар, біз бүгін Мұхтар Шахановтың «Отырар» өлеңі мен оның кейіпкерлеріне талдау жасадық. Бәріңіз сабаққа жақсы қатыстыңыздар. Енді сабағымызды бекітейік. Ол үшін мына сауалдарға орнықты жауап берген жөн:

1. Алты ай бойы жауға берілмеген Отырар неше күнде жермен-жексен болды?

2. Себебін айт.

3. Қайыр ханның арманы орындалды ма?

Қорытындылау.

Оқушыларды сабаққа қатысына қарай бағалау.

Үйге тапсырма. Егер де сен Қайыр ханның орынында болсаң, Қарашоқыға қандай жаза кесер едің? (Ойтолғау жазып келу).



Бибігүл БАТЫРОВА,
Қаныш Сәтбаев атындағы
жалпы орта білім беру
мектебінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы.

«ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР ҚАМЫС ҚҰЛАҚ»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік қалыптастыру, ақын шығармаларының тақырыбы туралы мәліметтер беру, «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіндегі адамның, ер жігіттің сенімді серігі – бәйге атының сыны мен бағасының берілуі; 2) тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту; 3) ұлы ақынға деген құрмет, мақтаныш сезімдерін тәрбиелеуге ықпал ету, ақын шығармалары арқылы балалар бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге үлес қосу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау,

мәнерлеп оқу, лингвистикалық түсіндірмелі оқыту, сұхбат жүргізу. **Пәнаралық байланыс:** биология, қазақ тілі. **Күтілетін нәтиже:** Абай шығармаларындағы өмірлік құндылықтарды тану; жүйрікті баптау, оны бәйгеге қосу – қазақ баласы үшін үлкен өнер болғанын білу. **Көрнекілігі:** ақын портреті, интерактивті тақта, оқушының дәптері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».

Жақсы адам қасиеттері: ешкімді жатсынбайды, сөзіне сақ, елдің ағасы, елдің басшы серкесі, жүзі жылы, сөзі майда, жүзі жақсы, жыл құсындай, алысты жақын етер.

Жаман адам қасиеттері: көкірегі көр, жүрер жолдан тал түсте адасушы, өтірікші, өсегі көп, іріткі салушы, ел арасын сөзбен бықсытушы, ұрыншақ, тентек, сүйкімсіз, жылқының қотыр болған аласындай, кеудесіне нан піскен.

Қызығушылықты ояту. «Ойқозғау» әдісі.

Интерактивті тақтадағы ойқазығы етіп алған пікірлерді оқу.

III. Жаңа сабақ. «Мағынаны тану» кезеңі

а) Абайдың XIX ғасырдағы қазақтың данышпан, суреткер ақыны, өз ұрпағын өнер-білімге үндеген ойлы ағартушы екендігін түсіндіру.

Оқулықпен жұмыс. Бала Абай туралы оқу. «**Ассоциация**» әдісі (дәптерлеріне жазып отыру, түртіп алу). Шартты белгілермен жұмыс: «v» білемін, «+» жаңалық, «-» білмеймін, «?» толығырақ білгім келеді.

ә) «Абай туралы не білеміз?» тақырыбында сұхбаттасу.

б) Ғасырлар бойында мал өсірумен, көшпелі күйде тірлік еткен елдің ақыны аттың бағасын өзгеше түсінеді. Соның ішінде бәйге аттың орыны мүлде бөлек. Ол қазақтың бағзы заманнан бергі ауыз әдебиетінде де сан алуан «қиял пырағы» болып жырланып келген. Абай өмір кешкен кезде де «ер қанаты – жүйрік ат» болған, әсіресе, қазақ білген жануардың

ішіндегі адамға ең ыстығы, қадірлісі екендігі.

в) «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін барлық оқушылар оқулықтан дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуы, интерактивті тақтадан жылқының сыртқы мүшелерін көрсету, сондай-ақ ақын суреттеуінен аттың түр-тұлғасы, жүріс-тұрысы, шабыс-желісі бейнелі сөздермен айшықталғаны жайлы оқушыларға мәліметтер беру.

г) Сөздік жұмыс:

Сағақ – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы. *Жерсоғар* – ат тұяғының арт жағындағы қатты жері, өкшелігі. *Ашамайлы* – ашамай салынған деген тамағына. *Шідерлік* – ат сирағының шідер салатын жері. *Шідер* – ат сирағының екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салатын тұсау.

ғ) Жүйрік баптап, оны бәйгеге қосу қазақ баласы үшін үлкен өнер болған. Бұл өлеңде Абай бәйге атының мүсінін берген. Ат сипатын беретін әрбір сөзге тоқталайық, мәселен, «жауырыны етсіз тақтайдай-ақ» деген өлең жолына үңілейікші. Жүйрік атта артық ет болуы мүмкін емес. Сол себепті де жауырынды етсіз тақтайға теңеуі нанымды болып келеді. «Арты талтақ» деген суреттеме бар. Бәйге артының қолтығы, саны ықшам болып, бір-біріне жабысып жатса, шапқан кезде адымы ашыла ма? «Қоян жақ», «қой мойынды» деген суреттемелер қаз-қалпында алғанда тым қарапайым-ақ. Ал қоянның жағы – ол құраған етсіз жақ. Жүйріктің жағы майлы болып келмейтінін ақын осы «қоян жақпен» беріп отыр.

Осылайша әрбір бейнелі сөзге түсінік беру керек.

- Енді, балалар, айтыңдаршы, өзіміз қандай атақты бәйге аттарын білеміз?..

- Иә, Ақанның Құлагері.

- Ол туралы қандай шығармалар бар?

- Ілияс Жансүгірұлының «Құлагер» поэмасы, Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы.

- Енді осы романда Күреңбай сыншы Құлагер сипатын

қалай берген екен, тыңдап көрейік.

д) Оқушыларға мысал ретінде романнан үзінді оқып беруге болады.

Асқа келген жұрт ауызына Ақан мен оның Құлагері түсті. Күреңбай сыншының Құлагерге берген бағасы: кез келген жылқыда 12 қабырға болады. Ал Құлагерде 1 қабырға артық, міне, қанат деген – сол қабырға, көріктей өкпені қыспай, кең тыныстануына бірден-бір себеп – сол. Терінде сықпа құрттың дәміндей дәм жоқ. Жеті тері алынған. Құмалағында қоянның көз жасуындай бір тамшы су жоқ. «Ат шаппайды, бап шабады» деген бар емес пе? Шіркін ат та ат екен, баптаушысы да сабаз екен.

е) Сұрақтар:

Ақын қазақтың күнделікті пайдаланып жүрген ауызекі тілінен қандай бейнелі, айшықты оралымдар жасаған? Шоқпар деген не? Ол өлеңде қандай бейнелі сөзге айналған?

Жүйрік атта артық ет болуы мүмкін бе?

Жүйрік аттың аса биік болмайтынын қалай береді?

IV. Бекіту. «Ойтолғаныс» кезеңі. 3-топқа тапсырма беру.

Дәптермен жұмыс. 1-кесте

Өлеңнің алғашқы шумағынан дене мүшелерін тіркескен сөзімен теріп жаз.	Осы сөздерден омоним болатын сөздерді тап, мысал келтір.	Тіркескен сөздердің ішінен тасымалдауға болмайтын сөздерді тап.
шоқпардай кекіл, қамыс құлақ, қой мойын, қоян жақ, бөкен қабак, ауыз омыртқа, майда жал, ой желке	Қой. 1. Қорада <u>қой</u> су ішіп тұр 2. Кітапты орынына <u>қой</u> . Ой. 1. Оның <u>ойы</u> ұшқыр. 2. Ауыл <u>ойға</u> қарай қоныс тепті. Жақ. 1. От <u>жақ</u> . 2. Адамның дене мүшесі. 3. I, II, III <u>жақ</u> .	Қой Жақ Ауыз Жал Ой

2-кесте. Өлеңнен жылқының дене мүшелерін теріп жаз.

Жауабы: кекіл, құлақ, мойын, жақ, қабақ, ауыз омыртқа, жал, желке, мұрын, ерін, тіс, қабырға, жота, омырау, төс, бақай, тұяқ, шынтақ, аяқ, жауырын, сауыр, мықын, құйрық, қыл, ұршық, сан, бауыр, тірсек (шідерлі), көз.

Осы сөздерге сұрақ қой.

Сұрағы: не? Қай сөз табына жатады?

Сөз табы: зат есім.

3-кесте. «Бес жолды өлең» (Жаңа сабаққа байланысты бес жолдан тұратын қорытынды шығару).

1. Кім? Не? Абай.

2. Қандай? Ақылды, зерек.

3. Не істеді? Оқыды, жазды, қалдырды.

4. Сөйлем. Абай – қазақтың ұлы ақыны.

5. Синоним. Абай, ақын.

Толықтыру тесті 4-кесте.

Батырлар жырындағы, ертегілердегі батырлар	Астына мінген аты
Алпамыс	Байшұбар
Қобыланды	Тайбурыл
Ертөстік	Шалқұйрық
Күлтегін	Қарагер
Кендебай	Керкұла

Жаңа сабақты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Абай атамыздың суреттеуіндегі аттың сыны өнердің қай түріне жатады? 2. Өнердің басқа қандай түрін білесіңдер? 3. «Ат – ер қанаты» деген қанатты сөздің шығуы неліктен деп ойлайсыңдар? 4. Жылқы малы туралы қандай ән, би, күй аттарын білесіңдер? 5. Ат туралы қандай мақал-мәтел білеміз?

Ән, би, күй аттары: «Бозжорға», «Жылқының әні», «Көкшолақ», «Құлагер», «Жылқы ішінде бір ала», «Қара жорға», «Ақсақ құлан», т.б.

Мақалдар: *Ат – биеден, аруана – түйеден. Тұлпар шаба жетіледі, Сұңқар ұша жетіледі. Ат – құлыннан, батыр –*

баладан. Ат тұяғын тай басар. Аттың аты үлкен, түйенің табаны үлкен. Ерге лайық ат бімеді, Қызға лайық сән бімеді.

- Оқушылар, жақсы атты танып білдік пе?

Өлеңнің идеясы: ер қанаты – жақсы атты суреттеу, тану.

Өлеңнің түйіні: «Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас.

Разы емен осындай ат мінбесем».

V. Үйге тапсырма беру. 1-топқа: өлеңнен өздеріне ұнаған

3 шумағын мәнерлеп жатқа оқу, эпитет сөздерді жазу. 2-топқа: мазмұнын қара сөзбен жазу. 3-топқа: теңеу сөздерді жазу, аттың суретін салу.

VI. Оқушылар білімін бағалау.



Мейрамкүл БАЙЖІГІТОВА,

Қостанай қаласындағы

№10 орта мектептің

мұғалімі.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ. «МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА»

(6-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – оқушыларға Бердібек Соқпақбаевтың өмір жолы және оның барлық адамдарға танылған «Менің атым – Қожа» шығармасының мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі негізгі ойды, идеяны ұғындыру, мәнерлеп оқу дағдыларын, қызығушылығын арттыру, ойларын, пікірлерін еркін айтуға, өз көзқарастарын дәлелдей білуге үйрету; **дамытушылық** – ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – Қожа бейнесі арқылы,

оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүйеге, үлгі-өнеге алуға шақыру, жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Түрі: панорамалық сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, суреттеу, салыстыру, сұрақ-жауап, бекіту, қорытындылау, бағалау.

Көрнекілігі: ақын портреті және еңбектері, интерактивті тақта, «Менің атым – Қожа» фильмінен үзінді.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Сәлемдесу. Кезекші мәлімдемесі. Жұрнал бойынша түгелдеу.

ә) Үй тапсырмасын сұрау.

Жалпы сұрақтар Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмірі бойынша, «Қан мен тер» романының үзіндісі «Балықшылар» бойынша Арал балықшыларының тұрмысы, ондағы негізгі кейіпкерлер және олардың бейнесі бойынша қойылуы шарт. Бұл «3 қадамнан тұратын сұхбат» арқылы жүргізіледі.

В



А – сұрақ қояды (I қатар).


В – жауап береді (II қатар).

С – айтылған жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады. (III қатар).

Жаңа сабақ.

Бердібек Соқпақбаев — қазақ балалар жазушысы. Бердібек Соқпақбаев **1924 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, «Қостөбе» ауылында** дүниеге келді. Балалық шағындағы басынан өткен қиындықтар мен жоқшылық жайлы «**Балалық шаққа саяхат**» кітабында

бейнеленген. 1950 жылы «Бұлақ» атты тұңғыш жинағы шықты. Балаларға арнап «*Менің атым – Қожа*», «*Аяжан*», «*Гауһар*», т.б. повестер, «*Кездесу*», «*Бозтөбе*» поэмаларын жазған. «Қазақфильм» студиясында «*Менің атым – Қожа*» повесі бойынша фильм түсірілді. Абай атындағы Қазақ педагогтық институтының филология факультетін бітірген. Бірнеше жыл ауылда мұғалім болып еңбек етті. «Қазақфильм» киностудиясында редактор болды, «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» басылымдарында қызмет етті. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша әдеби кеңесші қызметін атқарды.



I. Қызығушылықты ояту сатысы.

Оның сценарийі бойынша 1967 жылы қойылған «*Менің атым – Қожа*» фильмі Францияның Канн қаласында жасөспірімдерге арналған халықаралық кинофестивалінің жүлдесіне ие болды.



Жалпы шығарманы мынадай

бөлімдерге бөлуге болады:

1. Атының Қожа аталуы немесе өзін таныстыруы;
2. Лагерьге жолдама алған Жантасқа кездесуі;
3. Майқанованың келіспеуі;
4. Өткенді еске түсіруі;

5. Орыс әдебиеті сабағы;
6. Бақаның әлегі;
7. Педкеңестегі талқы;
8. «Түбі адам болатын бала»;
9. Өзіне берген уәдесі;
10. Құпия кеңес.

«Ой қозғау» стратегиясы. Сұрақ-жауап:

1. Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап сыпсыңдағыш кім?

2. Мен оқулық емес, қант аламын. Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз.

3. Біз екеуіміз таныс шығармыз деймін?

4. Мүмкін орыныңа барып айтатын шығарсың?

5. Мен сенің әкеңе қарыздыгер адаммын. Менің мойынымда оның тиыны емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр.

6. Келесі сабаққа қайсың бақа ұстап әкелесіңдер?

«Шығарма кестесін толтыру» стратегиясы.

Шығармада кездесетін тұрақты тіркестерді тауып, төмендегі кестеге жазу керек және кітаптан сол тұрақты тіркес қатысқан сөйлемді тауып оқып, мағынасын ашуы тиіс.

№	Шығармада кездесетін тұрақты тіркестер
1	<i>Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара <u>құлағым үйреніп</u>, дағдыланып кеттім.</i>
2	<i>«Әке» деген сөзді айтқанда, <u>жүрегім қарс айырыла жаздайды-ау!</u></i>

Топтастыру стратегиясы



Қожа – алғыр, пысық, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, әділетті, әзілқой, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі. Жантас – өтірікші, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, арамза, жағымпаз.

Сабақты әрі қарай жалғастыру үшін **криптограмманы** шешуіміз керек.

15 20 10 1 15 27 22 12 42 14 8 19 8 24 21 25 14 38 11 7 38.

Шешімі: **«Қожа құпия кеңес өткізді»** сөйлемі.

Осы сөйлем бойынша сұрақтар қойылады: *1. Қожаның өз қателіктерін түзетуіне мүмкіндіктері бар ма? 2. Қожаның өз мінез-құлқы жайында ойлауына не мәжбүр етті?*

Мағынаны тану. Интерактивті тақтамен жұмыс. Оқушыларға «Менің атым – Қожа» фильмінен криптограмманың шешуі болған сөйлемнен, яғни, Қожаның құпия кеңес өткізген жерінен үзінді көрсетіледі.

Үзіндіні көргеннен кейін оқушыларға **«Мен Қожаның орынында болсам....»** тақырыбында эссе жазғызамын. Ортадағы «Ыстық орындықта» әр топтан бір оқушы эссені оқиды.

Ойтолғаныс. «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы.

Қ –


О –

Ж –

А –

«Венн диаграммасын» шешу стратегиясы.

Қожа Ұқсас жақтары Досы Сұлтан



«Траф» стратегиясы

Т – тақырып («Менің атым – Қожа»).

Р – рөл (оқушы).

А – аудитория.

Ф – форма (хат, естелік, т.б.)

Оқушылар бұл әдіс бойынша Қожаға өздері қалаған форма бойынша өз ойларын жеткізеді.

Сабақтың қорытындысы. Сабақ соңында сұрақ қою арқылы сабақты қорытындылаймын.

Үйге тапсырма. Төмендегі концептуалдық кестенің үлгісіне салып сол кестені толтырып келу.

«Менің атым – Қожа» шығармасы бойынша.

№	Кейіпкерлер	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерлерге беретін өз бағаңыз
	Қожа		
	Жантас		
	Майқанова		
	Жанар		
	Қадыров ағай		
	Әжесі		
	Анасы Миллат		

- Балалар, үйге тапсырма түсінікті ме? Түсінікті болса сабақ аяқталды, сау болыңыздар.



Гүлназ НҰРМАНОВА,
№ 187 Мұстафа Шоқай атындағы
қазақ орта мектебінің
мұғалімі.

Қызылорда қаласы.

«ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға романның негізгі оқиға желісін меңгерту, тақырыбын ашу, ақынның

негізгі айтайын деген ойын аңғарту; **дамытушылық** – әртүрлі сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; **тәрбиелік** – өз құқықтарын білетін, адамгершілігі мол, әділдікті жақтайтын шыншыл азамат тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Типі:** жаңа сабақты меңгерту, білікпен дағдыны қалыптастыру. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, бесжолды өлең құрастыру.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру. Амандасу, түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

Үй тапсырмасы.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романын (мазмұнын оқу, түсіндіру).

Шығарманың композициялық құрылысын талдау.

Жаңа сабақ.

Романның негізгі идеясын Сұлтанмахмұт әр түрлі тағдырлар түйісі, образдар қақтығысы арқылы ашады. Роман кейіпкерлерін мақсат-мүддесіне, ұғым-түсінігіне қарай екі топқа бөлуге болады.

(2 оқушы екі топтағы кейіпкерлерге сипаттама береді)

Әділдік, шындық,
адамгершілік бағытты
көксеген жанашылдар

Қамар, Ахмет,
Омар, Қасен

Ескі салтты ту еткен
зорлық пен зомбылық
иелері

Нұрым, Оспан би,
Қалтан қажы, бақсы, балгерлер

Көркем әдебиет – сөзбен салынған сурет. Көркем шығарманы оқи отыра, кейіпкер іс-әрекетіне баға бере келіп, оқушы бойында әр түрлі сезімдер пайда болады, себебі адамның көңіл күй әлемі шексіз.

/Оқушылар «Қамар сұлу» романын оқу барысында өздерінде байқалған психологиялық сезімдерін топтастырып жазады./



Оқушылардың кестемен жұмысы.

Психологиялық сезім	Психологиялық сезімнің туу себептері
Сүйсіну, риза болу.	Қамардың бүкіл қазақ қыздарына үлгі боларлықтай мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, ақылдылығына сүйсініп, өзіне тең, жар боларлық адамды сұлудан, байдан іздемей, ақыл-парасаты мол, оқыған, арлы азаматты армандағанына риза болдым.
Аяушылық.	Жорға Нұрым Қамардың қарсылығына қарамастан қол-аяғын байлап, зорлап әкеткенде аяушылық сезімі пайда болды.
Өкініш.	Бір-біріне лайық екі жастың қосыла алмағандығына өкіндім.
Қорқыныш.	
Таңырқау.	

Кейіпкерлерге «бес жолды өлең» құрастыру.

Проблемалық сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерін білдіру.

1. «Қамар сұлу» романындағы салт-дәстүр қазіргі таңда сақталған ба? 2. Романда кездесетін қарама-қайшылықтар

осы өмірде кездесе ме? 3. Оқиғаны қалай аяқтаған болар едің?

Қорытынды. «Қамар сұлу» романында әлеуметтік қайшылық, әйел теңдігі мәселесін қозғай отырып, жазушы адам құқын қорғаушы, әділетсіздікті, зорлық-зомбылықты айыптаушы ретінде әдебиет сахнасына шығады.

Қазір ХХІ ғасыр. Еліміз тәуелсіз мемлекет болды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Адам тағдыры кез келген уақытта басты мәселенің бірі болып қалмақ.

Оқушы білімін бағалау.

Үй тапсырмасы: «Қамар сұлу» романынан көркемдегіш құралдарды табу (теңеу, эпитет, портрет, т.б.).



Жұлдыз ЕҢСЕБАЕВА,

**Тана мырза орта
мектебінің мұғалімі.**

Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
Тана мырза ауылы.

ЫБЫРАЙДЫҢ «ӨЗЕН» ӨЛЕҢІ

(5-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы, «Өзен» өлеңі арқылы Ыбырай шығармаларының көркемдік ерекшелігін түсіндіру, пейзаж жайлы түсініктерін дамыту; **тәрбиелік** – табиғатты сүйеге,

қоршаған ортаға құрметпен қарауға баулу, туған жерін, елін құрметтеуге, әсемдікке, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушының тіл мәдениетін қалыптастыру, өлеңнің эстетикалық мәнін түсіндіру, өлеңнің буын, ұйқас түрін анықтай білу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту (танымдық сабақ). **Әдісі:** топтық және тікелей оқыту, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, талдау, салыстыру, ойтолғау, проблемалық түйін тудыру.

Көрнекілігі: Ыбырай Алтынсарин портреті, шығармалары, шығармашылығы жөнінен слайд, Қазақстанның картасы, интерактивті тақта, табиғат суреттері. **Пәнаралық**

байланыс: бейнелеу өнері, тарих, экология, музыка, өзін-өзі тану.

Сабақтың жүру барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасы. Махамбет Өтемісұлының «Қызғыш құс» өлеңі жатқа айтылады.

1. Махамбет өлеңдері бізді неге тәрбиелейді?

2. Табиғаттағы құбылыстарды өз тағдырымен салыстыра суреттеудегі ақын шеберлігінен мысал келтір.

Жаңа сабақ. Бүгінгі жаңа сабағымыз – Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңі.

Ойқозғау. Біз Ыбырай Алтынсарин жөнінде не білеміз?

Оқушылар айтады. (Слайд көрсетіліп отырылды)

- Ыбырай Алтынсарин кім?

Топтастыру (оқушылар өздері топтастырады).

Ыбырай Алтынсарин «Жаз», «Өзен» өлеңдерінде жыл мезгілін, табиғат суретін шеберлікпен сипаттайды.

Табиғат суреттері. Тау өзені (слайд)

Сарқыраған өзен дыбысын тыңдата отырып Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңін жатқа оқимын.

Бір оқушы оқулықтан «Өзен» өлеңін оқиды.

Сұрақтар:

1) Өлең лириканың қай түріне жатады? (Табиғат лирикасы) 2) Ақынның көңіл-күйі қандай? 3) Өлеңде ақын өзенді қалай суреттейді? Қарғыба өзенімен салыстыр.

Мұғалім шығармадағы табиғатты суреттеу, пейзаж туралы айтады.

Топтық жұмыс.

1-тапсырма. 1-топ – «Асыл сөз». Өлеңдегі теңеуді тауып, анықтамасын айтыңыз. (*айнадай, оттай жанып*)

2-топ – «Зерде». Өлең құрылысына талдау жаса, ұйқас түрін көрсетіңіз (Тақтаға талдату).

11 буынды қара өлең ұйқасы (а,а,б,а).

Тау|лар|дан ө|зен а|ғар сар|қы|ра|ған, а

Ай|на|дай сәу|ле бе|ріп жар|қы|ра|ған. а

Жел|соқ|са,ыс|тық соқ|са бір қа|лып|та б

А|ра|лап тау|мен| тас|ты ар|қы|ра|ған. а

2-тапсырма. 1-топ. Біздің өлкедегі Қарғыба, Боғас өзендері туралы не білесіздер? 2-топ. Өзіміздің жеріміздегі Базар, Тебіске өзендері жөнінде айтыңыздар. Бүгінгі проблемалық мәселелер.

3-тапсырма. 1-топ. Өлеңнің бірінші шумағында өзенді қалай суреттейді? (Ақын сөзімен айт). 2-топ. Екінші шумақтағы соңғы екі жолында тоғайды ақын қалай суреттейді? (Ақын сөзімен айт). Екі топтың орындаған тапсырмаларын қорытындылау.

Сөздік жұмыс: *өксіген* – шөлдеген, *қынарда* – жағасында, *жай* – қоныс, орын, *жанабында* – жанында, маңында, *дерт* – ауру.

Тұрақты сөз тіркестерін тапқызу.

Дертінді қашырады – аурудан жазылу. *Тілсіз тұрған* – үнсіз. *Бас ұрады* – бұл жерде иілу. *Шөп бітпеген* – шөп өспеген. *Күн көреді* – тіршілік етеді.

Сұрақ-жауап.

– Қазақстандағы өздерің білетін өзендерді ата, картадан

көрсет.

– Өзіміздің өлкеміздегі өзендерді кім атайды?..

– Өзен табиғатта, адам өмірінде қандай игілікке жарар
жатыр?..

– Қазіргі кезде өзен, көлдер жөнінде қандай проблема-
лық мәселелер көтерілді?..

Ойтолғау. «Өзен – ел байлығы». Өзен туралы мақал-
мәтелдер айту (үйден дайындап келуге тапсырылған).

Ағын суы бал татыр, Ақ шабағы май татыр.

Тау кезеңсіз болмас, Өлке өзенсіз болмас.

Өзен жағалағанның өзегі талмас.

Сулы жер – нулы жер.

Сулы жер құрақсыз болмас,

Таулы жер бұлақсыз болмас.

Оқушы шығармашылығы. Ыбырай ақын Тобыл
өзені туралы жазды. Біз де Қарғыба өзені туралы шағын
өлең жазайық. (Өлеңнің екі жолын беріп, жалғастыру
тапсырылады).

Көкпеңбек мөлдір аспан,

Көктемде күркіреп тасқан.

Қарғыбаның жағасы,

Ойнайды ауыл баласы. (Қанағат)

Қарғыба – әсем өзенім,

Жалаң аяқ кеземін.

Туған жердің әр тасы

Маған жылы, сеземін. (Жаннұр)

«Өзен» өлеңін Мырзатай оқиды.

Жаз айларын сүйемін,

Өзенде ойнап жүремін.

Мөлдір суына шомылып,

Достармен бірге күлемін.

Жағасында ойнаймыз,

Ойнауға біз тоймаймыз.

Жалбыздарын тереміз,

Күнде өзенге келеміз.

Салыстыру.

Абай

Ұқастығы

Ыбырай

Желсіз түнде жарық ай

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны - терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп.

Жаз

Жаздыгүн шілде болғанда,

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда;

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда.

табиғат

суреті

өзен

Өзен

Таулардан өзен ағар

сарқыраған,

Айнадай сәуле беріп

жарқыраған.

Жел соқса, ыстық

сокса бір қалыпта

Аралап тау мен тасты

арқыраған.

Қорытынды.

Адам табиғатқа мейірімділік, қомқорлықпен қарау керек. Табиғат – адам баласының құтты қонысы, жайлы мекені, ырыс-дәулеті.

Туған еліңді, туған жеріңді көркейтуге өз үлестеріңді қосады деп мен сендерге сенемін. Табиғатты сүю – Отанымызға қамқор болу деген сөз.

Ән: «Жас дәуірдің түлегіміз» (хормен орындалады).

Сөзін жазған: Е.Өтетілеуов. Әнін жазған: И.Нүсіпбаев.

Үй тапсырмасы.

Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңін жаттау.

Өзен туралы әңгіме жазу.

Роза ҚҰЛБАЕВА,
Бердібек Соқпақбаев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

«БЕРДІБЕКТАНУ» КУРСЫ

Түсінік хат

Нарынқол ауылында Бердібек Соқпақбаев атындағы мектеп бар. Жыл сайын аталған мектепте жазушының туған күніне орай «Бердібектану» атты онкүндіктер, апталықтар өтіп тұрады. Осы шара кезінде жазушы шығармашылығын насихаттау мақсатында жазушы шығармашылығы желісі бойынша салынған суреттер байқауы, шығармашылығын мәнерлеп оқудан байқау, жазушы шығармашылығынан қойылымдардан сайыс өтіп тұрады. Сонымен қатар жазушы өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беретін мұражайдың оқушылардың таным белсенділігін арттырудағы маңызы зор екенін айта кету керек.

Курстың мақсаты: қазақ балалар әдебиетінің классигі, бала жанының бағбаны Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын тереңірек оқыту, жазушының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін меңгерту, жазушының шығармаларында кездесетін ауыл адамдарының прототиптерін анықтау, жазушы өмірінің бізге беймәлім жақтарын ашу, жазушы жайында мәліметтер жинату.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1) «Балалар жанының бағбандары». «Балалар әдебиеті». А., 2008; 2) Бердібек Соқпақбаев. «Аяжан». А., 1984; 3) Бердібек Соқпақбаев. «Менің атым – Қожа». А., «Жазушы», 1978; 4) Бердібек Соқпақбаев. «Өлгендер қайтып келмейді». А., «Өнер», 2010; 5) «Жұлдыз» журналы. А., 2004; 6) «Жетісу» газеті. 27.11.2004; 7) «Егемен Қазақстан» газеті. 04.12.2004; 8) «Ұлан» газеті. 2 тамыз, 1994.

№	Тақырыбы	Сағат саны
	1-тоқсан	
1.	Кіріспе. Әдебиет туралы	1

2	Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылы туралы	1
3	«Жазып та көрдім мен де өлең»... «Бұлақ»өлеңдер жинағы туралы	1
4	«Шынықсын денеміз», «Сакқұлақ», «Балапан», «Шалғынбай»өлеңдері	1
5	Әңгімелері туралы.	1
6	«Ағаштар неге ашуланды?», «Балапан торғай», «Жол», «Аяқталмаған мәжіліс» әңгімелері.	1
7	«Алыстағы ауылда» повесі	1
8.	Повестегі Болат, Сережа туралы	1
9.	Өтілгендерді қайталау	1
	2-тоқсан	
1	«Аяжан» повесі туралы	1
2	Повестегі Аяжан бейнесі	1
3	«Жекпе-жек»повесі	1
4	Мұраттың спорт әлеміндегі өсу жолы	1
5	Мұрат бейнесі	1
6	Шығарма, «Менің сүйікті жазушым»	1
7	Тоқсандық қайталау	1
	3-тоқсан	
1.	«Менің атым – Қожа» повесі	1
2	Қожа, Жантас, Жанар, Сұлтан бейнесі	1
3	Повестегі бала психологиясының берілуі	1
4	«Менің атым – Қожа» фильмі туралы	1
5	«Балалық шаққа саяхат» өмірбаяндық повесі	1
6	Повестегі боямасыз өмір	1
7	Шығарма тақырыбы	1
8	Шығармадағы кейіпкерлер туралы	1
9	«Қайдасын, Гауһар?» повесі туралы	1
10	Тоқсандық қайталау	1
	4-тоқсан	
1.	«Қайдасын, Гауһар?» повесіндегі достық пен махаббат	1
2	Жәнібектің сезім күйлері	1
3	«Өлгендер қайтып келмейді»романы	1
4	Еркіннің азамат-жазушы ретінде қалыптасуы	1
5	Соғыс жылдары және одан кейінгі жылдардағы ауыл өмірі	1
6	Талантты танығандар айтады...	1
7	«Мен таныған Бердібек» (ойтолғау)	1
8	Жыл бойы өткенді қайталау	1
		Барлығы – 34

ЖАНАҚ АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САТИРА

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ақын-жыраулар мұраларында әлеуметтік іске ой бөліп, ел ішіндегі келеңсіздіктерді, жағымсыз мінез-қылықтарды, ел тыныштығын бұзар озбыр топтың залымдық, парақорлық, әділетсіз, опасыздығын өткір тілмен әшкерелеген міншіл-сыншыл өлеңдері жарық көрді.

Осы дәуірдің 1770 жылы Семей губерниясы, Қарқаралы уезінде дүниеге келіп, 1846 жылы дүниеден өткен Жанак Сағындықұлы – қазаққа есімі әйгілі, бірбеткей, талантты саңлақ.

Ақынның толғауларындағы ащы тілмен шындықты түйдек-түйдек төкпелеп бетке айтқан ызалы ақындық қуаты – халыққа бүйідей тиетін парақор хан мен төрелер, олардың ел ынтымағына нұқсан келтірер іс-амалдарына деген қарсы күрес құралы болды.

Ақынның «Рүстем төреге айтқан сөз» атты арнау өлеңінде ел басшыларының берекесі кетіп, күйзеліске ұшыраған халқының арман-мұңына құлақ аспас зұлымдығын, парақор, тойымсыз, құлқынқұмар, озбыр қаскүнемдігін әшкерелейді.

Біреу айтты Рүстем қастайды деп,

Жасқанбаған бетіңді жасқайды деп.

Барсаң аман қайтпассың, тоқта деді,

Ашуланса басыңды алып тастайды деп.

Кейбіреу, Жанақ, тілің ащы деді,

Бетің қайтпай араның тасты деді.

*Ащы тілмен төрені сұғып алып,
Алғызып-ақ қайтарсың басты деді [Бес ғасыр жырлайды.
А., «Жазушы», 1989, 152].*

Ызаланып ширыққан халықтың төреге деген сенімсіздігінің бетің бар, жүзің бар демей ашық айтып, уытты сөзге суарылған бейнелі ойын ащы тілмен бүкпесіз толғаған.

*Жазықсызға тартқыздың жазаны да,
Былықтырып былғадың тазаны да.
Адал тамақ өтпейді тамағыңнан,
Ұрлық етін салмасаң қазаныңа.
Аттандырған ұрың мал әкелмесе,
Әкесі өлген ұқсайсың азалыға. [1.152].*

Халық ұғымына жақын образбен, тура мінездеу арқылы ащы шындықты, төренің қиянат-мінін бетіне шыжғыра басып, сатиралық бейнесін жасаған.

*Береке көктен деген, жылдан – жылыс,
Ер-ұл туса болады елге тыныс.
Сөйткен ер-ұл сен болсаң, тумай-ақ шөк,
Сен туған соң елімнен шайқалды ырыс [1.153].*

Ақынның Рүстем төрені сынап-мінеуінде арғы ата-бабаларымен салыстыру, тегіне үңілу бар.

*Атаң Абылай қазақтың кегін алған,
Туын жсығып, жауының шебін алған. [1.155].*

Үш жүзді біріктіріп, елдігімізді сақтаудағы ерлік иесі, халық қамқоры, ел тұтқасы болған Абылайдың ұрпағы Рүстемнің бүгінгі күйін «Аруағын атаңның боққа былғап, Төмен болдың тұрғылас тұсыңнан да» [1.153]

деп салыстыра сипаттау арқылы ұтымды жеткізген.
*Тұқымы азып төренің, тұқыл болып,
Болат азып бұл күнде болды мырыш.*

*... Қара орын айырылған алтын тақтан,
Адамша ішіп, аңша өскен сен – бір хайуан [1.153].*

Кемшілікті, бадырайып тұрған міндерді әшкерелеп шенеуде ақынның тіл шеберлігі, сөз тапқырлығы, ақындық

мүмкіндігі мол.

Ел басындағылардың қаскөй озбырлығы мен отаршылдықтан береке-бірлігі кетіп азып-тозған ел өмірінің өксігін, қазақ елінің қоғамдық қайшылығын әділдікпен суреттеуде сатиралық мотивтерді орынды пайдалана білген.

Ханнан қайрат, байыңнан қайыр кетіп,

Телмірген теңдігі жоқ ел болған кез.

Шеп бұзып, ту құлатқан батыр құрып,

Тебінгі сауған ұры ер болған кез ...

Би кетті малдылардың айтағында,

Пәленді мұқатып бер десе болды. [1.162] деп ел өміріндегі келеңсіздікті әділдікпен суреттеуде сатираның мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған. Ауызбірлігі мықты азат ел болуды аңсаған ақын шындықтың бет-пердесін терең тебіреніспен әшкерелеп, ескерту жасаған.

Үй жығылып қазақтан, тікті күрке,

Күркеден де айырылар бірте-бірте [1.154]

Ол – өз заманында бетіне ешкімді тік қаратпаған Рүстем төрені орынды уәж, өткір айтқыштығымен иілткен, сөзге тоқтата білген шайыр.

Жанақ ақынның Рүстемді іздеп барып, «істеген сұмдықтарын» бетіне баса, шүйліге айтқан көлемді туындысы – Сүйінбайдың Тезек төреге тепсіне айтқан арнауына үндес, ұқсас сатиралық туынды. Екі ақын да қылышынан қан тамған төрелерге үрікпей, қорықпай, жасқанбай, зорлықшыл іс-әрекетінен, қаскөй қылықтарынан сескенбей, қылмыстарын бетіне бүкпесіз ашық айтады. Бұл ақындар туралы Сәрсенбі Дәуітовтың «Ақын тек құдіретті сөздің ғана авторы емес, онда арыстанның жүрегі, бұлбұлдың таңдайы бар ғажап құбылыс» [2] деген пікірі өте орынды айтылған.

Жанақ сатирасы басқа төрелерге айтқан өлеңінде де кеңінен көрініс тапқан. «Кәрібай болысқа айтқаны» өлеңінде

Алты руды басып тұрған Кәрібайсың.

Мен түгіл өз әкеңді танымайсың.

*Жүгінсе екі кісі алдыңа кеп,
Қай бұрын пұл бергенін жарылқайсың, – [3. 402]*
деп Кәрібай болыстың парақор, озбыр, зорлықшылдығын сынға ала, көңіл тереңіндегі ашындырған ойды айтып, ел түңілетіндей етіп ашық шенеген.

Сол сияқты елді аздыратын мінез-құлық, жаман әдеттерді де жұрт алдында масқара мазаққа айналдыра әшкерелеп, көпті олардан түңілте сатиралық өлеңдер туғызған. «Баласы Сияназдың атың Қамбар» өлеңі де өткір сатираға құрылған.

*Баласы Сияназдың атың Қамбар,
Сәуірдің бұлтындай мінезің бар.
... Кедей ақын сыйларын менсінбейтін,
Тәкәппар ғып жаратты сені Жаппар.
Атың төре дегенмен асылың кем,
Жарлы байға әрқашан болмай ма жем.
«Сыйға – сый, сыраға – бал» деген сөз бар,
Қисайып болмайсың ғой сен тәкаппар, – [1.165]*
деп Қамбардың мінез-құлық кемшіліктерін сынау арқылы бай-шонжарлардың кердендеген, тірі жанды менсінбейтін мінездерін мінеген.

Ақын жеке бастың кемшілік-міндерін шенеу арқылы қоғамдағы міндерді сын садағына алады. Жақсылыққа үндейді.

Жанақ – тек суырып салма ақын ғана емес, дарынды айтыс ақыны. Академик-жазушы Мұхтар Әуезовке жүгінсек, ол «Жанақтан Найман ішінде бастығы Түбек болып он алты ақын тегіс жеңілді» деп Жанақтың орынды айтыс ақыны болғандығын ғылыми түрде шынайы дәлелдей түседі [2].

Сұлу, сырлы сөздің иесі Жанақ «өнерімен озып, сөз тапқанға жүгінеді» [3.400]. Байға бас ұрып жағынғанды өзіне ар санайтын ақын Сабырбайға

*Мен-ақ кедей болайын,
Сен-ақ бай бол.
Төре-қара сенікі,*

Бұлғақтай бер [3. 400] деп теріс жол ізін астарлап, ишарамен, ирониялық сипатпен берген. «Кедейлік кемдік емес, ақыл мен өнерім барда кемдігім жоқ» деп еңсесін тік ұстаған.

Жанақ – қоғамдық дерттерді сынау, мінеу, әшкерелеу арқылы халықтың сатиралық дәстүрін дамыта жалғастырған ақын. Оның сын нысанасы халқына өктемдік етіп билік жүргізушілердің жаман мінез, жат қылықтары, ел өміріндегі қайшылықтар, адам бойындағы этикалық міндер, кемшіліктер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бес ғасыр жырлайды. 1-том. А., «Жазушы», 1989.
2. С.Дәуітов. Жанақ жырау. «Қазақ әдебиеті», 8. VI. 1984.
3. Х.Сүйіншіәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы (оқулық). А., «Санат», 2006.



Гүлдарига КЕНЖЕБАЕВА,
Абай атындағы Қаз ҰПУ-дың
аға оқытушысы, п.ғ.к.

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ – ҰЛТ АҒАРТУШЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Көп жылдардан бері үздіксіз ізденіс, терең білім, жинақталған тәжірибенің жемісі, бұл күнде талай шәкірттің білімін шындап, өмірден өз жолын табуға игі әсерін тигізген

ұлптық төл технологиямыз – «Сатылай кешенді талдау» технологиясы.

Ғалым-әдіскер Нұрша Оразахынова өз технологиясында білім берудің он деңгейін былайша саралайды. *Бірінші деңгей:* тілдік бірліктерді толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау. *Екінші деңгей:* тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдау. *Үшінші деңгей:* тілдік бірліктерді жазылым бойынша ықшамдап өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау. *Төртінші деңгей:* тілдік бірліктерді жазылым бойынша рәміздер арқылы өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық талдау. *Бесінші деңгей:* диалог арқылы талдау. *Алтыншы деңгей:* жат жазу. *Жетінші деңгей:* уақытқа талдау. *Сегізінші деңгей:* компьютерлік талдау. *Тоғызыншы деңгей:* ашық тест. *Оныншы деңгей:* шығармашылық жұмыс.

Енді әр деңгейдің мазмұнын ашып көрсетейік.

1. Сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады. Тіл білімінің әр саласынан өтілген материалдарды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады. Сөйлеу мәнері белгілі жүйеге түсіп, әуезді сөйлеуге үйренеді. Өзі талдап тұрған сөздің құрамын, құрылысын, буынын, дыбыстардың өзіндік ерекшелігін дұрыс ажыратып, жолдастарына, мұғалімге нанымды түрде жеткізуге бейімделеді. Тыңдаушы оқушылар да назар қойып, жолдасының жауабын мұқият тыңдауға дағдыланады.

2. Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдау.

Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдауда — айтылым → тыңдалым → жазылым түрінде жүзеге асады.

Тыңдалым жайлы ғалымның пікіріне жүгінсек, тыңдалымды жете меңгеру үшін қойылатын алғы шарттар:

1) тыңдауға ұсынылатын мәтінде, әңгімеде, пікірде айтылатын басты ой түсінуге жеңіл болу керек; 2) үннің ырғағы мен әуені дұрыс естілуі қажет; 3) тілді жақсы үйрену үшін тыңдалым бірінші сабақтан бастап үздіксіз жүргізілуі тиіс; 4) оқушының тілге қатысты білімі мен дайындығы ескерілгені жөн; 5) тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынғаны дұрыс.

3. Бұл деңгейде де тілдік қатынастың 1) айтылым, 2) жазылым, 3) тыңдалым әрекеттері қатар іске асады. Бұл талдау күрделілігімен ерекшеленеді. Мұнда бірнеше сөз немесе сөйлем алынып, әр саты бойынша ұқсас ұғымдар жинақталып, талдау арқылы дәлелдеме жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ талдаудың бұл деңгейіндегі көзделетін мақсат – оқушыларды ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесін байыту.

4. Оқушылардың алдыңғы игерген білім-білік, дағдыларын жинақтап, сауатты әңгіме әдісі қолданылады. Әңгіме әдісі туралы ғалым Т.А.Ильина былай дейді: «Әңгіме дегеніміз – бұл оқытудың сұрақ-жауап әдісі. Ол оқу үдерісінің барлық буындарында қолданылады».

5. Бұл деңгейдегі талдау үлгілері көбінесе ауызша орындалады. Бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тыңдауға, ойын әрі жалғастырып кетуге машықтанады. Мұндағы іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүргізіледі.

Оқушының ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Ойын әрекетінде баланың денесі мен ақыл-ойы дамып, өзін қоршаған ортаны тани біледі.

6. Оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы а) теориялық білімді меңгеру деңгейін, ә) талдауды сауатты жүргізу машығын, б) орфографиялық сауаттылығын, в) тыныс белгілерді дұрыс қою дағдысын байқаймыз,

қорытынды шығарамыз, келесі сабақтарда қатемен жұмыс жасалады.

Осы арқылы мұғалім әр оқушының тілдік материалдарды талдау деңгейін анықтайды, келесі уақытқа талдау деңгейіне берік негіз қаланады. Уақытқа талдаудың негізгі қағидаларының бірі – сауатты талдау.

7. Уақытқа талдау: а) өте жылдам – 3 минутта; ә) жылдам – 5 минутта; б) баяу – 7 минутта.

Бүгінгі қоғам автоматтандыру кезеңінде өмір сүріп жатыр, сондықтан білім беруде де жылдамдық, қарқынды оқыту, техникалық, аудио-видео құралдарды кеңінен қолдану өріс алуда. Бұл тұста халқымыздың біртуар азаматы Жүсіпбек Аймауытовтың дидактикалық ұстанымдарына жүгінеміз: “Оқыту жігерлі болсын, жігерсіз, жасық жұмыстан жайда да, бала оқытқанда да татымды береке шықпайды. Әсіресе, бала оқыту жұмысы ширақ, жігерлі, қызу болғаны дұрыс. Оқыту баланың ішін пыстырмаса, тез қажытпаса, оқушы жұмысты ынтамен істесе – оқытудың ширақ болғандығы. Баланы қажытпау үшін берілетін мағлұматтар, ұқтырмайтын заттар алмасып отыру керек. Мұғалімнің басқасын кешуге болса да, баланы болжырап, еңсесі түсіп оқытқанын кешуге болмайды. Жігерлі болу – мұғалімнің сүйегіне біткен сипаты. Туыста жігерсіз, отсыз мұғалім сыртқы түрінде қандай оңтай, қандай әдіс қолданып оқуын түрлендірем дегенмен мәз береке шықпайды. Әйтсе де, оқытудың әдістерін дұрыс қолданса, сабақты едәуір ширатуға болады. Сондықтан мұғалім сөзін де, сыртқы әдістерін де сабақты қыздыру жағына орайлауы тиіс. Мұғалімнің есінде болатын нәрсе: өтінумен, жалынумен яки күшпен баланың мінезін тәрбиелеу мүмкін емес. Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында ғана жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуаттарын жетілтіп тәрбие де бере алмайды” (Бес томдық

8. Қазіргі ақпараттық қоғам барлық типті оқу орындарының, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектептер алдына мынадай міндеттерін қояды: қажетті білімді өз бетінше алатырып, туындаған алуан түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалану, жылдам өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделу; дербес сын тұрғыда ойлай білу, пайда болған мәселелерді көре білу және жаңа технологияларды пайдалана отырып оларды шешудің тиімді жолдарын табу, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде, қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіне білу; ақпараттармен сауатты жұмыс атқара білу (ақпараттарды іздеу, өңдеу, ой елегінен өткізу, қолдану, сақтау және тарату); әр түрлі әлеуметтік топтарда коммуникабельді, тез тіл табыса алатындай болу, кез келген жанжалды жағдайларды болдырмау немесе мұндай жағдайлардан шыға білу; өз адамгершілік қасиеттерін, интеллектісін, мәдени деңгейін дамыту бойынша өз бетінше жұмысқа қабілетті бітірушілерді дайындау.

9. Бақылаудың бірнеше түрі бар. Солардың бірі – тест. Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест – белгілі бір деңгейдегі әрекетті орындауға арналған тапсырмалар жүйесі. Тест жұмысы – оқушылардың игерген білімін тексеру мен бағалау, танымдық әрекетін, ізденімпаздық деңгейін, оқу әрекетіндегі әдістер мен тәсілдердің тиімділігін анықтау жолы ретінде қарастырылады. Бұл – оқушының білімін, біліктері мен дағдыларын тексеріп бағалауда, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін анықтаудағы ең тиімді әдіс.

Тест жұмысын ұйымдастыруда мына төмендегідей дидактикалық шарттар орындалып отыру керек. 1) Тест мұғалім өткен материалды оқушылардың толық меңгергендігіне көз жеткізген кезде өткізіледі. Егер

тақырыпты немесе бағдарлама бөлімін толық игермеген болса, онда бақылау жұмысын алмай, оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастырып, бағыт-бағдар беру керек. 2) Оқушыларға тест болардан бір-екі апта бұрын хабарлап, соған байланысты дайындық жүргізіледі. Сонымен қатар оқушының тестіге дайындық дәрежесін анықтау үшін алдын ала тексеру жұмысын өткізген пайдалы. 3) Тест өтілген материалдың негізгі мазмұнын қамтып, берілген сұрақтар олардан тапқырлық пен шығармашылық талап ететіндей болғаны өте маңызды. 4) Тест өткізу барысында оқушылардың өз бетінше орындауын қадағалап, бір-біріне көмектесуге жол бермеу керек. 5) Тест аптаның бірінші бөлігінде және екінші, үшінші сабақтарда өткізіледі. Аптаның соңғы күндері немесе соңғы сабақтарда өткізу дұрыс емес, себебі оқушылардың сабақ соңында шаршауы тестінің төмен нәтиже көрсетуіне әкеліп соғады. 6) Мұғалім тестіні сол өткізген мезетте тексеріп, оған дұрыс баға беруі керек, оқушылардың жіберген қателерін жүйелеп, келесі жұмыстарда ол қателердің қайталанбау жолдарын қарастырады.

10. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығын өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

(Бастапқы бөліктері өткен сандарда)

Мұқағали Мақатаев. «Қайырлы түн»

1. Мұқағали Мақатаев өміріне хронологиялық кесте
толтыр.

р/с	Жылдары	Оқиғалар

2. «Қайырлы түн» өлеңінде ақынның ел тыныштығын,
Отан бақытын сүйетін тілек-мұратын қандай сөздермен
берген? -----

3. Ақын халық өнерін қалай қастерлейді? -----

4. «Ел тілегі – бейбітшілік» немесе «Біз бейбітшілікті
сүйеміз» деген тақырыпта шағын шығарма жаз. -----

Мұқағали Мақатаев. «Елім барда»

1. «Не сыйлайды, не береді келер күн» деген ақын ойын
қалай жалғастырап едіңдер? -----

Есіңе сақта!

*Метафора – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп
отырған затты не құбылысты ажарландыра түсу үшін
оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.*

2. Өлең мәтініндегі ырысым, бақытым деген
метафораларды тіркескен сөздермен жаз. -----

1. «Анау – аспан, мынау – бақ»

1. Өлеңде қыс көрінісі қалай суреттелген? -----

2. Табиғатты адам кейпінде суреттеудің қай түрі? -----

Шерхан Мұртаза. «Тұтқын бала»

Бөлімдегі жоспарды әрі қарай жалғастыр.

I. Тұрардың тұрағы – түрме, қожасы – гимназист Аркаша

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

II. Тұрар – жаралы арыстанның баласы.

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

2. Әке мен бала арасындағы сүйіспеншілікті жазушы қалай суреттеген? -----

3. Тұрардың абақтыдан қашқаннан кейін аты-жөні кім болып өзгерді?

А) Нұрманов;

б) Тоқбаев;

ә) Сармолдаев;

в) Қырғызбаев.

4. «Әке көрген оқ жонар», «Жақсы бала жеткізеді мұратқа» деген халық мақал-мәтелін Тұрар өмірімен байланыстырып әңгіме жаз. -----

Талап Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»

«Ғажайып планета» әңгімесі ұнады ма?

«Байқоңыр-12» ғарыш кемесі басқа ғаламшарға қалай тап болды? -----

Есіңе сақта!

1. Анабиоздық ұйқы – айырықша дәрімен немесе өте төмен температурада ағзаны, адам денесін мұздатып, ұзақ уақытқа ұйықтату.
2. Биографитация – биологиялық гравитация, заттардың, денелердің өзара магниттік тартылыс күші.
3. Ғаламшар – күнді айнала қозғалатын аспан денесі.

3. Қазақ және өзге елдердің фантаст жазушыларынан кімдерді білесіңдер? -----

Сайын Мұратбеков. «Қылау»

1. Сайын Мұратбеков кім? -----

Есіңе сақта!

Қылау – қыста сілбіреп жауатын ұлпа, майда қар.

2. «Тұжырым» кестесін толтыру .

Оқиғалар	Кейіпкердің көңіл күйі	Себебі
Әкесі ұйқыдан оятқанда		
Әкесі тапсырма бергенде		
Зираттың қасынан өткенде		

3. Сатайға мінездеме бер. -----

4. Рабиғаға мінездеме бер. -----

5. Мәтінмен жұмыс істеп, жазушының көркем тіл шеберлігіне талдау жаса. Бейнелі сөздерді тап. -----

6. «Мен достықты қалай түсінемін?» деген тақырыпта шағын шығарма жаз. -----

Әбіш Кекілбаев. «Шыңырау»

1. Хикаяттан алынған үзінді қазақ халқының қай кезеңін суреттейді? -----

2. Әңгімеден еліктеу сөздерді тап. -----

3. Мына кестені толтыр.

Қандай тастардың түрлері аталады?	Еңсептің киімдерін ата.

Ата кәсібі дегенді қалай түсінесіңдер? -----

Отбастарыңда ата кәсібі жалғасын тапқан ба?

Мұхтар Мағауин. «Бір атаның балалары»

1. ССРО-Германия соғысы қай жылдары болды? (айы, күні, жылы) -----

2. Зигфрид үшін Ахмет қандай әрекеттерге барды, оның қандай тәрбиелік мәні бар?

3. Мына кестені толтыр.

р/с	Кейіпкерлер	Іс-әрекеттер	Адами қасиеттері
1	Ахмет		
2	Дәуренбек		
3	Жақан молда		
4	Зәкен		

4. «Жетім көрсең жебей жүр» деген тақырыпқа ойтолғау жаз. -----


Дулат Исабеков. «Ата үміті»

1. Дермене деген не? -----

2. Үзінді кімдер туралы, оқиға неден басталады? -----

3. Венн диаграммасы

Тоқсанбай ортақ Омаш



4. *Обал, сауап, адал, арам* тәрізді ұғымды кім қалай түсінеді? -----

5. «Адамгершілікті мен қалай түсінемін?» деген тақырыпта эссе жаз. -----

«Манас» жыры

«Манас» даланың «Иллиадасы» тәрізді.

Шоқан Уәлиханов.

1. «Манас» жырын композициялық құрылысына қарай жоспарла. -----

2. Жырдағы басты кейіпкерлер кім?

3. Манастың аты а) Қошқы; ә) Айманбоз; б) Алтай.

4. Манас Қошқыны өлтірген кезде неше жаста еді?

а) 7; ә) 10; б) 12.

5. *Кері* көне түркі тілінде қандай мағына береді.

Джек Лондон. «Мексика ұлы»

1. Шығарма мазмұнынан қандай ой түюге болады? -----

2. Қазақ әдебиетінде спорт тақырыбына жазылған қандай шығармаларды білесіңдер? -----

3. Салыстырмалы мінездеме бер.

<i>Ривера</i>	Ортақ	<i>Дэнни</i>
---------------	--------------	--------------

4. Өздеріңнің сүйікті спортшыларың жөнінде әңгімеле. -----

ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМЫ – ШАЛ АҚЫН МҰРАЛАРЫНДА

XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының көрнекті өкілінің бірі – Шал ақын. Абылай ханның жақын серігі, беделді рубасыларының бірі Құлеке батырдың баласы. Тура мінезді, өткір тілді Шал ақын он бес жасында-ақ ақын ретінде халыққа танымал болады. Оны

«Он бесте тартып міндім аттың жалын,

Сол кезде айтқан сөзім – оқ пен жалын» деген өлең жолдарынан аңғаруға болады.

Ол адамгершілік идеясын көтеріп, әділ істі, ізгі ниетті жақтап, адамға тән жақсы қасиетті, нағыз достықты дәріптеген, жамандықты әшкерелеген.

Жаманга дәулет бітсе әуейіленер,

Жақсыға дәулет бітсе, бақ байланар.

Басыңа жазатайым бір іс түссе,

Арасы дос пен дұшпан абайланар.

Жамандар өзін-өзі зорға балар,

Бір өзінен басқаны төмен санар.

Жақсылар ағын судай, асқар таудай,

Жаймалап қайда жақсы орын алар [Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық 1-том. (Құрастырған Мұхтар Мағауин, Мардан Байділдаев). А., РББ, 1991].

Замандастарына ақыл-кеңес, үлгі-өнеге, насихат айту арқылы адамгершілік мораль мәселесіне кеңінен тоқталған. «Жақсы мен жаманды ажырата білу әркімге парыз» деп ой түйіп, жақсының жақсылығы көпке, туған елге ортақ болуында деп ізгілік жолын ұсынады. Бұл ойы халық даналығындағы «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» деген ой-пікірмен ұштасып тұр.

Өзі жаман жақсыны көре алмайды,

Сыртыңнан гайбат айтып атады тас.

Мұндай жанның әдеті осы деп біл:

Өзіңе дос таба алмай, жинайды қас,— деп өзімшіл,
күншіл, іштарлықтан жирендіре сақтандырады.

Ол мансапқор, мақтаншақ, ешкімге қайыры жоқ, алдампаз, опасыз мінездерді сынап, кісі хақын жемей, адал қызмет етуін, ел билеушілердің әділ жолдан таймауын қалайды.

Адамның өсу жолын, адам өмірінің әрбір кезеңін өзінше шебер суреттей келе «Жігіттер жас кезінде тәубаға кел, Ажал деген көзді ашып жұмғандай-ақ» деп ойын түйіндейді. Өмірді бағалай білу керек деп жастарға өсиет қалдырады:

Кәрі өлсе – соққан дауыл тынғандай-ақ,

Жас өлсе – бәйтерегің сынғандай-ақ.

Жігіттер, жас уақытты бос өткізбе,

Тағдыр деген көзді ашып-жұмғандай-ақ.

Шал ақын сопы емес, дегенмен діндар адам. Ол «*Жігіттер ораза ұста, намаз оқы, Парасат майданы бар тергеледі*» дейді.

Ер жігіттің қандай болуын «Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі» деп ел қамын ойлар ер болу парызын, әділет жолын және адам бойына лайық абзал қасиеттерді нұсқайды.

Айдынды жақсы аймен тең, Жомарт жігіт баймен тең.
Шешен жігіт дүрмен тең, Иманды көңіл нұрмен тең.

Ақын жақсылық, имандылық, қадір-қасиет жайында толғанады. Әке-шешені құрметтеу, туысқа деген қарым-қатынастың, адал ниеттің қандай жағдайда болмасын шынайы, таза болуын үндейді.

Ақын-жыраулар қай кезде де халықтың қамқоршысы, оның ары мен ұяты, ұжданы, ерлік пен елдіктің ұраншысы, ту ұстары болған. Халық педагогикасының негізгі туындыгерлері де солар. Сондықтан олардың мұраларын жете біліп, зерделеп, ондағы үлгі-өнеге мен игі дәстүрлерді ұрпақ тәрбиесіне ұтымды пайдалану – өте маңызды да келелі мәселе.

Ақжарқын ӨМІРБАЕВА,
Мұқағали Мақатаев атындағы
№14 орта мектеп коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.
Тараз қаласы.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕСІ

Сабақтың мақсаты: 1) жазушы, аудармашы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру; 2) өз ойын терең жеткізуге, ой ұшқырлығына, кейіпкер табиғатын тани білуге баулу, ойлау қабілетін арттыру, тіл байлығын дамыту; 3) оқушыларды парасаттылыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, қайсарлыққа, Отанын сүйуге, ата-анасын ардақтауға, халқын құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: дөңгелек үстел. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау. **Көрнекілігі:** осы сабаққа қатысты тұлғалардың суреттері, қосымша әдебиеттер, деректер, Ш.Мұртазаның шығармалар жинағы. **Техникалық құрал:** интерактивті тақта, ұнтаспа. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Лебіздер:

«Шерхан Мұртаза – халқымыздың аяулы перзенті, жарқыраған жарық жұлдыздарының бірі».

Нұрсұлтан Назарбаев.

«Ш.Мұртаза – дәуірдің шынайы суретшісі».

Әбіш Кекілбаев.

«Шераға – шебер тілді публицист». **Мұхтар Шаханов.**

«Шерхан Мұртаза – қазіргі қазақ әдебиетінің рухани қорын әр жанрдағы еңбектерімен байытқан қарымды қаламгердің бірі. Ол қазақ халқының бір ғасырлық жанды

Кеш барысы.

Кіріспе сөз.

Шерхан Мұртаза есімін Қазақстанда білмейтін адам бүгінде жоқ десе де болады. Ол бар қасиетін қаламгерлік қарымына, қайраткерлік болмысына, кәсіби шеберлігіне жұмылдыра білді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп қашанда өз жұртының мүддесі тұрғысынан биік мінберден жасындай жарқылдап ой айтты, ұзақ түндер ұйқысыз отырып өмірге әкелген шығармалары арқылы жұртының ой-өрісін көтеріп, санасына сәуле құйды.

Халқына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Тоталитарлық тәртіптің құрбаны болған алаштың ардақтысы Тұрар Рысқұловты ортамызға оралтты. Жалпы, қаламгер қандай тақырыпты қозғаса да, халқының рухани болмысын биіктете түсуге қызмет етті.

Халық жазушысы, сөз зергері, Мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза 80 жасқа толды. 80 жылдық мерейтойы республика көлемінде, оның ішінде өзінің туған жері – Жамбыл облысында кең көлемде аталып өтті.

Осыған орай біздің 10-сынып оқушылары арасында өтетін «Қазақ прозасының Қызыл жебесі» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

I кезең.

1-топ Шерхан Мұртазаның өмірі, шығармашылығы жөнінде қысқаша баяндайды.

2-топ Тұрар Рысқұловқа арналған рухани ескерткіші жайында әңгімелейді.

II кезең. Әр топ Шерхан Мұртаза шығармалары жайында пікір алмасты.

1-топ. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан үзінді келтіріп, мына сауалдарға жауап береді:

1. Тұрар Рысқұлов деген кім?

2. Оның қазақ халқының өмір тарихында қаншалықты орындығы бар? 3. Романдағы бала арманы қандай? 4. Қарғыспен қасіреттің үніндей болған сұрапыл сарын сырын айт. 5. «Киргизбаев» болып тізімге ілінген Тұрар жайын баянда. 6. Шынтаққа үңілген надандық астарын аш. 7. Өз тегіне жазылған куәлік жөнінде әңгімеле.

2-топ. «Ай мен Айша» романы бойынша сұрақтармен тапсырмалар: 1. Шығарманың негізгі тақырыбы. 2. Шығарманың негізгі идеясы. 3. Романда қазақ тарихындағы қандай «ақтаңдақ» жылдар көрсетіледі? 4. Кейіпкер бейнесін автор қалай ашады? 5. Шығарма оқиғаларының өзара және ішкі байланысы жөнінде не айтасындар? 6. Барысхан төңірегіндегі адамдар бейнесі қалай көрінеді? 7. Соғыс жылдарындағы балалар өмірі қандай еді?

III кезең. Шерхан Мұртаза. «Бір кем дүние». Ойтолғау.

Ұятсыз болма

Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ кейбіреу өсе келе, үлкейе келе ұяттан жүрдай болады.

Ар-ұят, адамгершілік туралы мақал-мәтел айту. Ой-пікір білдіру.

Құр алақан

Жарты әлемді жаулаған тағы бір жаһангер – Ескендір Зұлқарнайын өлген соң табыттан қолы шошаңдап шыға беріпті.

Бір данышпан алақанына бір шөкім топырақ салған соң ғана қолы сылқ етіп табытқа түсіпті.

Сөйтсе Ескендір тірілерге «Ей, жарандар, мен дүниенің жартысын жаулап, алтыннан тау тұрғызсам да о дүниеге ештеңе алып бара жатқан жоқпын. Міне, қараңдар» деп алақанын ашып көрсеткені екен.

Қайран дүние, тіршілікте кім тойған...

Адамның ашқарақ көзі топыраққа ғана тояды.

Дүниеқоңыздық, ашкөздік, қанағатсыздық туралы мақал-мәтел айту. Ой-пікір білдіру.

Имансыз болма

Біреулерге Құдай бәрін береді. Байлық та бар, алтын, тауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай. Бірақ иман жоқ. Ең сорлы адам – сол.

Имандылық туралы мақал-мәтел айту. Ой-пікір білдіру.

Адал мен арамның таразысы

Бір кедей пенде жалғыз сиырын сауып, соның сүтін сатып динар ақша жинайды екен. Бір қалта динар жинаған әлгі кісі бір жағдаймен кемеге мініп жолға шығады.

Кемеде келе жатып ұйықтап кетеді. Сонда бір маймыл оның динар салған қалтасын ұрлап алып, кеме желкенінің ұшар басына шығып кетеді. Жолаушы оянып ары-бері қараса, динар салған қалта жоқ! Ары іздейді, бері іздейді. Ақыры желкеннің ұшар басында отырған маймылды көреді. Қараса, маймыл бір динарды алып мұның қолына лақтырады. Келесі динарды алып теңізге лақтырады. Сөйте-сөйте қалтаны босатады.

Мәнісі: әлгі адам сиырының сүтін сатарда аздап су қосады екен. Иесіне лақтырған динар (ақша) – адалдан. Теңізге лақтырған динар – арамнан, яғни, судың үлесі – суға, сүттің үлесі – иесіне.

Әр заманда адал мен арамның арасын анықтап тұратын осындай таразы болса ғой, шіркін!

Бірақ ондай құрал жоқ қой...

Адалдық, еңбек туралы мақал-мәтелдер айту. Ой-пікір білдіру.

IV кезең. Шерхан Мұртаза туралы слайдтар көрсету.

V кезең. Шерхан туралы арнау өлеңдер.

VI кезең. Шерхан Мұртаза. «41-ші жылғы келіншек» (монолог).

VII кезең. Қорытындылау.

МҰҚАҒАЛИДЫҢ БАҒЫ МЕН СОРЫ

Мұқағали Мақатаев – ХХ ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі, өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы ұлттық дәстүрімізді жалғастырушы ғана емес, жан-жақты дамытушы зергер. Поэзия – Мұқағали, Мұқағали – поэзия болған ақынды алғаш кекілін тарап, тұсауын кесіп, жыр бәйгесіне жұлынып қосылған жігерлі жігіттің өз құдіретіне сенімін шыңдаған Әбділда Тәжібаев еді. Үлкен ақын өз жарығы, өз жылуымен туған жыр иесін жаз келгендей сүйсіне қабылдап, «Қазақ әдебиеті» бетінде ағынан жарыла жолашар мынадай сөз айтыпты: «Ойынды байытып, сезімді тыңайтар жырлар оқығанда қуанбасқа бола ма! Өзіңнен жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде мақтанбасқа бола ма!». Міне, бұл – абыз ақынның ғана ауызынан шығар сөз.

Мұқағали поэзиясы – өзі өмір сүрген дәуірдің шындығы. Олай болса Мұқағали поэзиясының үні не? Өмірдің өзіндей қым-қуыт мінезді, алуан бояулы, адам баласына тән толқу, тебірену, сезіну, ойға бату, мұң кешу, табиғат сұлулығы мен жаратылыс мазмұнынан үйлесім іздеу, бары мен жоғын, мұңы мен қайғысын, адам жанының терең сырлы қатпарларын зерттеуге ұмтылу – ақынның үні, поэзиясы.

Ақынның бағы қайсы? Соры қайсы?

Бағы – өлмес жыры, ойлаумен өлең өрудің теңдесі жоқ классикалық әлемдік биігіне көтерілгені, өтірік өлең жаза алмағаны.

Соры – өз қоғамына, өз ортасына сыймай қасірет кешкені,

тапқан-таянғаны өз отбасына жетпей өмірінің қиыншылықпен өткені, өлмес, теңдесіз жырды замандастарының дер кезінде бағалай қоймағаны.

Бағаласын-бағаламасын, танысын-танымасын өзіне, өзінің қайталанбас ақындық тағдырына іштей қалай сенсе, ол өз жырының ертеңіне, әр өлеңінің болашағына, туған халқының жасампаздығына солай сенген.

Ұлы ақындар өзінің бүгінінен гөрі ертеңіне көбірек сенген. Сене тұра өмірінің көлеңкесі мен күнгейіне көнген, көп нәрсеге көз жұма қарап, ойының запыраны мен уын жырға төгіп отырған. Мұқағали да өзінің қысқа ғұмырын солай өткерген. Өзіне-өзі сенген... Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлар мен кең тынысты, көркем дастандар – сөз жоқ, сол Сенімнің жемісі.

Мұқағали жырының кеңістігі шексіз. Қазақ даласын кезген жолаушының көңіл ахуалын, жан әлемін еске салады. Жүре берсең, жүре берсең ... көретінің: таусылмайтын шалқар сахара, сағым кешкен таулар, жолдар, даңғылдар, шоғыр-шоғыр қайыңдар.

Ақынның жүріп өткен жолы, өзінің көзімен көріп, жүрегімен түйсінгендері – соғыс, аналар, жесірлер, жетімдер. Тілейтіні – тыныштық, мәңгі ғашығы – өмір мен өнер.

Санаулы ғұмыры мен тиянақ-тіршілігін тек Өлеңге, өрісті де келісті өлең дүниесіне арнап, өмірден ерте, тым ерте кеткен, жиырмасыншы ғасыр поэзиясында айтулы ірі құбылыс болған Мұқағали Мақатаев мұрасы – бүгінде ұлтымыздың ұлы қазынасына айналып отырғаны ақиқат. Оған куә – ақын өлеңдері шалқыған жиын-тойлар, кештер, әр алуан салтанаттар, ресми, бейресми басқосулар, қалың-қалың жыр жинақтары, ақын шығармаларын насихаттаудың, танудың халық ішіне кең жайылған өзге түрлері мен үзілмес сұраныстың өзге көздерінің молдығы.

Ол өмірден өткелі де ғасыр ширегіндей уақыт өтіпті.

Қырық бес жасында бақилық сапарға аттанған қазақ

жырының ақиығы тірі болса, ресми құжатына сәйкес дәл биыл 82-ге толар еді...

Әттең... Тұтас бір дәуір өте шығыпты... Бірақ Мұқағали жырлары кеше жазылғандай: ойлары ескірмес, сезімі еңкеймес, алпыс екі тамыры атқақтаған ыстық қалпында!



Анар ТӨЛЕУОВА,
Маңғыстау облысының
Түпқараған ауданындағы
Жалау Мыңбаев орта
мектебінің мұғалімі.

«ӘРКІМНІҢ ДЕ ӨЛЕҢГЕ БАР ТАЛАСЫ»

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың мәнерлеп оқу, жаттау, өлең табиғатын түсіну дағдысын қалыптастыру, ақын шығармаларының идеялық мазмұнын негізінде өлең құрауға, талдай білу жолдарына үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды сөз өнерін бағалай білуге тәрбиелеу, қабілет-икемділік қасиеттерге баулу; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу, өз ой-пікірін еркін жеткізе білуін дамыту, эстетикалық талғамы жоғары өлең шығаруға, көркем сөйлеуге үйрету.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, интерактивті тақта, электронды оқулық. **Пәнаралық байланыс:** музыка, қазақ тілі, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды үш топқа бөлу.

Мақатаевтың «Ей, өлең!» атты өлеңін таныстыру.

*Ей, өлең, маған тиген еншім едің,
Бой жазайын, қасыма келші менің.
Менің саған шамалы жақсылығым,
Сен де маған, әрине, көншімедің.*

Балалар үнсіз тыңдап отырады. Оқушыларға ойқозғау сұрақтарын қою:

1. Көз алдарыңызға қандай көрініс елестеді?
2. Кімге қандай ой келді?
3. Өлең, ақын дегенді қалай түсіндірер едің?

III. Негізгі тақырыпқа арналған дәйексөз.

«Қазақтың тілін білген адам Мұқағали поэзиясын сүймеуі мүмкін емес. Мұқағали поэзиясын сүйген адам еліне, жеріне ие, табиғатқа жанашыр бола алады».

Күләш Ахметова.

1. Топтардың сайысы. «Мәнерлеп оқу»:

I

II

III

«О, Махаббат»	«Жаратушым»	«Жақыным-жаным»
1. Махаббат туралы өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу. 2. Сол өлең, жалпы тақырып бойынша түсінік беру. Өлеңдер: «Не айтсам саған жаным-ай», «Махаббат бейуақытта табыспайды», «Сен гүлімсің», «Есіңе мені алғайсың».	1. Дін, жаратушы, құдайға сену хақындағы өлеңдерін оқу. 2. Ақын өмір сүрген тұстағы атеизм, ақын көзқарасын түсіндіру. Өлеңдер: «Сатқан емен...», «Я, Жаратушы Аллам!», «Я, Аллам!», «Дін – ғылымның анасы».	1. Ұлы мен қызы, бауырлары мен жарына, досына арналған өлеңдерін оқу. 2. Ақынның сезімтал жан екендігін т.б. түсіндіру. Өлеңдер: «І-ға», «Анашым», «Майгүліме», «Ұлыма», «Қызыма».

2. «Мұқағалитану»:

Интерактивті тақтада сөйлемдердің басы беріледі, соңын өз беттерінше аяқтау:

1. Мұқағали Мақатаев дүниеге келген
2. Оның өлеңдерінің тақырыбы
3. Мұқағали ақынның достары
4. Біз Мұқағалидың
5. Ақынның мерекесі
6. Ақынның ұрпақтары
7. Мұқағали өлеңіне жазылған әндер

3. «Ақындыққа – жақындық»

Әр топ өлең ұйқастырып құрайды.

I

II

III

Ағажан! Сендей жан жоқ балажан!	Біреулер бар Құдайды жоқ деп соғар.	Махаббат – дастан, Жырлап ең бастан,
---	---	---

4. «Мұқағалиша анкета»:

- a) 2 оқушыға «Менің анкетам» өлеңін рөлге бөліп оқыту.
- ә) Әр топ оқушылары өз өмірбаянын өлең анкета түрінде

немесе 5 жолды өлең стратегиясы арқылы жазу

1. Есімдік: Мен. Мен туғанмын.
2. Сан есім: 1995. Аташ атты ауылда.
3. Мекен үстеуі: Баутин ауылы. Туған жылым - 1995.
4. Табиғаты: күнінде дауыл. Құрдастарым колледжде.
5. Сезім+қимыл+іс-әрекет: Болған жоқпын бақшада,
қуантып ата-анамды Білімім бар
дүниеге келгенмін орташа.

IV. Топтық жұмыс:

Әнсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма,

Өзегіңді өртеп дерт жаншымай ма?

Махаббатқа арнап бір ән шығарсын,

Шәміл-ау!

Шәмиі қайда,

Шәмиі қайда?

Шәмиіге айт,

Тағы да бір таңдандырсын,

Жындандырсын жүректі, жандандырсын!

Мәңгі өлмес Махаббатым айта жүрер,

Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын!

Мұқағали әндерінен оқушылар орындауында тыңдау.

«Саржайлау», «Бейбіт күн тілегі», «Сәби болғым келеді».

V. Сабақты қорытындылау. Мұқағали өлеңдері – мәңгі жасай беретін мол мұра. Бүгінгі сабақта ақынның өлеңдеріне саяхат жасап, барлау жүргізіп, өзіміз де ақынша жыр жазып, жырынан сусындап, өмірін өлеңінен танып, беймәлім жайттардың бетін ашып, ән бұлағына қанып қалғандай болдық. Ақын биыл 82 жасқа толар еді, өзі айтқандай «ақ қырау тұрған ақпанда, ағаштар сырға таққанда» еске алып шығармашылығын сендердің шығармашылық бастауларыңмен байланыстырып, поэзияға құштарлыққа жетелемек мақсат болды.

Мәзір етіп мәпелеген жемісін,

Мәуелесе баққа толып өрісім,

Барлығы да,

Поэзия, сен үшін! – деп Мұқаң жырласа, Сіздер

“Күйінішті, сүйінішті өлеңің,

Татып дәмін мен де өсіп келемін.

Өлген жоқсың, сен әрдайым тірісің,

Біздер үшін, қазақ деген пенденің!” деп оның ісін жалғастырсаңдар – ұлыға құрмет, ұлтқа ұран болар еді.



Самал ӘБІЖАНОВА,
Назарбаев университетінің
оқытушысы.
Астана қаласы.

МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар: 1) даяр қалпында жұмсалыу белгісі; 2) мағына тұтастығы; 3) тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмдерге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірімен ашық ажыратыла бермейді. Мәселен, мағына тұтастығы бірінен ап-айқын көрінсе, екіншісінде көмескі, үшіншісінде өте солғындау болып кездеседі.

Мұқағали Мақатаев қолданған фразеологизмдердің біразы халқы қастерлеген ұғымдарға байланысты. «Нені аңсаймын...» деген өлеңінде

«Қуат берген дәмің мен тұзың маған,

Қаймағыңды аңсаймын бұзылмаған» деп қуат алып отырған нәр – дәм мен тұз деп түйіндейді.

«Ұят болды-ау» деген өлеңінде «Туған жердің топырағына тізе бүк» деген жолдар кездеседі.

«Отыз бесінші көктемім» деген өлеңінде

«Хақым жоқ жаман болуға

Мені жақсыдан қалған көз дейді» деп ата-бабасының жолын жалғастырар ұрпақ екенін және жамандықпен жанаспай адамдық қасиетті қадірлеуші екенін білдіреді.

«Мен жолымды берейін, өт, қарағым,

Несін күттің, несіне көп қарадың?

Қор болмассың құлыны текті Ананың,

Жолын алсаң, өзіңдей текті ағаның» деген жолдар («Көшеде») тектілік ұғымын бір шумақ өлеңмен-ақ түсіндіріп тұр.

Ақын өлеңдерінде фольклорлық фразеологизмдер де көп кездеседі:

Мен сені қызғанамын,

Қызғаныштан мұз шайнап, Тұз жаладым.

«Мұз шайнап, тұз жалау» деген сөз тіркесі – сезімге ерекше әсер еткен оқиғадан кейін болатын психологиялық сәт. Қызғанышты осындай халықтық ұғым ғана әсерлі жеткізеді анық.

Мақал-мәтелдерден халықтың сергек ақыл-ойы, тапқырлығы көрінеді. Халықтың мақал-мәтелдері қоғамдық өмірдегі түрлі уақиғаларды, табиғат құбылыстарын, адам баласының тұрмыс жайы, шаруашылық кәсібі, үміт тілегі халықтың өмірі мен іс-әрекеті сияқты алуан түрлі мәселелерді түгел қамтиды. Даналық түйін, қорытындылар болып табылатын, ақын өлеңдерінің бояуын қанықтыра түсетін мақал-мәтелдер аз емес.

«Жоққа жүйрік жетпейді,

Жеткізбейді!

Кім біледі қу көңіл жоқты іздейді» деп өмірдегі жетіспеушілікті даладан қалаға келіп, тиын санап отырған жағдайын жазғаны болар.

«Ата көрген оқ жонар» деуші еді зой.

Байырғы атамыздың салттарында» деген жолдарда әкелі тәрбиесін көрген ұрпақ өнегелі болатынын көрсеткен.

«Сұраушының сүйген асын кім берер» («Несіне өмір сүргенсің»), *«Қалған көңіл – шыққан жан дегендейін, Шынымен енді қайтып жазылмай ма?»* (Еске алу), *«Тонға емес, орамал жолға жарар, Сыр тартуды атамыз ырым еткен»* («Бауыржан Момышұлына»), *«Кебін киген өледі, кебенек киген келеді»* («Қырқыншы жылдардағы бесік

жыры»), т.б. бар.

Мұқағалидың өлеңін оқығанда тілің мен ойың жетпейтін сезім сырларының әсерлі жырлағандығына таңданасың. Шымыр логикаға құрылған, тыңдаушы көкейіне бірден қона кететін, сөз құдіретімен лезде өзіне баурап алатын рухани жыр терең зерттелсе деп ойлаймын.

«Бықсып жанған қоламта емес

Артымызда шоқ қалсын» деген ақын сөзінің сыры терең.

Кейінгі ұрпаққа айтар аманат жүгі ауыр-ақ.



Анаркүл БҰХАРОВА,
Қарағанды облысының
Ұлытау ауданындағы
№7 «Сарысу» орта
мектебінің мұғалімі.

«БҮГІН МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ...»

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын танытып, оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын ояту, ақын рухына тағзым жасап, құрмет көрсету. **Әдісі:** әдеби-сазды қойылым. **Көрнекілігі:** ақын портреті, слайдтар, қанатты сөздер, таңдамалы шығармалар жинағы, ақын туралы лебіздер.

Кеш барысы.

Жүргізуші: - Қайырлы кеш, ұлағатты ұстаздар, қымбатты қонақтар, озық ойлы оқушылар!

«Ақынмын деп мен қалай айта аламын,

Халқымның өзі айтқанын қайталадым.

Күні киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын» деп жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың көпшіліктің махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған «Бүгін менің туған күнім...» атты әдеби-саздық кешімізге қош келдіңіздер.

Кештің бөлімдері:

1. «Поэзия, менімен егіз бе едің?» (өлеңдерін мәнерлеп оқу)
2. «Жазылар естеліктер мен туралы» (ақын жайлы естеліктер оқу)
3. «Ән сал, жаным» (әндерін орындау)
4. «Аққудың қанатына жазылған жыр» (Көрініс: «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан).

«Сырым да осы, жсырым да осы,

Алдыңда.

Байқашы сен,

Бықсыдым ба, жандым ба?

Мақаңдар жоқ,

Мақаңдардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!» деп жарық сәулесін шашқан қазақ поэзиясының шоқ жұлдызы – Мұқағали Мақатаевтың 9 ақпан – туған күні.

Назым «Арыз жазып кетейін» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - Иә, ақын мұңы бізге жетті. Оның тілегін орындау – біздің парызымыз. Поэзияның аламан бәйгесінен оза шауып, шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз.

Ендеше, тақтаға назар аударайық (слайдтарды оқыту).

Осы айтылғандарды ақынның «Менің анкетам» атты өлеңі нақтылай түседі деп ойлаймын.

Назым сұрақ қоюшы,

Есенбек Мұқағали кейпінде болып өлең оқиды.

Жүргізуші: - Мұқағалидың өлеңдері шын шабыттан, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақын «Өткенде ғажап түс көрдім. Шешем Нағиман Батанқызы басында ақ жаулығы бар, Абай атамыздың қасында қуана басып, маған қарай келе жатыр екен. Ояна келсем түсім екен. Анам бақытты болады екен деп, ұзақ толғаныстан соң «Шеше, сен бақыттысың» деген өлең жолдары дүниеге келді» деп айтқан екен.

Назгүл «Шеше, сен бақыттысың» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - Мұқағали поэзиясы мәңгілік, халықтың байлығы, болашақ ұрпақтың еншісі. Халық көңілін сусындатқан ақын өлеңдерінің көпшілігі тіршілік, өмір жайында.

Айзат «Ей, өмір» өлеңін оқиды.

Раушан «Қарасаз» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - «Өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ. Қатарымызда, күнбе-күн қасымызда, эне, ол мұзбалақ қыранша дүр сілкініп, бүкіл залды тебіrentіп, жазық маңдайы жарқырап, жарқылдап жыр оқып тұр».

Әбділда Тәжібаев.

Назым «Поэзия» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - Мұқағали – біздің заманымыздың ғажайып ақыны. Ақынның өзі «Кімде-кім шынымен менің өткен өмірімді білмек, зерттемек болса, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпасын. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін» деген екен.

Назгүл «Өлең деген тумайды жайшылықта» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - Ақын жүрегі сезімтал ғой. Көзі тірісінде «Жазылар естеліктер мен туралы» деп аз ғұмырының мәңгілікпен жалғасатынын дөп басып айтуы – көрегенділік.

Иә, уақыт өткен сайын Мұқағали ақынның тұлғасы дараланып, биіктеп бара жатқаны – ақиқат. Оның поэзиясы – халық байлығы.

Есенбек «Жазылар естеліктер мен туралы» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - Иә, ақынның сонау еленбей жүрген ерте кезінің өзінде ұлы ақындарша дөп басып, дәл болжап өзінің айтқанындай Мұқағалимен дәмдес, тұздас болғандардың ішінде естелік жазбағандары кемде-кем. Енді ақын жайында жазылған естеліктерге құлақ түрелік.

Айзат ақынның көптеген өлеңдеріне ән жазған сазгер, досы Нұрғиса Тілендиевтің, Раушан Фариза Оңғарсынованың, Назым анасы Нағиман Батанқызының, Назгүл жұбайы Лашынның, Есенбек Жұлдыз Мұқағалиұлының естеліктерінен үзінді оқиды.

Жүргізуші: - Мұқағали Мақатаев поэзиясы күншілдерге көктен түскен түскен жасындай болып, көзі ашыққа мәңгі тозбас асылдай болып ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға еш бояуын жоғалтпай көшкені анық. Оның поэзиясы бүгін де әнге айналып көкте қалықтайды.

Мұқағалидың сөзіне жазылған әндер халық жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды.

«Ән сал, жаным,

Әніңмен тербет мені,

Бір сәтке тынсын тірлік жер-көктегі.

Дала ұйысын, дамылдап таулар жатсын,

Таулар жатсын мәңгілік жөргектегі» деп келесі кезекті

ақын өлеңдеріне жазылған әндерге берейік.

Ән: «Сәби болғым келеді» (Назым).

Ән: «Сағындым» (Назгүл).

Ән: «Арулар» (Есенбек).

Жүргізуші: - Ақындықпен айналысқан отыз жыл ішінде ол көзімен көргендерін, ақындық санамен түйсінгендерін қазақтың қара өлең үлгісімен төгілте жазды. Кей-кейде өмірден безініп, ол өзіне сүйеніш, қиналғанда мұңын шағып, тілін ұғатын адам іздейді. Кез келген адам ақын жанын түсіне бермейді. Сондай уақытта Мұқағали Фаризаны тапты.

Ендеше келесі тыңдайтын әндеріңіз «Фаризаға» деп аталады.

Жүргізуші: - Ақын шығармаларының үлкен бір саласы – оның поэмалары. Ең асылы, ең биігі – «Аққулар ұйықтағанда» деп аталатын поэмасы. Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» журналында жарияланды. Поэманы алғаш Ғабит Мүсіреповке оқып бергенде Ғабен Мұқаңа алтын қаламын сыйға тартқан болатын.

Енді осы поэмадан шағын сахналық көріністі тамашалаңыздар.

Қатысушылар: Автор, әке, бала, ана, тәуіп шал, жылқышы, аққу (қыздар).

Жүргізуші: - «Мұқағали дүниеден өткен соң қатты күйзелдім. Жүрегім әлсіреп, екі ай емханада жаттым. Екі айдан соң жұмысқа шықтым. Бешпентімнің қалтасынан хат шықты, Мұқағалидың жазуы: «Аға, мен ғой. Ішім күйіп барады. Не болатынын білмедім. Мынаған көңіл бөліп көріңізші!» депті. Бұл «Есіңе мені алғайсың» әні еді».

Нұрғиса Тілендиев.

Олай болса кезекті осы әнге берейік.

Хор: «Есіңе мені алғайсың».

Жүргізуші: - «Халыққа хат»

Туған халқым!

Қатемді кешір менің,

Сенің арқаң – сескенбей есіргенім.

Егер де жырың болмай, ұрың болсам,

Алақанға саласың несін мені?!

Жоқ!

Менің жүрек емес төсімдегі,

Ол бір от сенің ұлы көшіңдегі.

Өзіңнің жандырғаның, өшіргенің,

Әзірге тастаған жоқ есім мені.

Уа, жұртым!

Кешір мені!

Кешір мені!

(Мұқағали Мақатаев).



Рашида САЛАМАТОВА,
Харькин жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,

Ақжайық ауданы,

«Шабдаржап» ауылы.

«БАРЛЫҒЫ ДА СЕНДЕРДІКІ», «МЕН ТАУЛЫҚПЫН»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – ақпарат көздері арқылы ақынның өмірін, өлеңдерінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, өзгешелігіне көңіл бөлу, ақын шығармаларының идеялық-көркемдік мазмұнын ашу; **дамытушылық** – өлеңді мәнерлеп жатқа оқуға дағдыландыру, оқушыны шығармашылыққа баули отырып, ауызша да, жазбаша да еркін шешен, көркем сөйлеуге үйрету, өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты оқушыны дайындау; **тәрбиелік** – оқушыны болашаққа деген сенімге

баулу, туған жерге, Отанына деген сүйіспеншілігін ояту, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** сыни тұрғыдан ойлау. **Көрнекілігі:** жыр жинағы, үлестірме қағаздар, шиырма, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** география, қазақ тілі.

Күтілетін нәтиже:

1. М.Мақатаевтың өмірі мен өлеңдері туралы толығырақ мәлімет алады;
 2. Ақынның айтайын деген ойын түсінеді;
 3. Ақын шығармалары бойынша өз пікірін, ойын білдіреді;
 4. Өлеңді жатқа оқып дағдыланады;
 5. Отанымызға деген сүйіспеншілігі артады;
 6. Табиғатты сүйуге, оны қорғауға дағдыланады.
- Бағаланады: 1) сюжеттік талдау жасау арқылы; 2) түрлі тапсырмаларды орындау арқылы.

Сабақтың барысы.

I. Қызығушылықты ояту.

Интервью-тест.

1. Мұқағалидың туған күні, жылы:

- А) 1931жыл, 18 наурыз; Ә) 1931 жыл, 9 ақпан;
Б) 1931 жыл, 23 қаңтар.

2. Мұқағалидың әкесінің аты:

- А) Сүлеймен; Ә) Ахмет; Б) Мақатай.

3. Ақынның азан шақырып қойған есімі:

- А) Мұқанғали; Ә) Мұқағали; Б) Мұқаметқали.

4. Ақынның анасы

- А) Зере; Ә) Нағиман; Б) Ұлжан.

5. 2000 жылы Мемлекеттік сыйлықты иеленген

- шығармасы:** А) «Шуағым менің»; Ә) «Аманат»;
Б) «Мавр».

Слайд арқылы ақын өміріне, суреттерге шолу.

II. Мағынаны тану.

1.«Барлығы да сендердікі». Өлеңді мәнерлеп оқу, түсіндіру.

Өлеңнің тақырыбы: Қоғамның болашағы – кейінгі ұрпақ.

Идеясы: Қоғамды гүлдендіру, ұрпағына жақсы із қалдыру.

Бір-екі оқушыға мәнерлетіп оқыттырамын.

«Ой толғау» стратегиясы.

«Мен егер бай болсам, еліме қандай үлес қосар едім...»

2. ББҮ стратегиясы.

Білемін	Білдім	Үйрендім

Өзен, көл, қырат, ойпат, тау деген географиялық ұғым бізге таныс. Біздің мекенде тау жоқ болғанмен, еліміздің оңтүстік, шығыс бөліктерін тау алып жатқанын біз жақсы білеміз. Ендеше қандай тауларды білеміз? (Алатау, Тарбағатай, Алтай, т.б.)

Заңғар таулар, шалқыған көлдер, сұлуша бұратылған өзендер қай заманда да ақын назарынан тыс қалмаған. Мұқағалидың тауға қатысты бір шоғыр өлеңдері бар: «Хантәңірі», «Жігіттер, демалайық тауға барып», «Біздің таулар кемедей шұбатылған», «Таудай болғым келеді», «Тауда өстім», «Ілініп түн тұр тауларға», «Тау бір – аңыз», «Түсіме тау кіреді», «Ығысындар, ей таулар, ығысындар», «Мен таулықпын», т.б. (ББҮ кестесінің «Білдім» торкөзін толтырып, дәптерге жаздырту).

Осындай керемет суретті, сыршыл, әсерлі, ойлы өлеңдердің бірі – «Мен таулықпын».


Өлеңді мәнерлеп оқу, түсіндіру.

Тақырыбы: Адамның туған мекені жайында.

Идеясы: Туған жерге деген сүйіспеншілік және ол туралы мақтаныш сезімі. Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, сол табиғатқа деген өзінің қатынасын білдіреді.

Бірде еркелеп, бірде еркіндеп, табиғатқа поэзиялық құштарлықпен қарап, оған деген шексіз сүйіспеншілігін, ынтықтығын сездіреді.

«Топтастыру» стратегиясы.



Ендеше, ББҮ кестесінің «Үйрендім» торкөзін толтырайық.

«Екі жақты түсініктеме күнделігі»

Өлең ішіндегі бейнелі сөздерді табу және мағынасын ашу.

Бейнелі сөз	Мағынасын тап

III. Толғаныс.

1. Сезімнен шыққан ойлар («Галерея» стратегиясы)

Тірек сөздерді қатыстырып, «Өлеңнен кейінгі ой» тақырыбында мәтін құрау.

Тірек сөздер: *Туған өлке, таулы, Қазақстан Республикасы, кең, халық, ыстық, Отан, болашақ, ұланымын елімнің, ақын.*

Оқушылардың жазған жұмыстарын оқытып талдау.

- Өздерің жазып отырғандай, Қазақстан Республикасы – біздің Отанымыз, еліміз. Ақын атамыз өз елінің өсіп еркіндік алуын аңсаған еді, бірақ көре алмай кетті.

2. 5 жолды өлең («Инсерт» әдісі).

1. Зат есім. Мұқағали кім? Ақын. 2. Сын есім. Қандай ақын? Сыршыл, лирик. 3. Етістік. Жырлайды, сырласады, шабыттанады. 4. Сөйлем. Ақын өз халқын сүйеді. 5. Синоним. Шайыр.

«Тауды көргім келеді» (шығарма не өлең жазу).

Гүлбану ҚОРАБАЕВА,
«Бердібек Соқпақбаев атындағы
орта мектеп, мектепке дейінгі
шағын орталығымен» мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы.

ШКІРТАЛАС МӘДЕНИЕТІ. КҮНІКЕЙ БЕЙНЕСІНЕ ТАЛДАУ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) пікірталас мәдениетін меңгерту, теориялық білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету; ә) ойлау қабілеті мен тіл байлығын дамыту, өз көзқарастарын ашық та жүйелі жеткізе білуге, өз пікірін қорғай білуге дағдыландыру; б) шешендік өнерге баулу.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, ойталқы, дәлелдеу, пікірталас, талдау.

Сабақ барысы.

Пікірталас мәдениеті, оның түрлері туралы өз білімімізді бақылау мақсатында Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесі бойынша Күнікей бейнесіне талдау жасай отырып, «Күнікей жазықты ма?» тақырыбында пікірталас сабағын өткіземіз.

Күнікейдің жалғыз қалып, төсек тартып жатуы былай былай баяндалады.

*...Қарлығаш екеш қарлығаш адамзатқа қайырылғыш,
бірін-бірі сыйлағыш. Адамзатқа не болды Күнікейден
безгендей, Күнікей мәңгі өлгендей?*

Ауыл-аймақ, абысын, не жақыны-алысы, не тамыры, танысы, не алған серігі, жеті жылғы жолдасы – бәрі бірдей безгендей Күнікей сонша не жазды?

Күнікейдің жалғыз қалуына Күнікей өзі жазықты ма?

Жақтаушы топ **Дағтаушы топ**

Күнікей жазықсыз. Күнікей жазықты.

Себебін түсіндіру.

1-оқушы: - Күнікей жазықты.

Қыз баланы ізетті, инабатты, ісіне көркі сай шебер етіп тәрбиелеу, сыйлау – халқымыздың қанына сіңген қасиет. Күнікейдің анасы Шекер өзі кедей тұрса да қызына киімнің сәндісін кидіріп, әшекей бұйымның жақсысын тақтырып, ешкімнен кем қылмай өсірді емес пе? «Қызға – қырық үйден тыйым» деген халық даналық тұжырымын естен шығармай, қыз бала тәрбиесін ерекше назарда ұстады. Сөйткен Күнікей үмітті ақтамады.

Күнікейдің жалғыз қалуына өзі кінәлі, өзі жазықты. Бір кездерде Күнікей уыздай жас болды. Мөлдіреген қара көзімен, бұрымды ұзын шашымен, табиғат сыйлаған сұлулығымен талайды тамсандырды емес пе? Әкесі Құлтума, анасы Шекер байдың малын бағып күң болғанымен Күнікейге барын беріп өсірді. Күнікейдің кедейшілікті кем санамай өжет болып өсуі – анасының аялы алақанында өмір сүргендігі. Анасы Шекер байдың қызы Шәмшидің етігіндей етікті де тіктіріп берді. Күнікей ата-анасының осы еңбегін еш кетірді. Өзін айттырған етікші Тұяқты тастап, Байман деген жігітке жар болды. Отбасында балалы болмағаннан кейін сүйгені Байман Күнікейді тастап, малын беріп жаңа әйел алмақшы. Міне, осы қасіреттен кейін Күнікей сары уайымнан төсек тартып жатыр. Енді оны Тұяқ та алмайды. Күнікей Тұяқты жер етіп тастап кетті. Шекер қызын Тұяққа берерде қызының бақыты мен абыройын ойлап қаншама дайындық етті. Ауыл бозбалалары Құлтуманың үйіне лық толды. Құда түсу, салт-

дәстүрі ырымы жасалды. Алайда «Бата бұзған бірқадар таппайды, ата-ананың қарғысына ұшыраған қыз оңбайды» демекші, Күнікей де – ата-ана қарғысына ұшыраған қыз. Күнікей жазықты.

2-оқушы: - Күнікей жазықсыз.

Күнікейдің өмірі әлеуметтік теңсіздікке тап келген қазақ қыздарының басындағы ауыртпалығы көп, қиын кезең еді. Адам бақыты – жаны қалаған адаммен бірге болу. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінде Шұға сүйгені Әбдірахманға қосыла алмай құса болып, ақыры ғашықтық дерттен көз жұмды. Ал Күнікей болса ерлік көрсетті. Өзінің махаббаты үшін күресті. Адал махаббатты ту етіп көтерді. Ең бастысы – Күнікей жұпыны кедей отбасында тұрмыс кешсе де еті тірі, пысық болып өседі. Оның көш кезінде байдың қызы Шәмшидің тобында қатар жүріп, жарыста бай қызынан озып кетуі, өз көңілін бай қызына бермейтінін көрсетеді. Аттың құлағында ойнап, аттың басын жіберіп шапқанда ат тізгінін ұстаған жігіттерге де жеткізбеуші еді. Көңілін бай қызына бастырғысы келмейтін, кейде одан артық екенін де сездіргісі келетін, одан жасқанбайтын Күнікей – өжет. Тұяқты тастап сүйгені Байманмен қашуы да – оның өжеттігі мен дара тұрмысы. Күнікей бала кезінен жігерлі де намысқой болып өсті. Байманға бір көргеннен ессіз ғашық болды. Отырса, тұрса Байманның іс-әрекеттері көз алдында тұрды. Байман да Күнікейді сүйгендігін айтып өзіне баурады. Күнікейдің анасы Шекер Күнікейдің Тұяқты ұнатпайтынын білді. Анасы қызының басына теңдік бермеді. Күнікей жүрегін тыңдады. Оның жүрегі Байман деп соқты. Байман да ойын-сауықтың дүлдүлі еді. Қандай бәйге болмасын бас бәйге Баймандікі болатын. Күнікей бай баласы да емес, етікші Тұяқ та емес, пәк сезімін Байманға арнаған болатын. Сондықтан Күнікей жазықсыз.

3-оқушы: - Күнікей жазықты.

Тұяқ та – ер жігіт. Күнікей Тұяқтай ер жігіттің қадірін бағаламады. Өзінің әдемілігіне бола өзін өзгелерден жоғары санайды. Оның тәкаппарлығын мына жерден байқаймыз. Ордабайдың қызы Шәмшидің күйеуін басы таз екенін айтып сынап, кекетіп мінейді. «Еркектің түрі не керек? Ақылды, өнерлі болса, асырап сақтауға жараса, тұз еңбегі жарасса» деген анасының сөзін жақтырмай, «Доғарыңыз енді» деп түсін бұзған еді. Тұяқ – мұрны кертеш, бейнесіз кедей жігіт болғанымен, өнер иесі. Тұяқтың өнеріне ауыл жұрты болып тамсанды. Тұяқ әр шегені Күнікейдің қалың малы үшін деп қақты. Сөйтіп жүріп Күнікейдің қалың малын өтеп берді. Ал Күнікей Тұяқты кемсінді. Әдемілікті ғана іздеді. «Қолынан іс келетін жігіт, сені бағып қағады» деген ата-ана сөзін елең қылмады. «Көріп алған көріктіден көрмей алған текті артық» деген дана халқымыз. Күнікей Тұяқтың сырт келбетіне емес, ішкі жан дүниесіне үңілу керек еді. Күнікей жас күніндегі өжеттікті Байманмен отбасын құрғаннан кейін көрсете алмады. Махаббаттың алдында дәрменсіз болды. Қиындықпен қарысып күреспеді. Тіпті, өзгенің баласын бауырына басып неге тірлік етпеске? «Байман мені тастады» деп сары уайымға салынды.

4-оқушы: - Адамның мәдениеті мен тәрбие деңгейі оның сыртқы бейнесінен көрінеді. Күнікейдің сыртқы бейнесі мен ішкі жан дүниесі – таза. «Жаным – арымның садағасы» деп арын сақтаған қыз. Күнікейдің сұлулығына қызығып, ауыл балалары, әсіресе, отбасын құрып жасы егде тартқан Қасым сияқты бай балалары кедей қызын басынып, үстемдік көрсетіп, қыз тағдырын тәлкек еткісі келеді. Тіпті, өзінің туысы Бәден жеңгей де үйлі-баранды Мәжікен деген үлкен жігіттің уысына салып бермек болады. Күнікейдің кеудесінде ыза, кек оянады. Қастық жасамақ болған бай баласы Қасымның бетін тырнап, алысып, ер жігітке бергісіз

қайсарлық танытып, өзін қорғады. «Бізді зарлатсаң құдай сені зарлатсын» деп анасы екеуінің жылап-сықтап көз жасын төккенінен басқа бай балаларына қарсы тұрар қандай шара бар? Күнікейдің осы ортадан таза, өзінің басын, адалдықтарын қорғап шығып Байманға қосылуы, онымен ұзатылған жерінен қашып кетуі – қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісі.

Ар-намысын аяққа таптатпай, жігерлік танытқандықтан Күнікей – жазықсыз.



Күләш МҮРСӘЛІМОВА,
«Тайпақ» жалпы орта білім беретін
мектебінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
«Қарауылтөбе» ауылы.

СҰЛТАНМАХМҰТ ПЕН **«МЕН – ҚАЗАҚ»**

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстыру, өлеңнің мазмұны мен идеясын ашу, мәнерлеп оқуға қызығушылығын арттыру; **дамытушылық** – әр оқушының ой-пікірін еркін жеткізуіне ерік беру, шығармашылық жұмысқа жұмылдыру арқылы таным-түсініктерін дамыту, өлеңді талдау; **тәрбиелік** – өлең сипатын ұғына отырып бағалай білуге, өз беттерімен өлең құрастыра алуға үйрету.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілік:** Сұлтанмахмұт суреті, кітаптары. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау, бекіту.

Абай. «Әсемпаз болма, әрнеге».

а) Ақын бұл өлеңде жастарды өнер-білімге шақыра отырып, оларды қандай адамгершілік асыл мінездерге үндейді? ә) «Бастапқы екеу соңғысыз біте қалса қазаққа» дегенде ақын нені меңзеп отыр деп ойлайсыздар? б) Осы өлеңнен ақынның нақылға, қанатты сөздерге айналып кеткен өлең жолдарын табындар.

III. Жаңа сабақ. Мақсатын айту. Сабақтың барысын түсіндіру үшін тірек-сызба көрсетіледі (1-слайд)



Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақыны. Ол халық көзін ашуды,

заманмен аяқты тең басуды, ақиқат үшін күрескер болуды мақсат етті. Ол халықтың ой-тілегін білдіруші, сондықтан оның бойында өршілдік басым.

Ел-жұртын, халқын қалтқысыз сүйе отырып, ол еліне қорған болар адам болуды, азамат болуды бәрінен жоғары қояды.

Ақынның «Мен – қазақ» өлеңінің лирикалық қаһарманы – ақынның өзі. Ақын өз атынан сөйлей отырып, сол дәуірдегі ұрпақтың мұрат-мақсатын, арман-аңсарын, сезім күйін жырға қосады.

(«Мен – қазақ» өлеңін мәнерлеп оқу. Үнтаспадан тыңдатамын).

Оқушылар оқулықтың 86-бетіндегі сұрақтарға жауап айтады.

Мұғалімнің көмегімен өлең құрылысына талдау (2-слайд):


1. Өлеңде неше шумақ бар? 2. Әр шумақта неше тармақ бар? 3. Шумақтағы әр тармақта неше бунақ бар? 4. Әр тармақта неше буын бар?

Сөздікпен жұмыс (3-слайд):

Қоныс қылдым – мекен еттім, тұрдым. *Ен далада* – кең, жазық далада. *Лықа байып* – жаныма керектің бәрі де бар. *Тәжім еткен* – ізет көрсеткен.

IV. Шығармашылық жұмыс.

I топ. «Мен – қазақ» тақырыбына сөзжұмбақ шешу.



1. Кім болуды көздейді? (Адам).
2. Қоныс сөзінің баламасы (мекен).
3. «Шеше» (ана).
4. Ақынның жастарды шақырған тақырыптарының бірі (оқу).
5. Өлеңнің басты кейіпкері (қазақ).
6. Ақынның «көңіл-күйін» білдіретін сөз (сезім).
7. Ақын жастарды кім болуға шақырады? (азамат).
8. Ақын қандай даланы жырға қосқан? (жазық).

II топ. «5 жолды өлең» стратегиясы.

I	II	III
1. Есімдік	Зат есім	1. Мен – қазақ.
2. Зат есім	Сын есім	2. Тау тұлғалы.
3. Сын есім	Зат есім	3. Жомарт жан.
4. Зат есім	Сын есім	4. Күн дидарлы.
5. Зат есім	Сын есім	5. Арманы асқаралы.

V. Қорытындылау.

1) Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерінің тақырыптары.

2) «Мен – қазақ» өлеңіндегі лирикалық қаһарман кім?

3) Өлең жас ұрпақ бойында қандай сезім қалыптастырады?

VI. Үйге тапсырма:

а) өлеңді мәнерлеп оқу, жаттау;

ә) «Мен қазақпын – биікпін, байтақ елмін» тақырыбына ойтолғау жазу.

ШЫЛАУ СӨЗДЕР

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың білім, дағды машықтарын жинақтау, шылау сөздерден алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан тексеру, кеңейту, жүйеге келтіру; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетінше жұмыс қабілетін, шығармашылық ізденісін дамыту, шылау сөздердің сырын білуге ынта-құштарлығын ояту; **тәрбиелік** – елжандылыққа, тапқырлық пен жылдамдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа тақырыпты пысықтау. **Әдіс-тәсілі:** оқытудың үшөлшемді жүйесі. **Оқыту формасы:** Жауынбай Қараев технологиясы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеу, сабақтың мақсатымен қысқаша таныстырып өту.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Тұйығым – Жерұйығым» (шығармашылық тапсырма).

Оқушылардың туған жер туралы жазған эссе, аңыз-өлеңіме, шығарма, салған пейзаждары мен жазған өлеңдерін талдау, марапаттау, кемшіліктерді түзету.

III. Деңгейлік тапсырмалар беру.

1. «Біліміңді байқап көр» (оқушылық деңгей).

Лездеме. 10 сұрақтан тұратын тест таратып, шаблондық тәсілмен тексеру.

«Кім жылдам?». Әр оқушыға үлестірмелі қағаздар таратылып беріледі.

Адасқан сөздерді орынына қойып, сөйлем құрастыру.
Шылаудың астын сызу.

Мысалы: Мен алдым де қарындаш түрлі түсті.

(Мен де түрлі түсті қарындаш алдым).

Оқулықпен жұмыс. 327-жаттығу

«Шешімін тап» (алгоритмдік деңгей).

2. «Жалғау ма, шылау ма?» ойыны. Шылау қатысқан сөйлемді дұрыс табу.

Мысалы: *Айдар да бәйтеректің суретін салды. Айдарда бәйтеректің суреті бар.*

«Тапқырлар талғамы». Тақтаға әр түрлі формадағы қызылды-жасылды парақшалар ілінеді, оқушылар таңдаған парақшаны алып, сондағы берілген шылауларды қатыстырып сөйлем құрастырады.

Мысалы: Мектепке дейін 15 минут жол жүрдік. / *дейін* – септеулік шылау/

«Ойланайық». Берілген жұмбақты шешу, шылауларға талдау жасау.

Оңға қарай оқысаң да бір халық,

Солға қарай оқысаң да бір халық.

Сергіту сәті.

«Жылы лебіз» ойыны. Оқушылар сағат тілінің бағытымен бір-біріне ізгі тілектерін бір ауыз сөзбен білдіреді. Мысалы, «Адал бол», «Білімнің шыңына жет», «Сенің күлкің әдемі», т.б.

3. «Ойлан» (эвристикалық деңгей).

«Кім шебер?» ойыны.

Шылаудан алған білімдерін жинақтау, қорыту.

Тірек-сызба, кесте, т.б. тәсілдерді пайдалану.

Грамматикалық сипаттарына қарай шылау үшке бөлінеді:

Жалғаулықтар

Септеуліктер

Демеуліктер

4.«Талаптан» (шығармашылық деңгей).

Кубизм стратегиясы

Шығарма жазу

Өлең жазу

Сурет салу

**Менің
болашағым**

Досына хат жазу

Макет жасау

Сөзжұмбақ, ребус
құрастыру

IV. Бағалау кезеңі. Оқушының өзін-өзі бағалауы.



Тұрсын ШҮКІРБЕК,
Астана қаласындағы
№63 орта мектептің
мұғалімі.

«КӨКСЕРЕК» ӘНГІМЕСІНІҢ ӘЛЕМІ

Сабақтың мақсаты: 1) әңгіме мазмұнын меңгерту, ондағы берілген өзекті ойға, идеясына мән бергізе отырып талдау, анықтау; 2) шығармашылық қабілеттерін дамыту, аң мен адам арасындағы тартысын суреттеуі арқылы тіршілік

үшін күрестің мәнін ашқыза отырып, ізденімпаздыққа баулу, өз ойларын, пікірлерін қорғай білуге дағдыландыру; 3) қоршаған ортаны сүйюге, оны қорғауға баулу, оқушылар бойында адамгершілікке, табиғатқа деген сүйспеншіліктерін ояту, қалыптастыру.

Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, пікірлесу, топтастыру, жоба жасау, кейіпкерге хат. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, презентация, кинофильмнен үзінді көрсету, тірек-сызбалар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: а) кезекші арқылы еске түсіру; ә) құрал-жабдықтарын тексеру; б) сабаққа назарларын аудару.

II. «Білемін» бөлімі (қорытындылау).

Алдын ала берілген шығармашылық тапсырма бойынша бір немесе екі оқушы өзінің жинақтаған тың мәліметтерін презентация арқылы қорғайды, талқылайды. (3 мин)



III. «Зерттей аламын» бөлімі. Жаңа тақырыпқа ену.

Оқушыларға әңгіме бойынша сұрақтар бере отырып, өз беттерінше ойларын ортаға салу арқылы талдау жасату, пікір алысу. Сұрақтарға жауап бергіздіре отырып әңгіменің негізгі идеясын, өзекті ойын анықтату. Әр жоба, сызба талқыланып қорытындыланады.

Ой қозғау.

«Көксерек» фильмінен Көксеректің ауылға келгендегі іс-әрекеттерін көрсете отырып талқылау, оның дала тағысы екендігіне көз жеткіздіру, ой қорытындылату.

Дала тағылары мен адамдар іс-әрекетіндегі ұқсастық неде? (Оқушыларға плакат беріледі, олар өздерінің ойын сызба арқылы көрсетеді, дәлелдейді).

Көксеректің жойқын дүлей күшке айналу себебі не? (Плакатқа өздерінің ойын сызба түрінде түсіріп қорғайды).

Құрмаштың қайғылы тағдырына кім кінәлі? (Сызба арқылы жоба жасайды).

IV. «Білгім келеді» бөлімі.

Балалар өздерінің талқылаған, дәлелдеген жауаптары бойынша мұғалім көмегімен ой тұжырымдайды, түйіндейді.

Жазушы жалпы табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесі өте күрделі дүние екендігі туралы айтқысы келеді. Табиғат пен адам арасындағы байланыс қандай болуы керек? Екеуінің арасында үндестік, үйлесім, өз заңдылығы болуы керек екен. Ол заңдылық еш уақытта бұзылмауға, сақталуға тиісті! Егер бұл заңдылық сақталмаса, оның жақсылыққа апармасын жазушы ескертеді.

Оқушылар оқулықтан жазушы ойын нақты, айқын жеткізе білген үзінділерді тауып оқиды.

Қасқырлар әлемі.

Көксерек – дала тағысы.

Көксерек және Құрмаш.

Құрмаштың өлімі.

Қорытынды. Енді сабағымыздың соңғы бөліміне келдік. Жазушымен, оның шығармасымен таныстық, талдадық, баға бердік. Ал сонда бұдан қандай әсер алдық?

(Оқушылар өз ойларын «Кейіпкерге хат» арқылы жазбаша түрде береді).

V. Үйге тапсырмалар:

Жазушы бүкіл адамзат баласы үшін маңызды мәселені көтеріп отыр. Бұл тақырыпқа әлем әдебиетінің ең көрнекті өкілдері де қалам тартқан. Олар: Джек Лондон, Шыңғыс Айтматов.

а) Аталмыш жазушылардың шығармаларын оқу, «Көксерек» әңгімесімен салыстыра талдау (Төрт оқушыға беріледі). ә) «Көксерек – дала тағысы» тақырыбында шығарма жазып келу. б) Сәбит Мұқанов өмірі мен шығармашылығына қосымша мәліметтер жинап келу.



Гүлмира НҰРАХМЕТОВА,
«Бірлік» негізгі орта мектебі мектепке
дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Сарқан ауданы,
«Бірлік» ауылы.

СӨЗ ТІРКЕСІНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(7-сынып)

Мақсаты: *білімділік* – оқушылардың сөз тіркесі, оның түрлерінен алған білімдерін пысықтау, оқыған материалдарын

жинақтау; дамытушылық – ойлау қабілеттерін, өздігінен іздену дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; *тәрбиелік* – оқушыларды еңбекті сүйеге баулу.

Типі: қайталау. **Түрі:** ойын сабақ. **Әдісі:** «Бинго» ойыны, бейнетаспа, тест, электронды оқулықпен жұмыс. **Көрнекілігі:** электронды оқулық, «Бинго» билеттері, шарлары, плакат, тапсырма қағаздары. **Пәнаралық байланыс:** геометрия, әдебиет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Білімді жан-жақты тексеру.

«Мизга шабуыл» стратегиясы (топпен жұмыс).

I топ: сөз тіркесі, оның түрлері (топтастыру стратегиясы арқылы қорғайды).

II топ: күрделі сөз бен тұрақты тіркестерді салыстыру.

Электронды оқулықпен жұмыс.

1-бөлім. Модул №2. Жаттығу жұмыстары

Түсінігін тексеру.

“Бинго” ойыны. Оқушыларға бинго билеттері үлестіріліп беріледі. Билет нөміріне сәйкес тапсырма қағаздары да беріледі. Тапсырма жауаптарын “Бинго” билетіндегі шеңберлерге жазады.

Тапсырма қағазы.

C-006.

1.... сыңар сөз тіркесін жасауға тірек болады.

2.Мына тіркестердің түрін ажырат.

Қызық кітап, қоңыр сиыр, маған жиен.

3.Сөз тіркесі неше сыңардан тұрады?

4.Берілген тіркестердің түрін ажырат.

Жалықпай түсіндіру, тырс-тырс таму, ол айтты, ауылға кету.


басынқы

етісті
тіркес


екі

есімді
тіркес

Тапсырма қағазының жауаптары бинго шарлары арқылы тексеріледі.



Графикалық диктант.



Сабақты бекіту.

Шығармашылық жұмыс. а) “Еңбексіз адам бақытты өмір сүре алмайды” тақырыбына шағын мәтін құрау. ә) Мәтіндегі бір сөйлемнің сөз тіркесін табу, түрін ажырату.

Дарынды оқушымен жұмыс. Шығармашылық жұмысындағы бір сөз тіркесіне сатылай кешенді талдау жүргізу.

Электронды оқулықтағы тест жұмысымен сабақты бекіту.

Үйге тапсырма. Тұрақты тіркестерге айналып кеткен қазақ халқының байырғы халықтық өлшем атауларын табу, мағынасын ашу.

Қозы көш жер – ...

Бағалау. *Технологиялық карта арқылы бағалау*

№	Оқушының аты-жөні	Топпен жұмыс	«Бинго» ойыны	Графикалық диктант	Шығармашылық жұмыс	Тест
---	-------------------	--------------	---------------	--------------------	--------------------	------



Махаббат БАЗАРБАЕВА,
Қарағанды қаласындағы
№54 жалпы орта білім беру
мектебінің мұғалімі.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ

(Блум таксономиясы арқылы талдау)

I. Білім

1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры халық ауыз әдебиетінің інжу-маржаны, бүкіл түрік дүниесінің асыл қазынасы екендігін оқушы санасына жеткізу, жырдың көркемдік ерекшелігінің қыр-сырын ұқтыру, поэтикалық суреттеу құралдарын тани білуге үйрету.

2. Кейіпкер тағдырына түрлі көзқарас пікірін қалыптастыру

3. Адами сезімді қастерлеу, сүйіспеншілік, адалдық сияқты қасиеттерді құрметтей отырып, ішкі рухани тазалыққа үндеу.

II. Түсіну

1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қандай жырға жатады?

2. Лиро-эпос жырларының батырлар жырынан қандай айырмашылығы бар?

3. Жырда ауыз әдебиеті үлгілерінің қандай түрлері кездеседі?

4. Жырдың негізгі кейіпкерлерін ата .

III. Қолдану

1. Жырдағы кейіпкерлер моделін жаса.

Кейіпкер	Іс-әрекет, үзінділер	Қандай мінездің адамы?

2. Жырда кездесетін ұлттық салт-дәстүр түрлерін анықтау.

Салт-дәстүр түрлері	Жырдан мысал, үзінді
Аңшылық Құдалық, атастыру Сүйінші сұрау Естірту, көңіл айту Қоштасу Баға беру Сәлемдеме Жар-жар	

IV. Талдау

1. Жырға сюжеттік жоспар құра.

1) Аңдағы кездесу

2) -----


- 3) -----
 4) -----
 5) -----

2. Жырдың көркемдік ерекшелігін талдау.

Жырдың көркем тілі	Мысалдар
Халық тілі Поэтикалық тіл а) теңеу ә) эпитет б) метафора в) әсірелеу г) аллитерация д) ассонанс е) шешендік оралым	

V. Жинақтау.

1. Жырға сүйене отырып Қозы мен Қодар бейнесінің салыстырмалы моделін жаса.



2. Салыстыру жұмысы.

Шығарма тақырыбы	Ерекшелігі	Үндестік
1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры 2. Ғабит Мүсірепов. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы		

VI. Бағалау

1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры – қазақ ауыз әдебиетінің құнды інжу-маржаны» (шығарма жазу).

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.02.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5070.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Према» ЖШС.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2013 ж., 144 бет, Алматы.